



Sultangazin University

ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAGÝ
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİ
QOSTANAI OBLYSY ÁKİMDİGİNİŇ BİLİM BASQARMASY
QOSTANAI q. «PEDAGOGİKALYQ SHEBERLİK ORTALYĠY» FİLİALY



ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAGÝ
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİNİŇ
80 JYLDYĠYNA ARNALĠAN ALTYN SARIN OQÝLARY
**«Bilim berý praktikasy sapasyn
joġarylatýdyň ózekti máseleleri»**
atty halyqaralyq ġylymı-praktikalyq konferensiasynýň

MATERIALDARY

II KITAP



II КНИГА

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ К 80 ЛЕТИЮ
КОСТАНАЙСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА

**«Актуальные проблемы повышения
качества образовательной практики»**

Qostanaı q., 2019 j.
г.Костанай 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

Б 94

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Медетов Нурлан Амирович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, физика-математикалық ғылымдар докторы;
- **Мусабекова Гульвира Айдархановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ахметов Тлеген Альмуханович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халық аралық қатынастар институтының профессоры (Ресей, Москва қ.);
- **Бектурганова Римма Чингисовна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Оспанов Серикбай**, филология ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин орталығының маманы;
- **Айнализева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Калиев Дастан Дуйсенұлы** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры.

Б 94 БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ САПАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ =АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ. – Қостанай, 2019. - 370 б.

ISBN 978-601-7934-67-5

«Білім беру практикасының сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Алтынсарин оқуларының Халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции «Алтынсаринские чтения «Актуальные проблемы повышения качества образовательной практики».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники обсудили актуальные проблемы повышения качества образовательного процесса, модернизации образования.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, научных сотрудников.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

ISBN 978-601-7934-67-5

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

ОПЫТ ПРИМЕНЕНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ И МЕТОДОВ В ПРАКТИКЕ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

БІЛІМДІ МЕНГЕРТУ МЕН ҚОРЫТЫНДЫЛАУДА КАНОТ ҚОСЫМШАСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Абдухалимов Досбол Кенжебекович,
Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
Сұлукөл орта мектебінің
география пәні мұғалімі

Аннотация

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауындағы ең маңызды басымдықтарының бірі экономиканы технологиялық жаңғыртуды жеделдету болып табылады: «Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкінг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек». Қорыта келгенде білім беру процесіне осындай заманауи технологияларды енгізу нәтижелі болып табылады. Кахут сияқты жүйелерді педагогикалық қызметте оңтайлы қолдану «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыруда педагогикалық қауымның аз да болса маңызды қадамдарының бірі. Заманауи білім беру машықтануында инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану тәжірибесінде кахут интернет қосымшасы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Сабақ барысына, оқушылардың білімін оңтайлы әрі уақытты үнемдеп тексеретін, интернет технологияларын еңгізу арқылы білім беру кезеңін қызықты әрі сапалы етіп құрастыру.

Аннотация

Одним из важнейших приоритетов Послания Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» является ускорение технологической модернизации экономики: «мы должны развивать новые индустрии, создаваемые с использованием цифровых технологий. Это важная комплексная задача. В стране необходимо развивать такие перспективные сферы, как 3D-принтинг, онлайн-торговля, мобильный банкінг, цифровое обслуживание, используемые в здравоохранении, образовании и другие». В итоге внедрение в образовательный процесс таких современных технологий является результативным. Оптимальное использование в педагогической деятельности таких систем, как Кахут, является одним из немаловажных шагов педагогической общественности в реализации программы «Цифровой Казахстан». Одним из актуальных вопросов в практике применения инновационных технологий и методов в современных образовательных стажировках является интернет-приложение кахут.

Оптимальный и экономный контроль знаний учащихся на уроках при разработке качественного и интересного этапа обучения посредством внедрения интернет технологий.

Abstract

One of the most important priorities of the address Of the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev "the Third modernization of Kazakhstan: global competitiveness" is to accelerate the technological modernization of the economy: "we must develop new industries created using digital technologies. This is an important complex task. The country needs to develop such promising areas as 3D printing, online trading, mobile banking, digital services used in health care, education and others." As a result, the introduction of such modern technologies in the educational process is effective. Optimal use of such systems as Kahut in pedagogical activity is one of the important steps of the pedagogical community in the implementation of the program "Digital Kazakhstan". One of the important issues in

the application of innovative technologies and methods in modern educational internships is the online application kahoot.

Optimal and economical control of students ' knowledge in the classroom in the development of high-quality and interesting stage of learning through the introduction of Internet technologies.

Түйінді сөздер: *IT-технология, қажат қосымшасы, цифрлі Қазақстан, Коллаборатив.*

Ключевые слова: *IT-технология, приложение қажат, цифровой Казахстан, Коллаборатив.*

Keywords: *IT-technology, kahoot osimani, cifrl Kazakhstan, Collaborativ*

Қазіргі уақытта жаңа ақпараттық технологиялардың енуі Қазақстанның еуропалық оқыту жүйесінің кеңістігіне қадам басуына, сонымен қатар білім жүйесінің жаппай модернизациялануы оқушыларға білім беру және оларды бағалау жүйесін түбінен қайта қарауды талап етуде. Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде кең масштабты модернизация үрдісі жүзеге асырылуда: оқытудың жаңа мазмұны мен формасы ізделуде, интерактивтілік принциптерінің орындалуын қамтамасыз ететін жаңа білім беру технологияларын құруда, жеке басқа бағдарланған әдістерді кеңінен қолдануда – қашықтықтан оқыту, жобаларды және жағдайларды талдау әдістері, тестілеу жүйесі және білімді рейтингтік бақылау.

2017 жылы 31 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауындағы ең маңызды басымдықтарының бірі экономиканы технологиялық жаңғыртуды жеделдету болып табылады: «Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек»

Елбасының Жолдауында IT-технологиялардың дамуына, білікті де білімді IT-мамандар санының артуына көңіл бөлінген. Кез келген жаңашылдық өз нәтижесін тәжірибеде көрсетеді. «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыру үшін біздің ұстаздарымыз, мектеп қабырғасындағы оқушылар ақпараттық технологияларды қолдануда, бағдарламалық жасақтамаларды пайдалануда қажетті білімдері болу қажет. Мектеп, жоғары оқу орындары қызметтерінде көптеген ақпараттық технологиялар тәжірибеден өтіп, олардың басымдықтары мен кемшіліктері анықталып, қолдану тиімділігі, қолдану аясы артып жатыр. Қазіргі уақытта түрлі АҚТ құрылғыларының мүмкіндіктері жоғары және жылдам жаңарып, өзгеріп отырады.

Сондықтан білім берудегі заманауи Web технологияларды қолдану дәстүрлі сабақты жандандырып, оған өзгешелік енгізуге мүмкіндік береді, пәнге деген оқушылардың қызығушылығын арттырып, нәтижесінде оқыту сапасын арттырады. Сабақтарды мәнді және қызықты өткізу барысында педагогке түрлі әдіс-тәсілдер мен АҚТ-құралдарына талдау жүргізіп, жинақтауға, тәжірибеден өткізуге тура келеді.

Аталған жаңа енгізулердің ішіндегі қазіргі кезде ерекше аталатыны тестілеу жүйесі – бұл оқыту үрдісіндегі жаңа сапалы деңгей. Оқу материалдарды меңгеруін бақылауы әртүрлі тестілеу бағдарламалардың көмегімен жүргізіледі. Бұл білімді ақпараттандыру бағытының негізі болып табылады. Білім беруде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолданудың норма ретінде болуы және оның келешекте білім беру жүйесінде дамуы – ақпараттандыру деңгейінің жоғарлығына байланысты. Ескеретін жағдай, соңғы жылдары білім тәжірибесінде дәстүрлі тесттер (стандарттандырылған тесттер жиынтығы) бірте-бірте аса тиімді онлайн тестілеу формасына алмастырылуда. Осыған орай онлайн тест құруға арналған жаңа бағдарламаның бірі Kahoot қосымшасы болып табылады. Бұл бағдарлама қазіргі кезде жиі қолданысқа енгізілуде. Kahoot қосымшасы арқылы оқушылардың, студенттердің

білім деңгейін оперативтексеруге болады. Бұл интернет желісі арқылы жүзеге асады. (1-ші қосымшада көрсетілген. Kahoot.it сайты)

Kahoot қосымшасы оқу жылындағы барлық материалдарды толық қамтып, білімді меңгертуге арналған тест сұрақтарын құруға мүмкіндік береді. Оқушылармен тығыз қарым - қатынас орнатуға, сонымен жаңа материалды тереңдете түсу үшін Kahoot қосымшасын кең көлемде қолдануға болады. Kahoot класста немесе аудиторияда қолдануға негізделген, яғни оқытушы тестті негізгі экран бетіне шығару арқылы, ал оқушылар сұрақтарды талқылап, жауаптарын смартфон, компьютер немесе планшет (қалта телефондары) арқылы жолдай алады. Ол үшін виртуальды класс бөлмесіне кіру үшін оқушылар оқытушы айтқан арнайы құпия санды енгізулері қажет. Бұл сервис әрбір оқушының сұраққа қалай жауап беріп отырғанын, сондай ақ барлық ұжымының үлгерім диаграммасын, жеке оқушының өз нәтижесін арнайы кестеден бақылауына мүмкіндік береді. Kahoot қосымшасы арқылы тіркелуші интернет желісі қосулы болған жағдайда шексіз жұмыс жасай алады. Сонымен қатар Kahoot - қа шексіз көлемде сұрақ енгізуге болады. Сыныптағы оқушылардың білім, білік деңгейіне және қызығушылығына қарай, өзіңіз онлайн тест құрастыра аласыз. Бұл тест құру жүйесі оқушының ойлау қабілетін дамытып қана қоймай, сабаққа деген ынтасымен талпынысын арттыруға көмектеседі. Төменде Kahoot қосымшасына тест тапсырмаларын енгізу кезеңдері көрсетілген.(2-қосымшада көрсетілген).

Тест құру бөлімі. Quiz батырмасын басу арқылы келесі бөлімге көшеміз.(3-ші қосымшада көрсетілген)

Тест атын енгізу. Құрылатын тесттің аты немесе пәннің атын енгізіп Go батырмасын шертеміз.(4-ші қосымшада көрсетілген).

Сұрақты енгізу. Сұрақты енгізу (график,сурет немес видео енгізуге болады). Сонымен қатар Time limit бөлімінен уақытты белгілеп кетуге болады. (5-ші қосымшада көрсетілген).

Жауаптарын енгізу. Жауаптарды енгізу және дұрыс жауабын міндетті түрде белгілейміз(Incorrect- Correct) (6-қосымшада көрсетілген).

Келесі сұрақты енгізу

Келесі сұрақты +Add question батырмасын пайдаланып қосасыз. Егер сұрақты өшіргіңіз келсе – Delete question батырмасын, ал көшірмесін алғыңыз келсе + Duplicate батырмасын басыңыз. Барлық шарттарды орындап болғаннан кейін Save & continue батырмасын басыңыз, сонда экранға төмендегі бет пайда болады. (7-қосымшада көрсетілген).

Бұл бөлімнен сұрақтарды тағы бір тексеріп Save & continue батырмасын басамыз. (8-қосымшада көрсетілген).

Бұл бетте Primary audience бөлімінен керек нұсқаны таңдап аласыз.(9-қосымшада көрсетілген).

Тест дайын, тестті бастау бөлімі (10-қосымшада көрсетілген).

Тестті жіберу(Launch) (11-қосымшада көрсетілген).

Жоғарыда айтылып кеткендей оқытушыларға арнайы құпия сан беріледі (12-қосымшада көрсетілген).

Оқушылар Kahoot.it сайтына кірген кезде экранда мынадай бейне пайда болады. Олар құпия санды енгізу арқылы келесі бөлімге өтеді. (13-қосымшада көрсетілген).

Әрбір оқушы өзінің аты жөнін енгізуі керек. (14-қосымшада көрсетілген).

Проекторда немесе негізгі экран бетіне тест сұрақтары көрсетіледі (15-қосымшада көрсетілген).

Ал оқушылардың смартфондарында немесе компьютерлерінде жоғарыда бейне пайда болады. Оқушылар экраннан сұрақты оқып дұрыс деген жауапты фигуралар бойынша таңдап белгілейді. (16-қосымшада көрсетілген).

Жауап “Дұрыс емес” Жауап “Дұрыс” белгіленген жағдайда (17-қосымшада көрсетілген).

Бейнесұрақ жасау мүмкіндігі көрсетілген. (18-қосымшада көрсетілген).

Нәтижесінде экран бетінде барлығына бірдей жоғарыдағы бейне пайда болады (19-қосымшада көрсетілген).

Оқушылар немесе студенттер өз нәтижелерін бақылап қорытынды жасау мүмкіндігіне ие болады (20-қосымшада көрсетілген).

Жалпы және орта білім беретін ұйымдарда Kahoot бағдарламасын қондыру арқылы мектеп оқушыларымен жұмыс жасау өте қолайлы әрі тиімді. Оқытушы заман талабына сай тестілеу жүйесін меңгере алады, ал әрбір оқушының сабаққа деген қызығушылығы мен ынтасы арта түседі. Бұл бағдарламаны пайдаланудың екі тиімді жағы бар: біріншіден оқытушы мен оқушылар арасында тығыз байланыс орнайды, екіншіден оқушылар арасында бәсекелестік туындап, тиімді шешу жолдарын ұсынып, жаңа мәліметтер мен тақырыпты толық ашуға қызығушылығы оянады.

Қорыта келгенде білім беру процесіне осындай замануи технологияларды енгізу нәтижелі болып табылады. Қахут сияқты жүйелерді педагогикалық қызметте оңтайлы қолдану «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыруда педагогикалық қауымның аз да болса маңызды қадамдарының бірі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. К.О.Өмірбаева «Оқыту процесіндегі Инновациялық ізденістер» Ақтөбе 2002.
2. К.Сарманова «Тест дайындау тәсілдері» «Қазақстан мектебі» 1999, №9
3. К.Мұқашева «Тест әдісінің тиімділігі», «Ауыл мектебі» 2004, №6

РАЗВИТИЕ ЛЕКСИКО-ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКОГО АППАРАТА УЧАЩИХСЯ С ПОМОЩЬЮ СТАРТЕРОВ

Абишева Анара Мейрамбековна,
учитель биологии
Филиал «Назарбаев Интеллектуальная школа
физико-математического направления города Костанай» АОО
«Назарбаев интеллектуальные школы»

Аннотация

Начало урока – один из важнейших его моментов. Хорошо продуманное, необычное, нетрадиционное начало урока помогает быстро включить учеников в работу и правильно настроить на неё. Необычность заданий в начале урока вызывает у учащихся удивление, радость, удовольствие, то есть те положительные эмоции, которые пробуждают у них интерес не только к изучаемой теме урока, но и к учебному предмету в целом. Так же стоит принимать во внимание, разноплановость учебного процесса и необходимость включения учащегося в учебный процесс безболезненно, снижая уровень стресса. Вместе с этим стартеры можно полезно применять также и для развития других навыков. Мое исследование направлено на развитие лексико-терминологического аппарата у учащихся.

***Актуальность:** при проверке суммативных работ учащихся девярых и десятых классов наблюдается низкое качество написания ответов на развернутые вопросы, учащиеся не используют академический язык, и это служит причиной снижения финальной оценки за работу.*

***Цель:** развитие лексико-терминологического аппарата учащихся, с помощью стартеров.*

Аннотация

Сабақтың басы – ең маңызды бөлек болып саналады. Жақсы құрастырылған, сабақтың басы, оқушылардың назардарын сабаққа кіріктіріп, жұмысқа ынталандырады. Тапсырмалардың түрлілігінің болуы оқушыларда сабаққа ғана емес, негізі пәнге деген тек қана жақсы сезімдерді тұғызады. Сонымен қатар, оқу үрдісінің әртүрлілігіне назар аударатын

болсақ, басқа сабақтан өзінің сабағына оқушылардың назар аударып, стресс деңгейін төмендету керек. Старлер қолдану осы мақсаттарды ғана емес, оқушылардың қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Менің зерттеуім оқушылардағы лексикалық-терминологиялық аппаратты дамытуға негізделген.

Өзектілігі: тоғызыншы және оныңшы сыныптар оқушылардың жиынтық бағалау жұмыстарын тексеру барысында толық жауап қажет ететін сұрақтарға жауап беру талап ететін сұрақтарға жауап деңгейінің төмен болғанын бақыланды, оның себебі – оқушылардың академиялық тіл деңгейінің төмен болуы.

Мақсат: старлерді қолдану арқылы оқушылардың лексикалық-терминологиялық аппаратты дамыту.

Abstract

The beginning of the lesson is one of its most important moments. A well-designed, unusual, unconventional beginning of the lesson helps to quickly involve students in the work and properly adjust to it. The unusualness of the tasks at the beginning of the lesson causes pupils to wonder, joy, pleasure, that is, those positive emotions that arouse their interest not only in the lesson topic being studied, but also in the academic subject as a whole. It is also worth taking into account the diversity of the educational process and the need to include the student in the educational process without serious consequences, reducing the level of stress. Along with this, starters can also be useful for developing other skills. My research is aimed at the development of the vocabulary and terminology of students.

Relevance: when checking summaries of students in ninth and tenth grades, there is a poor quality of writing answers to detailed questions, students do not use academic language, and this is the reason for reducing the final mark for the work.

Objective: the development of students' lexical-terminological apparatus, using starters.

Түйінді сөздер: стартер, лексикалық, терминологиялық, аппарат, академиялық.

Ключевые слова: стартер, лексический, терминологический, аппарат, академический.

Keywords: starter, lexical, terminological, apparatus, academic.

В последние годы многое меняется в образовании. Всё более значимым становится развивающий потенциал образовательных стандартов, который обеспечивает существование и развитие всей образовательной системы. Задача каждого учителя систематизировать урок так, чтобы он прошёл эффективно, и был направлен не только на достижение цели, но и на развитие навыков.

Вместе с этим, современная система образования предусматривает форму работы при которой и сильные, и слабые учащиеся *на уроке* работали творчески, умели грамотно рассуждать, мыслить, доказывать, отстаивать свою точку зрения. Поэтому необходимо использовать разнообразные формы организации начала уроков, таких как стартеры. Применение их позволит не только актуализировать тему урока, но и оказать содействие в развитии академического языка у учащихся.

Урок делится на вводную, основную и заключительную части. Вводная часть играет немаловажную роль, так как ее задачей является, как формирование благоприятной атмосферы, так и актуализацию предидущих знаний, которые в той или иной мере направлены на достижение текущей цели обучения. Именно в этой части урока, эффективным будет применение стартеров.[1]

Стартер - топик, вопрос, или тема с которой, группа начинает дискуссию или курс обучения. [2]

Метод применения стартеров на уроках условно можно подразделить на следующие группы:

- Стартер актуализация знаний (знания с прошлых годов или уроков при помощи рисунков или постановкой вопросов)
- Стартер-вопрос (направляющий учащихся на попытку сформулировать тему урока при помощи различных рисунков, ребусов и т.д.)

•Стартер-ситуация (направленный на решение какой-либо ситуации или проблемы, подводящей к теме урока)

Все виды перечисленных стартеров можно объединить в один – словесный, задачей которого является формирование лексико-терминологического аппарата. Развитие его необходимо, так как перед всеми учащимися стоит конечная цель – успешная сдача экзамена, в том числе и по предметам естественно-математического цикла, при сдаче которых, наличие академического языка станет острой необходимостью.

Академический язык представляет языковые требования академических школ. Академический язык включает язык, используемый в учебниках, в аудиториях, на тестах каждой дисциплине. Он отличается по лексике и структуре от повседневного разговорного английского языка. Каждый вид коммуникации (как академический, так и социальный) имеет свою цель, и ни один из них не превосходит другой. Академическая структура также включает в себя установленные способы организации письма (которые могут повлиять на то, как человек читает) в дисциплине. Различные жанры, структура абзаца / предложения, уровень сложности текста, цель, предполагаемая аудитория, общая организация и знание внешних ресурсов для текста влияют на то, как человек пишет и читает в этой дисциплине.[3]

Применение стартеров, целью которых будет развитие лексико-терминологического аппарата, должно существенно повысить уровень академического языка как при выполнении письменных работ, так и устных.

Исследования результативности внедрения стартеров с целью развития лексико-терминологических навыков учащихся проводится мной в период с сентября по май. Однако уже сейчас можно дать характеристику промежуточного забора данных.

Первоначальные данные были при написании учащимися первой суммативной работы за раздел первой четверти. После проведения и проверки которой началось активное внедрение стартеров. Исследование проводилось посредством работы с контрольной группой и экспериментальной группой.

При оценке ответов на вышеназванные вопросы использовался метод поэлементного анализа, из содержания которого, мною были применены следующие элементы шкалы оценивания:

- уровень сложности формулировки ответа;
- однозначность трактовки условия задания и возможных вариантов формулировок ответа;
- соответствие ответа на задания предлагаемым критериям оценивания по отдельным элементам содержания;
- использование академического языка при написании [4]

Для качественной трактовки данных, за соответствие каждому критерию шкалы оценивался присуждался 1 балл. Исходя из полученных данных можно сделать следующий вывод. Результаты контрольной группы представлены ниже. Стоит отметить что при проверке работ принимались во внимание только ответы на задания, требующие развернутого ответа.

Суммативное оценивание за раздел	Средний балл контрольной группы	Средний балл экспериментальной группы
10.1A	2,35	2,35
10.1B	2,4	2,4
10.1C	2,45	2,5

Таблица 1. Средний балл контрольной и экспериментальной группы по итогам суммативных работ первой четверти.

Анализируя, вышепредставленные данные можно сделать вывод о том, что уровень ответов учащихся обеих групп находится примерно на одном уровне, после написания первого суммативного оценивания за раздел. Однако после внедрения стартеров на уроках экспериментальной группы, у учащихся улучшился навык формулировки ответов, было замечено более низкая частота использования, так называемых «бытовых» слов. При проверке суммативных работ тех же групп учащихся во второй четверти были выявлены следующие результаты.

Суммативное оценивание за раздел	Средний балл контрольной группы	Средний балл экспериментальной группы
10.2А	2,4	2,45
10.2В	2,45	2,5
10.2С	2,45	3

Таблица 2. Средний балл контрольной и экспериментальной группы по итогам суммативных работ второй четверти.

Подводя итог результатам обеих групп во второй четверти можно заметить не кардинальную но тем не менее стабильную положительную динамику, в то время как результаты контрольной группы остаются на удовлетворительном и стабильном уровне.

Конечно необходимо принимать во внимание, то, что вышеприведенные результаты являются промежуточными и окончательную картину можно будет пронаблюдать только по окончании учебного года, согласно результатам всех четвертей. Предполагаемые результаты оценки работ в третьей и четвертой четверти представлены в следующей таблице.

Суммативное оценивание за раздел	Средний балл экспериментальной группы 3 четверть	Средний балл экспериментальной группы 4 четверть
10.2А	2,6	3
10.2В	2,6	3
10.2С	3	3,5

Таблица 2. Прогнозируемый средний балл экспериментальной группы по итогам суммативных работ третьей и четвертой четверти.

Развитие лексико-терминологического аппарата необходимо, так как учащимся предстоит не только сдача экзаменов, на которых им обязательно встретятся вопросы требующие развернутого ответа, но и при выполнении научных проектов, исследований и т.д.

Список литературы:

1. Акимова Е.А. Нетрадиционное начало урока http://akeu6.narod.ru/publ/netradicionnoe_nachalo_uroka/1-1-0-7
2. Oxford dictionary <https://en.oxforddictionaries.com/definition/starter>
3. Cambridge dictionary <https://www.csun.edu/science/ref/language/academic-language/academic-language-ericson.html>
4. Методика оценивания заданий с развернутым ответом (основные подходы к определению критериев и шкалы оценивания выполнения заданий). <https://megalektsii.ru/s21099t10.html>

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰН ЗАМАНАУИ, РУХАНИ ДАМЫҒАН ОҚУШЫЛАРДЫ ОҚИТУДАҒЫ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІ

Адильханова Лаззат Оксикбаевна
учитель казахского языка и литературы

Аннотация

Баяндамада қазіргі орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұны өзгеруі туралы берілген. Жаһандану заманында жас ұрпақтың жаңаша ойлау қабілеті мен белсенділігін арттырудағы сабақтардағы өзгерістер көрсетілген.

Мақсаты: оқушылардың білімге деген құштарлығын ояту, өмірде оны қолдана білуге бағытау, ең бастысы-өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Жаңартылған білім мазмұнының кіріктірілген сабақтардағы тиімділігі көрсетілген. Білім беруде оқушыны жан- жақты даму, білім беру ең маңызды мәселе екендігін анық көрсеткен. Ос мәселенің шешімдерін өз жұмыс тәжірибесі арқылы көрсеткен.

Аннотация

Данная работа рассматривает изменения в обновленном содержании образования, акцентирует внимание на активных методах обучения, способствующих развитию обучающихся на интегрированных уроках.

Цель данных уроков – привитие любви к знаниям. Задачи: учить использовать полученные знания в жизни, развивать разностороннего ученика, воспитывать здоровое, образованное поколение.

В работе показаны выгодные стороны обновленного содержания, пути решения проблем при подготовке и проведении интегрированных уроков. Указаны изменения в обновленном содержании среднего образования. Указан развивающие действи для активность и способность будущего поколения.

Abstract

This work examines the changes in the updated content of education, focuses on active teaching methods that contribute to the development of students in integrated lessons.

The purpose of these lessons is to involve students in the process of gaining knowledge.

Tasks: to teach to use the acquired knowledge in life, develop a versatile student, to educate a healthy, educated generation.

The paper shows the benefits of the updated content, ways to solve problems in the preparation and conduct of integrated lessons. Changes in the updated content of secondary education are indicated. The developmental actions for activity and ability of future generation are specified.

Тірек сөздер:*Кіріктірілген оқыту ,заманауи, рухани, қолөнер,дарынды, талантты, сабақ, тарихи мұра.*

Ключевые слова:*Интегрированное обучение, современный, прикладное искусство, одаренные, талантливые, урок, историческое наследие.*

Keywords:*Integrated, learnin, modern, applied art, bountied, talented, lesson, historical heritage.*

Қазіргі орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұны елеулі өзгерістер енгізілуде. Жаһандану заманында жас ұрпақтың жаңаша ойлау қабілеті мен белсенділігін арттыру, білімге деген құштарлығын ояту, өмірде оны қолдана білуге бағытау. Бұл қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы-өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі-келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу, мұғалімдердің қоғам алдындағы борышы. Қоғам дамуында білім беру ең маңызды мәселе екендігі ақиқат. Қазіргі кездегі білім берудің негізгі мақсаты – жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой-тұлғасы бар, адами-рухани құндылығы жоғары қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Бұған мұғалім мен ата-ананың болашақ жас ұрпақ алдындағы тәрбиесі үшін жауапкершілігі мол және ол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуда. Қазіргі заман педагогінен тек өз пәнінің терең білгірі болуы емес, сонымен

қатар ол танымдық, педагогикалық-психологиялық сауатты, саясиэкономикалық білімді және инновациялық технологияны жан-жақты меңгерген, жоғары мәдени, педагог атағына ие, кәсіби құзырлы маман болу талап етілуде.

Қазіргі заманауи мұғалім қоғамдық дамудың деңгейінен көрінетін, оның әлеуметтік парызына жауап беруді көздейтін, жаңалыққа ширақ, өз ісіне гуманистік сезіммен қарайтын, педагогикалық күрделі үрдістердің барысын идеялық – адамгершілік тұрғысынан шеше алатын, жаңаша ойлау дағдысын меңгерген, балалардың талапкерлілігі мен қабілетін өздігінен еркінен дамуын ұйымдастыра алатын, және ата–аналармен педагогикалық ынтымақтастықты орнатуға бейімі бар әрі шығармашылықпен еңбек ете алатын маман болуға тиіс. Жаңартылған білім мазмұнының бір ерекшелігі ол пәндерді кіріктіріп оқыту- мақсаты айқын мақсаты айқын бағдары жүйелі, сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін рухы мықтыты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адамдарды тәрбиелеуге ұмтылады. Бұл жүйеде білім беру мен тәрбие тең жәретін үдеріс. Оқушы тек мектеп қабырғасында ғана емес сонымен қатар, мұғалімнің берген білімін және тәрбиесін өз отбасында жалғастыру, «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы-балаға үлкен сабақ болуы тиіс. Жас ұрпақ тәлім-тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді үлкендерден, ұстаздан насихат жолымен емес, тек шынайы көру, сезім қатынасында ғана алады. Сондықтан, еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Осыдан барып жас ұрпақтың бойындағы іскерлік қабілетін ашу және шығармашылыққа баулу туындайды. Жеке тұлғаның бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуы осы бағытта жүзеге асады, сөйтіп оның өзін-өзі тануына, өзіндік бағдарын анықтауына мүмкіндік туғызатындай тәлім-тәрбие берілуі керек. Жақсы адамгершілік қасиеттердің негізі - отбасында қалыптасатыны белгілі. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан, жас ұрпақтың бойына жастайынан ізгілік, мейрімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады. Рухани-адамгершілік тәрбиесі екі жақты процесс. Бір жағынан, ол үлкендердің, ата-аналардың педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан, тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Сондықтан, белгілі бір істі іске асыруда, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиеленушілерінің жетістіктеріне зер салып талдауы керек. Жас ұрпақ бойында жалпы адамзаттық құндылық қасиеттерін қалыптастыру жолдары бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт дәстүрін, тілін білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиеті мол терең түсінетін шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Жаңартылған білім мазмұнында рухани құндылық басты қағида - адамның кісілік келбеті мен адам деген атқа лайықты бола білуін қалыптастыру, адамның табиғатпен, әлеммен үйлесуі, халықтық дәстүр, рухани мәдениет негізінде болашақ ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесін жаңа сатыға көтеру міндеттерін жүзеге асырушы ол бүгінгі ұстаздар. Оқушы өз бойына тұрған Отанының тарихи мұралары мен қоса сол халықтың әдет-ғұрпымен, мемлекет жүргізіп жатқан бастаулармен де біртұтас болуы тиіс. Бұндай көріністер пәндерде берілген сабақтардың ішіндегі тақырыптардың ұқсастығы. Кіріктірілу – бұл бір оқу мазмұнының әр түрлі саладағы жан-жақты білімдермен тоғысуы, бір-бірімен араласып кетуі. Кіріктірілген сабақтар оқушыға әлем туралы, заттар мен құбылыстардың өзара байланыстары туралы біртұтас мағлұмат береді, олар құрылысы бойынша белгілі қалыпқа сыймайды, сондай-ақ, оқу сағаттарын барынша үнемді пайдалануға мүмкіндік береді.

Кіріктіріп оқыту оқушының қабілетін тікелей дамытуға бағытталған;

1. Білімдердің синтезі.
2. Оқу материалын тереңдету
3. Мәселенің өзектілігі
4. Баламалы шешім
5. Шешімнің дәлелдігі

Әрбір білімді және рухани дамыған оқушы әр сабақта даму үстінде болады және оның ойымен бірге ішкі жан дүниесі де дамиды. Сонда ғана ол оқушыбілімді , зияткер деген ардақты атқа лайықты, жан – жақты жетілген , жеке тұлға болып қалыптасады.

Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарындағы пәндерді кіріктіріп оқыту мақсаты- оқушыларды шығармашылықпен жұмыс істеуге және сын тұғысынан ойлауға дағдыландыру. Оқушылар әңгіме ,поэзия, сондай-ақ ғылыми және бұқааралық ақпараттар құралдарының материалдарын сын тұғысынан оқи отырып, өз түсініктерін дамытады.Оқу арқылы танымдық дағдыларын арттыра отырып,, білім әлеміне жол ашады. Төрт дағдыға бағытталған тапсырмаларды дайындап,оқушылармен жұмыс жүргізу шығармашылықтарын шыңдап, ізденістері мен пәнге деген қызығушылығын артырады.Ауызша тілдесімді түсіне білуге, сұрақ қоюға, әр түрлі мәтіннің стилін анықтауға жол ашады.

8 сыныбының қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында берілген «Тәуелсіздікті аңсаған тарландар » тақырыбы оқушының тарихта орын алған Ұлы тұлғалармен таныса отырып, өздерін жеке тұлға етіп қалыптастыруда мүмкіндік беретінін түсінді. Тарихымен таныса отырып қазақ тілінің және әдебиетте қандай орын алғандарын бұл адамдар білімді жан-жақты екеніні түсінде. Олар өзгеркен қоғамның аңсаған армандары жүзеге асқан тәуелсіз қоғамның жеке бір мүшесі екенін, ол оны қоршаған адамдардан тұратынын,олардың әр қайсысының өздеріне керекті қағидалары барын, қажеттісін алу керексізін алып тастайтын , дамуына өз үлесін қосатын тұлға.Сол себепті, мұғалім оған дұрыс бағыт беруге тиісті. Оның әрбір мүшесі өзінің таланты мен дарындылығымен жетілуі тиіс. Онда біз жеке адамдардың өмір салтының рухани жан- жақты дамуына жете көңіл бөлуіміз керек.Себебі, бүгінгі жас ұрпақтың көзқарасы материалдық және рухани құндылықтарды ажырата білетін тұлғалар. Адамдар толыққанды өмір сүріп, тіршілік жасау үшін оларға материалдық және рухани байлық керек емес. Сондықтан да, әр оқушы өзінің қабілетіне , біліміне, талғамына қарай әртүрлі салада қолөнерде, суретте, әдебиетте, спортта, техникада өз жетістіктерін көрсетеді. Дарындылық пен таланты ашу, жан- жақты дамуына ұстаздың шығармашылық еңбегін талап етеді. Сондықтанда, әрбір ұстаздың басты міндеті әрбір жеке оқушының- рухани мәдениеті бай, дүниетанымы терең, өмірге көзқарасы қазіргі заманға сай оқушы тәрбиелеу. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін мұғалім өзі сабақтарында білім алушылардың зияткерлігіне қарай тапсырмалар береді.Кіріктірілген сабақтың осы сәттегі орны ерекше оқушыға шығарма туралы, ішінде берілген көркемдеуіш құралдарды тез ұғуына әсер етеді.Оқушыға қойылған мәселені өзі ізденіп шешу жолдарын табу сәтте зерттеулік жұмыстар жүргізу арқылы дәлелдерін келтіріп танымдық белсенділіктер мен шығармашылық ойлауларын дамытады, оларды өмірде пайдалануына себеп болады.

Сурет сабағында суретші оқушыларды әдемілікті көріп сезінуге, салған суретіне жан бітіру, бояу түстерін дұрыс таңдау, бейнелерін ұқсас етіп бейнелуге машықтандырады. Кейбір оқушылар өзінің бойында табиғат берген суретшілік болмаса да, суреттің салу техникасын үйреніп те салуға болатынын, оны өз кәсіби хоббиіне айналдыру үшін, белгілі бір деңгейге жетіп, өз дамуына оқу қажет екенін оқушы түсінуге міндетті.Жаңа білім мазмұнына сай берілген кіріктірілген көркем сурет пәнінде оқушылар өздерін тек сурет салу ғана емес, сонымен қатар, қолөнер шеберлігінде меңгереді, тұтыну бұйымдарын еңбек объектісі ретінде пайдалана алуға және сәндік қолданбалы өнердің негізінде қазіргі жаңа енгізілген материалдармен жаңа дизайн талаптарына сай әсемдей білуге үйрету, флистен бұйымдар жасау, алаша тоқу сияқты

ұмыт болған қолөнер түрлері жаңғыруда. Сәндік – қолданбалы өнерді жасап байыту арқылы адамның жан дүниесі, ой- қиялы, іскерлігі, шеберлігі дамиды. Бұл дегеніміз, мұғалім тек қана бейнелеуге емес оны әртүрлі бұйымдар жасауға бағыттап үйретеді. Егер оқушы жасай алмай жатса, онда қолданған әдістемесінің немесе жұмысты орындаудағы қойылған талаптардың әлсіз жағының әлі бар екенін мойындап, оны өзі іздеп, қателігін түзетуге тырысуы қажет. Білім беруші ұстаз өз кәсіби шеберелігін заман талабына сай, көштен қалмай, білімдегі соңғы жаңалықтарға да көз жүгіртіп, назардан еш тыс қалмауға тиісті. Көркем сурет пәнінің мұғалімі болу ең ардақты мамандық иесі. Себебі, дүниедегі ең қасиетті - бейнелеу өнері, оның тарихына, адамдардың жетер еш байлық жоқ тасқа қышалып бейнеленген туындылары, жазба әдебиеті пайда болмас бұрын пайда болған өнер, сондықтан тастарға жазылған аманатын болашақ ұрпақ зердесіне жеткізген осы өнер түрі, бұл дегеніміз, ата- балалармыздан қалған өшпес мәдени ескерткіштер. Оларды көздің қарашығындай сақтай білуге шақыру – әрбір көркем сурет жәнетарихшы педагогтардың парызы, әрі оқушыларының жанына ұлт намысы, ел мүддесі деген киелі ұғымдарды ұялата отырып, білім беру - ХХІ ғасыр мұғалімдерінің еншісінде тұр.

Еш жалықпаған ұстаздың тәрбиелеген шәкірттері — жан- жақты білімді, ой- өрісі биік, өз мақсаттары айқын, сол мақсатқа жету үшін еңбекқорлық пен шыдамдылық таныта білетін жандар болатыны сөзсіз. Сонымен қатар білім саласында қазіргі уақытта оқушының денсаулығына көп зейін қойылып келеді. Бұл салауатты өмір салтын ұстану тұжырымдамасы. Қимыл белсенділігі-салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі шарты болып табылады. Ол өмірлік маңызды мүшелердің және мүшелер жүйесінің қызметін жақсартады, сондықтан салауатты өмір салтын қалыптастыруда үлкен рөлін дене шынықтыру пәнінің мұғалімі атқарады. Қозғалыс белсенділігін дұрыс ұйымдастыру бойынша дене шынықтыру пәнінің мұғалім қажетті жаттығуларды және жаттығу тренажерларын таңдап алуға міндетті, себебі дұрыс таңдау организмнің өсу мен дамуына белсенді ықпал етеді, организмнің жұмысқа қабілеттігін жоғарылатады, әр түрлі ауруларға төзімділігін арттырады. Ал аз қозғалған кезде организмде өзгерістердің дамуы төмен болады. Организмді шынықтыру- әр түрлі аурулардың алдын алу үшін организмді үнемі шынықтыру қажет. Шынығудың арқасында организм қоршаған ортадағы температураның күрт өзгеруіне бейімделеді және организмнің жұқпаларға қарсылығын жоғарлатады. Дене шынықтыру сабақ кезінде оқушының жасы, денсаулығы, шынығуға бейімделу дәрежесін, жеке физиологиялық ерекшеліктерін білім беруші мұғалім ескеру қажет. Демек дене шынықтыру пәнінің мұғалімінің рухани дамыған оқушы болуына үлесі зор. Себебі өз денсаулығы сыр беріп жүрген оқушы басқа жаққа көңіл бөлуі екі талай, жан тазалығы мен рухани тазалық бірге жүруі тиіс.

Жаңартылған білім мазмұнында білімді, зияткер рухани-адамгершіліктің негізінде оқушының мінез-құлқы жан- жақтылығынан қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік қасиеттері дамиды. Мейірімділікке, ізгілікке шақыру осы сабақтардан бастау алады. Баланы бастауыш сыныптан адамгершілік қасиеттерге, мәдениетке тәрбиелеуде, тәрбиелі сыныптасымен жолдас болудың әсері күшті екенін түсіндірген жөн, бірақ осы қағидаларды оқу-тәрбие күнтізбелік жоспарларына енгізе отырып түсіндіру. Тұлға бойында саналы тәрбие мен байыпты мінез қалыптастыру үшін, бастауыш сынып мұғалімдері өздерінің алдындағы оқушыларның рухани дүниесі бай, интеллекті тұлға екенін анықтау, осы мақсатқа бағытталған іс – әрекетіне байланысты. Оқу мен тәрбиенің негізгі міндеттері- қоғамның қажетті талаптарын әрбір баланың бойында борыш, намыс, ар- ождан, қадір- қасиет сынды биік адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру. Бастауыш сыныптан бастап оқушыларды толлеранттыққа әр халықтың өзіне тән дәстүрі, оның білім беру мәдениеті, осы оқу тәрбие үрдісіне тікелей байланысты екеніне түсінік беру. Қазақ халқы – өзінің бай тарихи мұрасын, өнері мен тілін, салт – дәстүрін, әдеп – ғұрпын, рухани – адамгершілік тағылымдарын ұрпағына мұра етіп қалдырған. Сондықтан оқу – тәрбие үрдісінде қолданылатын кіріктірілген

сабақтардағы оқыту әдіс- тәсілдері, деректері ұлттық психология ерекшеліктеріне негізделгенін ескеруі қажет.

Жаңашыл мұғалімдердің міндеті қазіргі білім алу кеңістігінде болып жатқан жаңалықтарды үнемі назардан тыс қалдырмай, іс- тәжірибесін мүмкіндігінше дұрыс пайдаланып, оқытудың ой елегінен өткен тиімді әдіс- тәсілін дұрыс таңдап, оны мейлінше меңгеру аса қажет. Сонымен қатар, бүгінгі қоғамдағы мұғалім заман талабына сай психологиялық негізден өте мықты хабары бар, ақпараттық технологиялардың барлық түрінде жұмыс істеуге бейімделген қабілетті, жан- жақты білімді, үлкен жүректі, оқушыларды бойындағы қай салалаға бейім екенін жақсы көре алатын, байқампаз да білікті жан болуы керек. Өйткені іс-тәжірибеге көз жіберсек, кешегі бүгінгіге, бүгінгі ертеңгіге ұқсамайды. Ғылымның дамуы, білім мазмұнының өзгеруі бұл заман талабы, оқушы талғамы мен талабы үнемі өсуде, сондықтан мұғалімде кәсіби жағынан шеберлігін курстардан өту, өз тәжірибесімен бөлісу, семинарларға қатысу арқылы өсіп, біліктілігін артырып отыруға міндетті. Сол себептен де ең алдымен, жеке тұлға ретінде білім беруші өзінің бойына өзгерістер енгізуге тура келді. Өзі өзгеріп жаңашылдықпен жұмыс істеген ұстаз заманауи қоғамның рухани өмірін өзгерту жағдайында, оқушыларымен әріптестерін, ата-аналарын да өзгертуге күш жігерін салады.

Бұрын қандай бір қиындыққа тап келсе, қатты абыржушы еді, бүгінгі күнде, жылдам әрі тез шешімін дұрыс табуға дағдыланды, оның көмегі мұғалімдермен өткізіліп жатқан республикалық, облыстық, қалалық ,мектепшілік, онлайн семинарлар, коучингтер, біліктілігін арттыруға арналған курстар.

Әрбір мемлекеттің өсіп өркендеуінің, бәсекеге қабілетті болуының ең басты негізі - осы ұстаз берген білім. Сондықтан да, дамудың ең биік көкжиегінен көрінгісі келетін кез келген мемлекет, ең алдымен, білім беру саласын дұрыс жолға қойып, сапасын көтеруді мақсат етеді. Ендеше, осындай бәсекеге қабілетті рухы биік ұрпақ тәрбиелеу жаңа формация мұғалімінің еншісінде. Ал жаңа формация мұғалімінің ең басты талабы оның адами-рухани құндылығы. «Қыран түлегіне қайтпас қанат сыйлайды, ұстаз шәкіртіне талмайтын талап сыйлайды», демекші ұстаз қай кезде де мектептің жүрегі, қоғамның тірегі. Қоғам тұлғаны қаншалықты жетілдірсе, жетілген тұлға қоғамды соншалықты дәрежеде дамытады. Ал жас тұлғаға білім беріп, тәрбиелейтін, дамытатын, әрине –ұстаздар қауымы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Иманбекова Б, Әдірейімова А. «Сабақ оқытудың негізгі формасы».- Алматы. 2017.
2. Красноборова А.А. «Критериальное оценивание в школе» учебное пособие. - Пермь, 2010г.
3. Маркова А.К. Мотивация учения и ее воспитание у школьников. – Москва: Педагогика, 1998 г.
4. Жақытов С.М., Бердібаева С.Қ. Психология: Адамзат ақыл-ойының қазынасы. Таймас Баспа Үйі: Алматы 2015.

ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА СУРЕТШІЛЕРМЕН СЕРІКТЕСТІК ОРНАТУ МӘСЕЛЕСІ

Ақанбаев Баглан Нурланович,
Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы ҚМПУ
педагогика ғылымдарының магистрі
Дюсеков Нурлан Ақанбаевич,
«Совхоз орта мектебі»ММ
Көркем еңбек және сызу пәні мұғалімі

Аннотация

Бұл мақалада біздің басты дәлеліміз ретінде шығармашылық білім беруді дамытуымыз керектігін және бұл опция емес, қажеттілік екенін келтіреміз. «Шығармашылық» терминінің қалай негізделгеніне, саясиландырылғанына, қолданылатынына байланысты шығармашылық білімнің тарихи және мәдени түрде әртүрлі адамдар, адамдар топтарының, әртүрлі қауымдастықтарда, институттарда, қоғамдастықтарда қолданылады. Бізге қазіргі әлемдік экономикалық дағдарыстар мен жаһандық экологиялық проблемаларда жаңаша ойлау қажеттігі жайлы айтылады. Сондай-ақ бізге білім беру саласында шығармашылықтың жаңа сыни рефлексивті нысаны өнімді, бейімделген және инновациялық жұмыс күші жұмыс істей алатын тұрақты, қауіпсіз, этикалық және нәзік әлемде қажеттілікті жақындастыруға негізделген дәуірдің міндеттерін шешу болып табылатындығы айтылады. Бұл мақалада біз суретші-резиденттердің жоғары білімді қалай өзгертетіні және мұғалімдер мен оқушыларға педагогикалық тәжірибені бағыттауда шығармашылық парадигманы зерттеу үшін тамаша ресурс беретіні туралы бірнеше жобадан мысал және дәлел келтіреміз.

Аннотация

In this article our central argument concludes that we should be promoting creative education and that this is a necessity, not an option. How creative education is applied by and to different individuals, groups of people, in different communities, institutions and societies, historically and culturally, is dependent on how the term 'creativity' is grounded, politicised, and practised. We are told that we need new thinking in the current world crises of economics and global environmental concerns. We are also told that in education, a new critically reflexive form of creativity is in order to address the task of the age of reconciling the need for a stable, safe, ethical and empathetic world within which a productive, adaptive and innovative workforce can operate. In this article we make a case and provide evidence from several projects for how artists-in-residence transform higher education and provide teachers and learners an excellent resource for exploring a creative paradigm to guide pedagogic practices.

Abstract

In this article our central argument is that we should be promoting creative education and that this is a necessity, not an option. How creative education is applied by and to different individuals, groups of people, in different communities, institutions and societies, historically and culturally, is dependent on how the term 'creativity' is grounded, politicised, and practised. We are told that we need new thinking in the current world crises of economics and global environmental concerns. We are also told that in education, a new critically reflexive form of creativity is in order to address the task of the age of reconciling the need for a stable, safe, ethical and empathetic world within which a productive, adaptive and innovative workforce can operate. In this article we make a case and provide evidence from several projects for how artists-in-residence transform higher education and provide teachers and learners an excellent resource for exploring a creative paradigm to guide pedagogic practices.

Түйінді сөздер: шығармашылық, суретші-резидент, жоғарғы шығармашылық білім, өнерге сәйкес оқыту әдістемесі

Ключевые слова: творчество, художник-резидент, высшее творческое образование, метод обучения соответственно искусству

Keywords: Creativity, Artist-In-Residence, Creative Higher Education, Teaching Method Meets Art

Қазіргі әлемдік экономикалық жағдай мен жаһандық экологиялық мәселелер жайлы пікірталастар ортасында, бейнелеу өнері жайлы сұрақтар ескерусіз қалдырылуда. Соған қарамастан, жаһандық өлшемде, басым және қалыптастырушы пікірталастарда суретшілер, көркем өнер және шығармашылық білім беру экономиканы алға жылжытушы ретінде ғана емес, саяси ойлаудың маңызды бағыттарын қалыптастырушы және үкіметтік бастамалар мен тәжірибелерде көрініс табады. Тиімділік саясатын қалыптастырушы критерилер, мақсат құру мен тесттер білім берудегі креативтілік саясатымен қатар өмір сүріп келеді.

Өнеркәсіпте шығармашылық, көркем өнер және оқытушылық білім беру риторикасы жайлы әдебиеттер көптеп кездесетіні белгілі. Теория мен тәжірибе арасындағы қайшылықтардан туындайтын дилеммалар және олардың өмірде көрініс табуы осы мақаланың негізі болып табылып отыр. Мақаладағы ойды дәлелдеу үшін: суретшілер жұмысындағы басым пікірталастар; өнердің шығармашылық күн тәртібінен өсіп келе жатқан диссоциациясы; көркемдік пәндерді қайта қарастыру қажеттілігі; контекстің мәні және білім берудегі көркем тәжірибе және көркем педагогика бойынша саясаттың медитативті рөлінің ерекше маңызы бар. Аталаған факторлар жекелеген көркем пәндер мен білім беру мен мәдениеттің кең салалары арасында шиеленіс тудырғаны мен бұл бағыттағы жоғарғы білім беру өзгеріссіз қалуда.

Бұл мәселе саяси пікірталастар мен бастауыш және орта білім беруге қатысты заңнамалық актілерде қарастырылып, жоғарғы білім беруде ұмыт қалуда. Сондықтан, шығармашыл педагогтарды, зерттеушілер мен қызметкерлерді шығармашылық білім экономикасына дайындау үшін шығармашылық педагогиканы жетілдіру әрі қолдану қажеттілігі өзекті әрі ашық сұрақ ретінде әлі де өз орнын таппай жатыр. Бұл сұраққа жауап табу үшін балалар мен жастарға көркем өнер үрдістері қалай әсер ететіндігін зерттеу маңызды.

Креативті білім беруді ілгерілету жай бір нұсқа ретінде емес, қажеттілік ретінде қарастырылуы тиіс. Шығармашылық білім беруді әр түрлі адамдар немесе адамдар тобының, қауымдастықтар мен институттарда мәдени-тарихи қолдануы «шығармашылық» терминінің қалай түсінідірілетіндігіне байланысты. Қазіргі әлемдік экономикалық дағдарыстар мен жаһандық экологиялық проблемалар жағдайында бізге жаңа ойлау қажеттілігі барлық ресурстарда айтылуда. Бізге сондай-ақ, білім беру саласында өнімді, бейімделген және инновациялық жұмыс күші жұмыс істей алатын тұрақты, қауіпсіз, этикалық және сүйкімді әлем құру міндетін шешу үшін шығармашылықтың жаңа сыни рефлексивті нысаны қажет.

Алайда, орталықтранған көркем шығармашылық пен жалпыланған «әмбебап» шығармашылық арасындағы айырмашылық айқын емес. Енді біз педагогтардың өнерін жаетістігін басқа ғылыми пәндерде де көруіміз үшін, алдымен мектеп бағдарламасындағы өз позицияларын заңдастырып нығайту қажет. Сонымен қатар оқытудың жаңа әдістемелерін, мектеп қауымдастығының әр түрлі элементтерін біріктіретін оқиғаларды құруға ықпал ететін оқытудың жеке формаларына назар аударылуы тиіс.

Мектептерде өнер мен суретшілердің қатысуы тек көркем білім беруді дамыту үшін ғана емес, сонымен қатар педагогтарға оқыту мен шығармашылық жұмыс және білім беруге арналған үлгі ретінде маңызды білім беру рөлін атқарады (мысалы, Монтессори, Реджо Эмилия, Дьюи өнері тәжірибе ретінде). Өнерге қатысы бар топтарда суретшілер мен мұғалімдер арасында тұрақты тақырып- ересектерге басқаша қарау мүмкіндігі, ересектердің басқа түріне қатысты болуы, шын мәнінде, "басқа" ересек болу. Суретші қарапайым мұғалім емес. Суретшілер қарапайым мұғалімдер сияқты балалардан үміттері жоқ; бала мен суретші көркем жұмыс пен оқыту негізінде жатқан көркем үдерісті түсінудің жаңа тәсілдерін бірге құрастырады.

Менің бақылауым бізді негізінен қызықтыратын білім беру ұғымдарын тұжырымдауға алып келді. Ұлы Британияның Кембридж университетінің білім беру факультетінің оқытушысы Кэрол Холидей, өнер психотерапевті ретінде, адамдардың образдары мен қиалымен жиырма жылдан астам уақыт жұмыс істеу арқылы тәжірибелік зерттеу жұмысын жүргізді. Зерттеу нәтижесінде белгілі болғандай, біздің әлемімізді және өзімізді сипаттау үшін қолданатын метафоралар мен бейнелер, біздің ішкі ортамыздан және біздің өмірімізді қалай қабылдайтынымызды терең әрі шынайы түрде көрсете алады.

Македониялық Афродита Николова «Ancient Heart» журналында жариялаған мақаласында, суретшімен визуалды әріптестік орната отыра өнер арқылы креативтілікті жоғарлату үшін «креативті ағылшын тілі» зерттеу жобасын ұсынған болатын. Ол шығармашылық хатты поэзия жаныры мен әңгімелер, поэтикалық перформанс және импровизация театрының іс-шараларында пайдаланады. Осы бағыттың дамуы, әлем назары эмпирикалық құжаттарда көрініс табатын Ұлыбританиядағы соңғы онжылдықта өнердің қылмыстық сот төрелігіне араласуын көрсетті.

Білім беру қоғамдастықтары мен жоғары білім беру ортасының толық әлеуетіне қол жеткізу үшін кәсіпқойларшығармашыл әрі инновацияны тез қабылдауы тиіс, ол тұлғалық, бағдарламалық және жағдайлық факторлар арасындағы күрделі және динамикалық өзара іс-қимылдың қиылысындағы процестер мен практиканы жақсарту үшін керек.

Оқыту өнер ретінде немесе оқыту өнері идеясы қолданушы қауымдастықтарда білім беру парадигмасы және оқыту моделінің пәні ретінде әлі күнге дейін қалып отыр. Бұл еркін өзін-өзі көрсетуге немесе шығармашылық қызметке негіз бола алуы, өздігінен көркем білім берудің шығармашылық нормаларының қызметін қабылдауға байланысты, сонымен қатар заманауи демократияларлық оқытудың ең маңызды және проблемалық процестерінің бірі болып табылуы, нормалар мен ережелерді түсінуді, өнерді түсінбестіктен туындайтын қауіп-қатерлерді, перформативтік жауапкершілікті, күтуді, кәсіби бірегейлікті, студенттердің, әріптестердің, басшылықтың және ұйымдастырушылық басқарудың матрицасында өзіндік маңыздылығы мен кәсіби өзара іс-қимылдарын анықтауды талап етеді.

Адамдар болашақта кәсіби тұрғыда өздерін көрсету үшін, кәсіби бірегейлік сезімін дамытуын жалғастыруына көптеген факторлар әсер етеді. Олар мыналарды қамтуы мүмкін: а) ұқсас жағдайлардағы алдыңғы тәжірибесі, олардың қазіргі кәсіби контекстімен қаншалықты тығыз келісіледі; б) осындай жағдайдағы олардың алдыңғы тәжірибесіне өзге тұлғалардың жауабын қалай түсіндіргені және меңгергені; с) олардың алдыңғы тәжірибесі қазіргі / ағымдағы жұмыс / контекстпен қаншалықты тығыз байланысты. Қазіргі заманғы талаптарға сай болу үшін көркем өнер мамандығы алдына жаңа талап қойып, көркемдік тәжірибелер мен серіктестік қарым-қатынастардың өсуі мен дамуын қолдайтын және жоғары білім берудің шығармашылық кәсібилігіне ықпал ететін құрылым құру қажет.

Оқыту, зерттеу сияқты, білім жинақтаумен және құрумен байланысты. Жоғары оқу орындарында сабақ беретін суретшілермен жұмыс істеу елестету мен ойлаудың жаңа нысандарын дамытуға мүмкіндік бере отыра, біздің өзімізде де, сондай-ақ институционалдық оқыту мәдениетінде де жасырын немесе үнсіз қалған элементтерді зерттеуге жол ашады.

Білім беру саласындағы өнерге келер болсақ, өткен жұмыс орнымдағы педагогтар өздерінің оқытудағы өнерге шектеулі уақыт аралығында ғана қол жетімділігі бар екенін айтқан болатын – мүмкін жылына бір немесе екі күн. Бұл білім беруде шығармашылық тәсілдерді қолдануда мұғалімдерде шығармашылық сенімділігінің болмауы факторын туындатады. Көптеген мұғалімдер шығармашылық оқыту жолдарын біледі, бірақ ол дайындығымен де, еңбек етуімен де, жалпы жұмысқа орналасуы кезінде де қолдау таппайды және басым бөлігіне шығармашылықты ұлттық білім беру бағдарламасымен сәйкестендіру қиынға соғады. Шығармашылық тәсіл міндетті түрде көркем материалдар мен техникаларды пайдалануды білдірмейді, бірақ оқу бағдарламасы мен пәнді тәжірибелік зерттеу мен ойлаудың әдісі болып табылады.

Оқытуда көркемдік өнерді көрсететін оқу орындарын ашу және дамыту үшін, қазір біз суретші мен өнерді тек баламен жұмыс істейтін педагогтар ретінде ғана емес, сонымен қатар жоғары білім беруде жұмыс істейтін суретшілердің әлеуетін да зерттеуге және ой елегінен өткізуге тиіспіз. Эстетикалық тәжірибенің қолданылуы – тек көркем

өнер үшін ғана емес, сонымен қоса сән - салтанат ретінде де, ерекшелік ретінде де қолданылуы тиіс.

Белгісіз және өзгермелі әлемде кенеттен тап болатын өзгерістердің жылдамдығы мен бүтіндігі бізді шығармашылық идеядан ерте бас тартуға итермелеуі мүмкін, себебі ұйымдағы басым ойға сәйкес келмейді немесе біздің назарымыз маңызды деп шешілген қажеттіліктерге ғана аударылады. Дегенмен, жоғары оқу орындары шығармашылық ойлау мен іс-әрекеттер үшін қауіп тудыратын және рефлексивті кеңістік тудыратын, көркемдік және шығармашылық реакциялар бағытында әрекет етуі қажет.

Осы мақалада көрсетілген мәселені зерттей келе, жоғарғы оқу орнындағы білім беру үрдісінде креативтілік пен шығармашылықты қолдануды дамыту үшін бірнеше шара қолдану қажет:

1. Жоғары білім берудегі көркемдік тәжірибе мен креативтілік табиғатын қайта қарастыру және шығармашылықтың теориялық және практикалық түсінігін дамыту қажет.

2. Жеке және ұжымдық шығармашылық, академиялық және практикалық шығармашылық пен көркем шығармашылық, сондай-ақ көркемдік оқытуға қарым-қатынастың негізгі тәсілдері ретінде ішкі құндылығы бар нақты сала мен жалпы шығармашылық арасындағы өзара байланыс туралы пікірталасты қайта бастау қажеттілігі. Бізде ол оқуға қалай көмектесе алады деген заңды сұрақ туындауы мүмкін. Өнердің білім беру күші - білім генерациясының негізі, іргетасы.

3. Өнер, көркем оқыту және суретшілердің алатын орнын оқу бағдарламасында қалпына келтіру арқылы өнер қоғамдастықтарының хабардарлығын, шығармашылық еңбек моделін, білім мен құндылықтарды дамытудың тиімді формаларын табуға әсерін тигізетіндігі сөзсіз. Осы ереженің мақсаттарына, дизайнына, мазмұнына, контекстіне және педагогикасына тиісті назар аударылуы тиіс.

Мен оқырманды жоғары білім берудегі және өмірдің өзінде, оқушылар мен суретшілер ретінде, зерттеушілер мен мұғалімдер ретіндегі өз дауысымыздың білім беру жүйесінде қандай орын алатындығын ойлауға шақырамын. Қорытындылай келе, мен шығармашылық өлшемдері үкімет қызметінің бағыттарының бірі ретінде кеңейе түсетініне, ол біздің қауымдарда үлкен құндылыққа ие болатындығына және суретшілер мен көркем ұйымдарға жоғары білім беру жүйесінде тиімді және орталықтандырылған жұмыс істей алатындай қолдау көрсетілетініне үміт білдіремін.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Психология креативности/ Т.Любарт, К.Муширу, С.Торджман, Ф.Зенаси; пер. С фр. – М.: «Когито-Центр», 2009. – 136 б.

2. Burnard, P., &Swann, M., (2010). Pupil perceptions of learning with artists: a new order of experience? *Thinking SkillsandCreativity*. 5, 70–82. doi:10.1016/j.tsc.2010.01.001

3. Damasio, A. (2012) *Self Comes to Mind: Constructing the Conscious Brain*. London: VintageBooks.

4. Петров В.Н., Петров А.Н. Формирование креативной личности в процессе обучения в вузе. Информативный гуманитарный портал «Знание. Понимание. Умение» - 2010. Биоэтика и комплексные исследования человека. – URL:<http://www.zpu-journal.ru/e-zpu/2009/7>

5. Lakoff, G. & Johnson, M. (1980). *Metaphors we live by*. Chicago: University of Chicago Press<http://leverhulme.ac.uk/awards/AIR.cfm>

6. Bennett, D., &Burnard, P. (2015) The development and impact of human capital creativities on higher education graduates: Lessons underpinned by the contribution of Bourdieu. In R. Comunian& A. Gilmore (Eds.)*Beyond the Campus: Higher Education and the Creative Economy*. London: Routledge.

ПРИМЕНЕНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Акбарова Раушан Газизовна,
Наженова Маржан Алгабасовна,
учителя английского языка
Карабалыкской СШ №1
им. М.Горького, п.Карабалык

Аннотация

Бұл тақырыптың өзектілігі мынада: білім берудің инновациялық формалары жоғары коммуникативті қабілеттермен және оқушыларды оқу іс-әрекеттеріне белсене араласады, сөйлеу және тыңдау дағдыларын тиімді меңгереді.

Мақсаты: қазіргі заманғы білім беру технологияларын пайдалана отырып, ағылшын тілінің сабақтарында ауызша сөйлеуді оқыту тиімділігін арттыру жолдарын үйрену.

Ағылшын тілін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану бізге жұмыс формаларын әртараптандыруға мүмкіндік беретін әдістемелік құралдар мен әдістерді таңдауға көмектеседі. Инновациялық технологиялар көмегімен ағылшын тіліндегі сабақтарда бірқатар дидактикалық тапсырмаларды шешуге болады: жаһандық желінің материалдарын пайдалана отырып, оқу дағдылары мен қабілеттерін қалыптастыру; оқушылардың жазбаша дағдыларын жетілдіру; оқушылардың сөздік қорын байыту; оқушыларды ағылшын тілін үйренуге ынталандыру.

Аннотация

Актуальность данной темы в том, что инновационные формы обучения характеризуются высокой коммуникативной возможностью и активным включением учащихся в учебную деятельность, активизируют потенциал знаний и умений навыков говорения и аудирования, эффективно развивают навыки коммуникативной компетенции обучающихся.

Цель: изучение путей повышения эффективности обучения устной речи на уроках английского языка с использованием современных педагогических технологий.

Применение новых информационных технологий в преподавании английского языка помогает нам подобрать методические средства и приемы, которые позволяют разнообразить формы работы и сделать урок интересным и запоминающимся для обучающихся. С помощью инновационных технологий можно решать целый ряд дидактических задач: формировать навыки и умения чтения, используя материалы глобальной сети; совершенствовать умения письменной речи учащихся; пополнять словарный запас учащихся; формировать у обучающихся мотивацию к изучению английского языка.

Abstract

The relevance of this topic is that innovative forms of education are characterized by a high communicative ability and the active involvement of students in learning activities, activate the potential of knowledge and skills of speaking and listening skills, effectively develop the skills of communicative competence of students

Objective: to study ways to improve the efficiency of teaching oral speech at the lessons of the English language using modern educational technologies.

The use of new information technologies in teaching English helps us to choose methodological tools and techniques that allow us to diversify the forms of work and make the lesson interesting and memorable for learners.

At the English language lessons with the help of innovative technologies it is possible to solve a number of didactic tasks: to form reading skills and abilities using the materials of the global network; improve students' writing skills; enrich students with vocabulary; to form students' motivation to learn English.

Кілт сөз: коммуникация, инновация, заманауи технологиялар, компьютерлендіру, білім.

Ключевые слова: общение, инновации, современные технологии, компьютеризация, знания.

Keywords: communication, innovation, modern technology, computerization, knowledge.

Понятие «Иновационные технологии» указывает на ценностно-смысловую модернизацию, базирующуюся на научной психолого-педагогической основе и являющей собой новую реальность в казахстанском образовательном пространстве.

Мы стараемся использовать разнообразные методы при изучении английского языка. Эффективность обучения иностранному языку зависит от четкой и гибкой организации учебного процесса на уроке, от умения преподавателя учитывать реальное усвоение материала и индивидуальные особенности каждого учащегося.

В своей работе для повышения эффективности учебно-воспитательного процесса используем компьютер для презентации творческих проектов. Проектную деятельность непосредственно влияет на развитие ученика, так как этот метод строится на принципах гуманистической педагогики, где в центре учебного процесса находится ребенок с его особенностями, интересами, потребностями. Знакомясь в процессе разработки проекта с новыми фактами, событиями, получая новую и интересную информацию, учащиеся испытывают радость открытия. Это дает им возможность почувствовать себя исследователем, тем самым повышая престиж поисковой деятельности. Характерные особенности проектной деятельности, создают широкие возможности для формирования у учащихся умений, связанных с самостоятельным освоением новых знаний – индивидуальных, парных или групповых.

Использование метода проектов способствует развитию различных видов компетентности учащихся. Метод проектов как педагогическая система выполняет дидактические, познавательные, развивающие, воспитательные и социализирующие функции.

Участие учащихся в поисково-исследовательской работе, проведение экскурсий, праздников, конференций способствует заполнению их свободного времени, воспитывает уважение к памяти прошлых поколений, бережное отношение к культурному и природному достоянию своих прав, без чего нельзя воспитывать патриотизм и любовь к родному краю.

Нашей основной целью обучения иностранному языку является формирование у учащихся коммуникативной компетенции, поскольку это позволяет преподавателю и учащимся стать речевыми партнерами. Для развития творческих способностей учащихся провожу уроки-дискуссии, конкурсы, познавательные и ролевые игры, которые позволяют учащимся реализовать свои способности. Наши ученики охотно поют на уроках, декламируют стихи, дискутируют и учатся критически мыслить.

Об обучающей функции игры известно уже давно. Игра является эффективным средством обучения, охватывает различные виды речевой деятельности: слушание, говорение, чтение, письмо.

Игровые формы работы на уроке активизируют деятельность учащихся, дают возможность выявить умственные и творческие способности детей. С помощью игр очень легко менять ход урока, виды заданий, снимая монотонность, физическую нагрузку, повышая эмоциональное состояние учащихся.

Даже наиболее пассивные дети на уроке оживают и могут овладеть его лексический материал без особых усилий. Проведение уроков с использованием игрового материала активизирует учеников, способствует достижению высокой результативности занятий, и воспитывает любовь к английскому языку.

Задача учителя – обеспечение активной деятельности учащихся в течение всего урока, максимальное увеличение времени говорения. Реализовать эту задачу позволяет групповая форма работы. Групповую форму работы я использую в процессе обучения учащихся устной речи и чтению. Эффективна групповая форма работы в процессе обучения диалогической речи, проверки домашнего задания, работы над проектом.

В сочетании с другими формами работ групповая форма учебной деятельности очень эффективна в процессе изучения иностранному языку: совершенствуются умения и навыки, расширяется словарный запас учащихся, увеличивается время общения на уроке. Кроме того, воспитывается чувство ответственности за порученное дело, развивается логическое мышление, способность ориентироваться в ситуации, что сложилась. Групповая форма работы учит учащихся самостоятельности.

Работу в парах использую в процессе усвоения, закрепления и проверки знаний, автоматизации действий учащихся в диалогической речи. Когда ученики работают в парах или группах, каждый, таким образом, имеет больше возможностей для говорения, это позволяет ученикам практиковать говорение без страха, повышает мотивацию, поскольку ученики имеют возможность помогать друг другу.

Практическую направленность имеют уроки, на которых дети составляют свой распорядок дня, меню здорового питания. На уроках организую релаксационные паузы, особое внимание уделяю ролевым играм, в процессе которых закрепляются не только речевые компетенции учащихся, но и алгоритм действий в различных ситуациях.

Целенаправленное поэтапное формирование личности на основе здоровьесберегающих технологий – одно из стратегических направлений реконструкции образования.

Таким образом, использование инноваций в работе с учащимися помогает развитию их жизненной компетентности, возрождению духовности.

Интегрированное использование на уроках и внеурочное время интерактивных методов обучения, компьютерных технологий, методов проекта и здоровьесберегающих технологий позволяет реализовать личностно-деятельный и личностно ориентированный подходы в образовании и воспитании учащихся. Эти инновационные методы обеспечивают положительную мотивацию и дифференциацию в обучении, повышают результативность учебного процесса, активизирующие всех учеников, их творческую деятельность. Использование инноваций в работе дает преподавателю возможность профессионального роста, изменения себя, учиться вместе с учениками.

Список литературы:

1. Аудио-визуальный метод/А.А.Миролюбова// Иностранные языки в школе. 2009.-№5.-С.22-23.
- 2.Матвеева Н.В. Применение компьютерных технологий при обучении иностранным языкам //Информатика и образование.-2017.-№6.-С.72-76.
- 3.Часовникова О.Б., Гибина Ю.И., Лисица А.Б., Гусельникова Е.В. «Использование новых информационных технологий обучения в школе». Материалы Региональной Научно-практической конференции “Английский язык в системе «Школа – Вуз», Новосибирск, 20 июня 2016г.

БАСТАУЫШ СЫНШПТЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА «ДАМЫТА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ» АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Ақылбекова Луиза Бекетқызы
бастауыш оқытудың педагогикасы мен
әдістемесі пәнінің оқытушысы
Аубакирова Толқын Утешовна
мектепке дейінгі тәрбие және оқыту
мамандығының оқытушысы,
педагогика ғылымдарының магистрі

Аннотация

Оқушылардың шығармашылық қабілетін, жалпы ой-өрісін дамыту үшін, оқушыға оқулықтағы тапсырманы беріп, оны қалайда орындайтынын талап етіп қоймай, оның қайсысын орындайтынын оқушының өз еркіне беріп, өмірмен ұштастырып, бала қабілетін тежемей дамыта отырып оқыту.

Аннотация

Развивать общее понимание творческих способностей учеников, а не настаивать на том, чтобы ученик выполняя задания в учебнике и наилучшим образом выполнял его, и давам учащемуся то, что он будет делать, сочетать его с жизнью и воспитывать способности ребенка.

Abstract

To develop a general understanding of the students` creative abilities, rather than insisting that the student perform the task in the text book and perform it in the best way and give the student. What he will do combine it with life and nurture the child`s abilities.

Түйін сөздер: бастауыш, деңгей, дамыта оқыту, оқушы, мектеп

Ключевые слова: Начальный, уровень, развитие обучения, ученик, школа.

Keywords: Started, level, learning development, school child, school.

Бүгінгі Қазақстан жаңа принциптерге негізделген егемен мемлекет құруда, үкіметіміз білім беру мекемелерінен тәуелсіз мемлекетіміздің өркениетке жету жолындағы өр талабына тұғыр боларлықтай ұрпақ оқыту ісін жаңа сапалық өзгерістер деңгейіне көтеруді талап етіп отыр, бұл оқушыны бастауыш сыныптан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға дайындауды қажет етеді, аталмыш қажеттілікті дамыта оқыту технологиясы арқылы жүзеге асыруға болады. Зерттеу мақсаты: Бастауыш сыныптың қазақ тілі сабағында дамыта оқыту технологиясын қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың теориялық тұрғыдан негіздеп, ғылыми – әдістемесінің жүйесін жасау.

Болашақ бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімді ғана. Қай елдің болмасын өсіп-өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. Дамыта оқыту педагогикалық жұртшылық санасына сіңгенін және бүкіл білім беру жүйесіне әсерін тигізіп жатқанын байқау қиын емес. Барлық істерімізді Л.С. Выготский, Л.В.Зачков, В.В.Давыдов, Д.Б.Эльконин ойларына негіздеу. Оса ғалымдардан сілтемелер жасау жақсы сынайға айналуда. Сөз жоқ бұл үлкен жетістік. Жаңа мазмұнға жаңа әдістер жүйесі қажет. Бүгінгі күні білім беру мекемелерінде оқыту процесін технологияландыру өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Бастауыш сынып оқушыларының қабілеті екі түрлі дамиды.

Біріншіден, баланың осы кезге дейін жинақтаған тәжірибесін меңгеруге бағытталған оқу - әрекеті арқылы дамиды, білім, білік, дағдыны қабылдайды. Екіншіден, кез - келген оқушы шығармашылық тапсырмалар орындау, ойлау арқылы өзін дамытады. Осыған дейін көрген іс - тәжірибем мен мектептегі ұстаздардың әдіс-тәсілдерін саралай келе, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту арқылы сабаққа деген қызығушылығын, ақыл - ойын дамытуды, қабілетіне қарай қарастырдым.

Эксперимент нәтижесінде дамыта оқыту технологиясы орташа оқушылардың басым бөлігі жоғары деңгейге дейін көтеріліп, зерттеу болжамының дұрыстығы дәлелденді.

Әдістемелік жүйе әр оқушының сабақ үстінде өз күш-мүмкіндігін белгілі бір дәрежеде жүзеге асыруға жағдай жасайды. Танымдық қызмет пен жұмыс қабілетін тиісті деңгейде ұстау үшін мұғалім оқушылардың денсаулық және көңіл-күйі жағдайын түсінуіне тікелей байланыста болатын әдіс-тәсілдер тізбегін қолданады. Бұл оқушылармен жұмыстанудың әдіс-тәсілдерін өзгерту үшін қарым-қатынастың әр нақты сәтінде ескеріледі. Біз оқушылардың жалпы дамуы жүйесіндегі нәтижелілікті зерделеу барысында кейбір тұжырымдар жасауымызға болады: Байқай білуі жөнінде әңгіме, бұл

арада талдай білу байқампаздығында. Балалар кез-келген объектіден барынша көп белгілерді таба алады, яғни ұзақ бақылауға қабілетті: Балалар көргенін ой қорыту тұрғысында айтып бере алатын болады.

Оқушылар өздігінен бірқатар заттарға тән жалпы белгілерді бөліп атай алады, бір немесе бірнеше белгілер бойынша топтарға жіктеуге қол жеткізеді. Барлық ой амалдары сөзбен толық есеп беруге ұласып отырады. Жасаған қадамдарын өздігінен негіздеуге ұмтыла отырып, олар өз ойболжамдарын, олардың кейде қате, шикілеу болып шығуынан именбей дауыстап талқыға салады. Мұның өзі олардың ойының ұғынықты және сындарлы екенін көрсетеді. Оқушылар алда тұрған ой операцияларын жоспарлауға және орындалатын амалдар барысын сөзбен айтып жеткізуге қабілетті.[3,30]

Эмоциялық даму орайында жаттығуға байланысты, эмоциялық әрекеттердің жарқырай көрінуі байқалады. Бұл оқыту әдістерінің тек интеллектке ғана емес, сонымен бірге ішкі сезімдерге бағытталып жүргізілетінінің нәтижесі. Ерік-жігерлі даму орайында өзін-өзі қадағалауға және өз іс әрекеттері мен қимылдарын реттеуге бағыттай білу қасиеттерін атап өткен жөн. Балаларды қадағалау орайында баға соңғы нәтижесі үшін емес, оны қабылдап алу процесі үшін, соның өзінде біз оқушыны қайсыбір амалдары орындау тұрғысында бір-бірімен салыстыру арқылы емес, өзін өздерімен, кешегі білім деңгейімен салыстыра отыру негізінде қойылады.

Дамыта оқыту – дәстүрлі оқытуға соңғы уақыттарға дейін балама жүйе деп қарастырылды. Оның нәтижесінде әр оқушы өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, соған оқыту барысында лайықты жағдайлар жасау үлкен нәтиже берді.

Дамыта оқытуда баланың ізденушілік – ойлау әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді. Сабақ мұндай жағдайда төмендегідей 3 құрамдас бөліктерден тұратын болады.

1. Оқу мақсаттарының қойылуы.
2. Оны шешудің жолын бірлесе қарастыру.
3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Бұл – үшеуі дамыта оқытудың Д.Б.Элконин – В.В.Давыдов жасаған жүйесінің негізгі компоненттері.

Дамыта оқыту технологиясының нәтижелері:

1. түрлі әдістерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі;
2. оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады;
3. олардың әрқайсысының деңгейін анықтауға болады;
4. оқушылардың көбін бағалауға мүмкіндік бар;
5. оқушыларды ізденіске баулып, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді;
6. оқушылардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады;

7. жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауға, өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастырады

Бастауыш білім беру деңгейінде қолданылатын оқыту технологиялары төмендегі негізгі талаптарға сәйкес болуы керек. Оқу үрдісінде білім алушылардың өздерін еркін сезінуіне жағдай туғызу. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын дамыту, күтілетін нәтижелерге жетуге талаптандыру.

Жеке бас дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдерді қолдану.

Өз бетімен жұмыс істеп, шешім қабылдауға мүмкіндіктер туғызу.

Дамыта оқытуда баланың ізденушілік - зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің осы кезге дейінгі білетін тәсілдерінің жаңа

мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезініп, содан барып оның білім алуға деген ынтасы артып, білім алуда әрекет жасайды.

Дамыта оқыту технологиясы сабақта проблема қою әдісін қолданып отыруды көздейді. Дамыта оқыту технологиясында оқушының барлық оқу әрекетіне мұғалім басшылық, бағыттау жасап отырады. Дамыта оқыту оқушының ойлау қызметімен қатар олардың оқу білігін дамытуды көздейді.

Дәстүрлі оқытуда жаңа материалды бала игеру үшін сабақтың кез келген кезеңінде алдымен мұғалімнің шебер басшылығы қажет етіледі. Басқаша айтқанда мұғалім оқуды қалай түсіндіруі, қай жерде бақылауы, түзетуі керек екенін айқын білуі шарт. Неғұрлым мұғалім өзінің осы міндеттерін дұрыс орындаса, соғұрлым баланың сабақ материалын игеруі жеңілдей түседі. Екіншіден, жұмыс нәтижелі болу үшін оқушының мұғалім қойған талаптарды мүлтіксіз орындауы қажет етіледі. Демек, оқушы алдын – ала программалап қойған іс – әрекеттің қатысушылары ғана болып қалады. Нәтижеде оларды тек жақсы орындаушылық қабілеттер қалыптасады. Сондықтан да тіл алғыш, айтқанды бұлжытпай орындайтын оқушы дәстүрлі педагогиканың идеялы, мұраты болып саналады.

Дамыта оқыту технологиясындағы ең басты нәрсе – оқушыларды шығармашылық әрекет жағдайына енгізу болып табылады. Мұның өзі оқытудың эвристикалық және зерттеу әдістеріне ерекше мән берілетінін көрсетеді.

Бұл әдістер мұғалімнің «дәстүрлі емес тапсырма түрлерін ізденудің объектісі» ретінде қоюы, «жекеліктен жалпыны тауып шығару», «қалыптасуы тиіс», «әрекеттің жалпы моделін құру», «аналогтарды пайдалану», «объектінің жаңа қызметін көру», т. б. сияқты оқушыларды шығармашылық ізденіске жетектейтін іс – әрекетке қосатын, оқушыны «өз ерекшелігі оқыту барысында өзгеріп, жаңа кескінге алмасып отыратындығы ақиқат екенін еске салады. Оқыту бұл жағдайда абстрактіден қарапайымға қарай түзіледі деген пікір айтады. Бұған соңғы уақытта көз жете бастаған сияқты. Кейінгі жылдары дамыта оқыту психология мен педагогика ғылымдарының келелі мәселесіне айналды. Жүйенің авторлары «дамыта оқыту деп – оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс – тәсілдері баланың даму заңдылықтарына сәйкестендірілген оқытуды» атайды.

Оқыту арқылы баланың психикасында жаңа құрылымдар пайда болуы, яғни жаңа сапалық өзгерістер болуы тиіс деп есептейді. Жүйенің басты мақсаттарының бірі – баланы оқыта отырып жалпы дамыту, оның еркіндігін қалыптастыру, өз бетінше ізденуге, шешім қабылдауға дағдыландыру, жекелік қасиеттерін ескеру, басшылыққа алу, әрі қарай ұшқырлау, тұлғалыққа бағыттау. Дамыта оқыту – дәстүрлі оқытуға соңғы уақыттарға дейін балама жүйе деп қарастырылды. Оның нәтижесінде әр оқушы өзін - өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, соған оқыту барысында лайықты жағдайлар жасау үлкен нәтиже берді.

Дамыта отырып оқыту жүйесін жақтаушылар (А. А. Леонтьев) да жоғарыдағы пікірді қостай келіп, қазіргі заманғы мектептің мақсаты -оқушының тек қана «ең таяу даму аймағына» қол жеткізуін қамтамасыз ету және оның білімін арттыру ғана емес, сонымен қатар баланың жеке адам ретінде жан - жақты дамуын және бүгінгі ғана емес, ертеңгі дамуына жол ашу, дайындау екендігін баса айтады.

Оқыту мен дамудың арақатынасы жөніндегі мәселелердің шешілуі дамудың екі өрісіне байланысты. Бала меңгерген нәрсе оның кешегі күні, өткен кезеңі болып табылады. Дамудың аяқталған кезеңіне негізделген оқыту табыс әкелмейді немесе ол баланың дамуға деген қажеттерін қанағаттыра алмайды. Оқушыға өте жеңіл тиетін білім өзін ынталандырмайды, таным мен табыс қызықтырмайды. Л. С. Выготский ойынша, оқыту баланың ертеңгі күніне бағдарлануы тиіс, яғни, бала өзінің пісіп - жетілген мүмкіндіктерінің деңгейінде емес, дамуға бейімделген бағыттар деңгейінде болуы тиіс. Оның ертеңгі күнін дәл осы бағыттар белгілейді. Бұл идеяны Л. С. Выготский одан әрі

былайша сабақтайды; «Оқыту мен даму тікелей сәйкес келмейді, олар бір - бірімен өте күрделі оқыту ғылыми теориядан практикалық іс - тәжірибеге батыл ене бастады.

Дамыта оқытуда баланың ізденушілік - зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып ол білім алуға әрекеттенеді.

Білім беру жүйесінің мазмұны қоғамдық ағымдағы және болашақ қажеттіліктерді ескеріп және адам танымының ерекшеліктерін бейнелеп, әлеуметтік даму деңгейін есепке алудың негізінде қоғамға қабылданған білім берудің даму тұжырымдамасына сәйкес келуі тиіс.

Бастауыш сынып оқушыларының өзіндік көзқарасын қалыптастыру мен жеке дамуын қамтамасыз ету бүгінгі күннің басты талабы. Өйткені мектеп жасына келген баланың ынтасын жоймаудың басты тәсілі – олардың шығармашылық талабын қанағаттандыру, ынтасын оятып, білім алуға шабыттандыру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аренова А. Дербес оқу әрекетінің теориялық негіздері. /А.Аренова. //Бастауыш мектеп. – 2001.-№4.- 22 б.
2. Жарықбаев Қ. Әдет және жантану. /Қ.Жарықбаев.-Алматы: 1994.-144 б.
3. Жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасы.
4. Қоңырбаева К. Дарынды балаларды оқыту мәселелері. Қазақстан мектебі.- 2000.- №3.- 17-18 б.
5. Қасенбаева Л. Тиімді әдіспен. Бастауыш мектеп.- 1998.-№3.-30-31 б.
6. Құсайынова З. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту./З.Құсайынова. //Дарын.- 23 б.

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

Ақышева Балайым Жансейітқызы
Айнабекова Ақмарал Сабитқызы
қазақ тілі, әдебиет мұғалімдері
А.М.Горький атындағы гимназия

Аннотация

XXI ғасыр — озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану - заман талабы. Әсіресе тіл үйренуде мұның пайдасы өте зор. Себебі тіл үйрену арқылы адам бүкіл бір ұлттың мәдениеті мен әлеуметін қатар үйренеді. Адам көру, есту арқылы тіл қолданушылардың мәдениетін тезірек сезінеді. Яғни өзінің де сол тілді меңгергендердің қатарына қосылуы жеңілдей түседі. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға оқушының жеке бас тұлғасын, білім алу арқылы азамат ретінде дамуын қойып отыр.

Жаңаша оқыту технологиясы — белгіленген мақсатқа нәтижелі қол жеткізуді қамтамасыз етуде оқытудың формасы, әдістері мен құралдарын ашып көрсету

Аннотация

XXI век – век передовых технологий. Поэтому, правильно использовать новые технологии в системе образования – это требование времени. Особенно это необходимо при изучении языка. Потому что при изучении языка он знакомится с культурой и обществом целой нации. Посредством языка через умение видеть и слышать он быстрее чувствует культуру. То есть изучая язык он встает на первый ряд с теми кому легко изучать язык. Парадигма нового образования ставит вперед развитие человека как гражданина, а не личность.

Технологии обновленного содержания обучения – это форма обучения, которая формирует умение добиваться целей, раскрыть методы и способы работы с инновационными технологиями

Abstract

XXI century is the century of Hi-tech. That is why it is necessary to use new technology in education. And this is time requirements. It is especially necessary when you learn languages. When you learn language, you get acquainted with culture and all nation. You can feel the culture and learn to see and hear it due to language. New education paradigm is to consider a person not as a personality but as a citizen.

Aim: the technology of modern content of education – is a form of education which is form the ability to achieve the aims, reveal methods and ways of working to with new technologies.

XXI ғасыр — озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану - заман талабы. Әсіресе тіл үйренуде мұның пайдасы өте зор. Себебі тіл үйрену арқылы адам бүкіл бір ұлттың мәдениеті мен әлеуметін қатар үйренеді. Адам көру, есту арқылы тіл қолданушылардың мәдениетін тезірек сезінеді. Яғни өзінің де сол тілді меңгергендердің қатарына қосылуы жеңілдей түседі. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға оқушының жеке бас тұлғасын, білім алу арқылы азамат ретінде дамуын қойып отыр. Жаңаша оқыту технологиясы — белгіленген мақсатқа нәтижелі қол жеткізуді қамтамасыз етуде оқытудың формасы, әдістері мен құралдарын ашып көрсетіп, оқу бағдарламасында белгіленген оқытудың мазмұнын жүзеге асыру тәсілі. Оқытуды жаңаша ұйымдастыруда мына міндеттерді қамтуы тиіс: оқушыларды оқу үрдісін басқаруға қатыстыру; ұжымдық іс-әрекетті ортақ қарым-қатынас құралы ету; деңгейіне қарап саралап, ерекшелігіне қарап даралап оқыту.

Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологияларына дамыта оқыту, модульдік оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту; сатылай комплексті талдау, VTS бағдарламасы, деңгейлеп оқыту, жобалау технологиясы, сын тұрғысынан ойлау технологиясы, саралап, даралап оқыту технологиясы жатады. Соңғы жылдары ең жиі қолданатын технологиялар – бұл жобалау технологиясы, саралап, даралап оқыту және сын тұрғысынан ойлау технологиялары. Дәл осыларда тоқталайық.

Жобалау технологиясын қолданудағы негізгі мақсат – оқушылардың қызығушылық ынтасын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы оқушыны болашақта әр түрлі жағдаяттарда, әр түрлі қоғамдық ортада өзін өзі көрсете білуге бейімдеу. Жобалай оқыту технологиясының философиялық, гуманистік, психологиялық мүмкіндіктері оқушының жеке тұлғасын дамытуға бағытталады. Өз бетімен қазақ тілі бойынша берілетін түрлі жобаларды қазақ тілінде орындау барысында оқушы «білім іздеудің өзіндік сүрлеуін» қалыптастырады және ол сүрлеу оқушының өмір бойғы білім алуы дағдыларын дамытады. Бұл технологияның артықшылығы—жоба жұмысын орындау арқылы оқушы өздігінен шешім жасауға үйренеді, жобаның орындау логикасын анықтайды. оқушы тілді меңгеру үдерісінде қазақ тілін оқып-білудің негізгі әрі белсенді субъектісіне айналады. Оқушының білім деңгейін дамытуға көмектеседі, себебі ол өз бетінше әрекетке түсіп, ізденеді, тақырыпты өзі таңдауына мүмкіндік алады.

Жобалап оқыту технологиясы арқылы қазақ тілін меңгертудің ережесі мынадай: тақырып (жобалық) оқу бағдарламасына сәйкес болуы керек және ол оқушының қызығушылығын тудыруы қажет; оқытушының рөлі өзгереді, ол тек қана ұйымдастырушы әрі кеңесші болуы тиіс; жобалап оқытудың өн бойында іздену әрекеті, зерттеу әрекеті, талдау және жинақтау әрекеті ұйымдастырылады. Сонымен бірге, ізденуші жеке жұмысының жобасын ұсынып, оны нәтижесінде дәлелдеу үшін жоспар жасайды, сызба, кескіндеме, диаграммалар пайдаланылады; талқыға ұсынылатын тақырып кең және ашық болуы қажет; жобаны қорғау жұптық (диада), үштік (триада) және топтық шеңберде орындалуы қажет Осындай жұмыс тобын құру тілдік тұлғаның қазақ тілін жетік меңгеруге және шығармашылық белсенділігін тудыруға, топ мүшелерінің өзара ынтымақтастықта жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Сондай-ақ, қазақ тілін оқыту технологияларын қолдану арқылы оқушы білімінің сапасын көтеру үдерісі –

оқыту технологияларының сапасын, оқушының сол технология бойынша қазақ тілінен алған білімінің сапасын, қазақ тілін үйретуші оқытушылардың шығармашылық жұмысының сапасын, қазақ тілін үйрету әдістерінің сапасын танытатын, анықтайтын ерекше дидактикалық үдеріс. Қазақ тілін жобалай оқыту технологиясының сапасы оның қол жеткізілетін түпкі нәтижесі арқылы өлшенеді

Саралап даралап оқыту. Жаңартылған мазмұн жағдайында оқытуды саралаудың маңыздылығы артуда. Зерттеулерде ішкі және сыртқы саралау түрлері айқындалған. Ішкі саралау кезінде оқушылар топқа бөлінбейді, оқу үрдісінде мұғалімдер оқушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық қолдау көрсетеді. Сыртқы саралау кезінде гимназия сыныптарында білім алушы оқушылар үшін факультатив және бейіндік пәндер бойынша қосымша сабақтар ұйымдастырылып, оқушылар белгілі бір критерийлерге сай бөлінеді. Сыртқы саралау барысында белгілі бір мақсатқа сай түзету, жетілдіру, педагогикалық қолдау көрсету шаралары, оның ішінде дарынды балалармен жұмыс, қосымша шығармашылық тапсырмалар арқылы дамыту, мамандықты игеру немесе жоғары оқу орындарына дайындық жұмыстары жүзеге асырылады.

Жоғарыда аталған сипаттамалар бойынша саралаудың төмендегі алты түріне тоқталғым келеді:

1. Мақсат бойынша саралау сабақты жоспарлаудан бастау алып, оқушылардың көпшілігі, басым бөлігі, кейбір оқушылар (дарынды) үшін қол жетімді тапсырмаларды орындауға бағытталады.

2. Ресурс немесе мәтін бойынша саралау түрі ілгері деңгейдегі, мазмұны терең ресурстармен жұмыс жүргізуге бейім балаларға арналады. Оқушылар бәріне ортақ бір сұраққа жауап бергенімен, күрделілік деңгейі әртүрлі ресурстарға сүйене отырып, өз жауаптарын негіздей алады. Тарих және география пәндері бойынша негізгі ақпараты бірдей түрлі деңгейдегі мәтіндер әзірлеуге болады. Оқушының жұмыс жасау деңгейіне байланысты мұғалімдер ұсынылатын ресурстарды біртекті етпей, оқушыларға түрлі ақпаратты қол жетімді ету шараларын ойластыруымыз қажет.

3. Тапсырма бойынша саралау (деңгейлік тапсырмалар) түрі негізгі мазмұнды қамтитын түрлі тапсырмалар ойластыруды көздейді. Оқушыларға түрлі таратпа материалдарын, кеспе қағаздар мен жаттығулар ұсынуға болады. Кейбір мұғалімдер әр түрлі балаларға ұсынылатын деңгейлік тапсырмалардың элеуметтік салдары туралы айтады. Мүмкін, олардың пікірі де дұрыс болар, бірақ өз деңгейі үшін күрделі болып шамасы жетпей немесе тапсырма өте жеңіл болғандықтан қызығушылықтың жойылуымен салыстырсақ, элеуметтік салдардың рөлі төмен деуге болады.

Аталған саралауды әр баланың қабілеті бойынша рөлдер мен жауапкершілікті бөлу арқылы жүргізілетін топтық жұмыс (мүмкіндіктеріне сай жобаның бөліктерін орындау т.б.) барысында қолданған дұрыс болар. Тапсырмалар бойынша саралау барысында таратпа материалды қолдану деңгейі біртіндеп күрделенеді. Бастапқы тапсырмалар кейінгі тапсырмаларға қарағанда жеңіл болғанымен, кейбір оқушылар үшін қиындық туғызуы мүмкін. Кейінгі тапсырмалар күрделірек болғанымен, бастапқы деңгейді нәтижелі орындаған қабілетті оқушылар үшін қиындық туғызбауы да мүмкін. Мұғалімдер саралаудың осы түрін қолдану тиімді деп санайды, себебі баршаға бірдей тапсырмалар мен таратпа материалдар дайындалады. Дегенмен, қабілеті жоғары оқушылар бастапқы, яғни өздері үшін тым жеңіл тапсырмаларды орындау барысында уақыт жоғалтады.

4. Диалог негізінде саралау. Кез-келген білім алушы үшін маңызды ресурс - қағаз емес, электронды құрал емес, адами ресурс. Диалог негізінде саралау барысында мұғалім мен оқушы арасындағы сұхбатқа мән беріледі. Диалог арқылы саралаудың түрлі аспектілері бар. Сөздік қор және қолданылатын тілдің мүмкіндіктері мен күрделілігі әр оқушының қабылдау деңгейіне сай бейімделеді. Қабілеті төмен оқушы ақпаратты қарапайым тілмен түсіндіруді қажет етеді, деңгейі жоғары оқушы мазмұны күрделі

диалогты талап етеді. Барлық оқушыға диалог аясында сындарлы кері байланыс берілуі қажет. Сыныпты басқарушы тәжірибелі мұғалім әр оқушының даму траекториясын қалыптастыру үшін олардың қабілеті мен сұранысына сай тиімді кері байланыс ұсына білуі тиіс.

5. Оқушыға жеке қолдау көрсету арқылы саралау түрі жоғарыда аталған диалог арқылы саралаумен байланысты, себебі кейбір оқушылар белгіленген мақсатқа қол жеткізуі үшін арнайы көмекті қажетсінеді. Көмек ауқымы мен деңгейі де оқушы қажеттілігіне сай сараланған болуы тиіс. Бұл қолдау мұғалім немесе басқа да үлкендер тарапынан көрсетілуі мүмкін. Оқушы қолдауды басқа оқушыдан, компьютерден немесе ақпараттық технологиялар арқылы алуы мүмкін. Қабілетті оқушыға жеке оқыту бағдарламасы бойынша қолдау көрсетуге болады. Қабілетіне, деңгейіне қарамастан әр оқушы қолдауға лайықты, сабақ жоспарын мұқият ойластырған мұғалім ғана педагогикалық қолдауды сараланған нұсқада ұсына алады.

6. Қарым-қатынас формалары бойынша саралау (топтық жұмыс) Ынтымақтастық (коллаборативті) оқыту – саралаудың тиімді тәсілі болып табылады. Шағын топтарда қабілеті орта оқушы өзінің құрбысынан көмек алуға мүмкіндігі бар, ал қабілетті оқушылар өз ойы мен идеясын жүзеге асыру арқылы топ жұмысына үлесін қоса алады.

Жаңаша оқыту технологиялардың бірі — «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы — технологиялардың ішіндегі шоқтығы биік, ерекшелігі мол, құнды технология. Сын тұрғысынан ойлау— бұл ақпарат пен ойдың бірігіп алудың шынайы тәсілі. Ақпаратты алу ғана емес, сонымен қатар алған ақпаратты сыни тұрғыдан бағалап, ой елегінен өткізу арқылы қолдану. Бұл қиын тапсырманың шешімін табу үшін жасалатын дұрыс шешім. Сол шешімге сенудің бірден бір жолы. Оқушының дұрыс ойлануына жасалатын ой моделі және ой әрекетінің қызметі, шығармашылық ойлауын дамытатын ең маңызды бағыт.

Сын тұрғысынан ойлаудың 5 қыры бар: өз бетімен ойлау; ойын қорыту; проблемалық және сол ойын бағалай білуі; ойын дәлелдеуі; сын тұрғысынан ойлаудың өзі әлеуметтік ойлау болып табылады (өмірмен байланысты). Сын тұрғысынан ойлау технологиясы анықтағандай 6 компоненттен тұрады.

Сыни ойлаушы: Өз ойын қалыптастыра біледі; Әртүрлі ойлармен санасып, өз ойын дәлелдеуге тырысады; Тақырып бойынша мәселені шеше біледі; Дәлелді пікірталас құра алады; Бірлескен жұмыстан түбегейлі шешім шығаруды толықтай құптайды; Кезкелген сұрақтың шешімін табу үшін адамның қабылдауының өзі көптеген факторлардың әсерінен болатынына түсінеді және бағалай біледі. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының негізгі белгілері: Осы технологияның мақсаты-оқушылардың ойлау дағдыларын, оқуда ғана емес тұрмыстық өмірде де (толық түбегейлі шешім қабылдауға, түрлі жағдайлардың қыр-сырын білуге, ақпаратпен жұмыс жасауға және оны талдай алуына) дамыту; СТО технологиясының негізі— сабақтың үшбағыттық құрылымында: Ой шақыру; Ойлау; Кері байланыс; Ой шақыру тапсырмалары: Өтілетін (оқытылатын) материал бойынша оқушылардың білімдерін жаңарту, не болмаса естеріне түсіру; Өтілетін материалға деген оқушылардың қызығушылығын ояту; Өтілетін тақырыпты оқушылардың өздері анықтауға мүмкіндік беру. Ойды жүзеге асыру үшін берілетін тапсырмалар— Өтілетін тақырыпты белсенді меңгеруіне жағдай жасау; Өткен тақырып пен жаңа тақырыпты байланыстыра білуге жағдай жасау;

Кері байланыстың тапсырмалары - Өтілген тақырып бойынша өз ойын қорытуға көмек беру; Келесі тақырыпты өзбетімен анықтауға көмек беру. СТО дамытудың түрі мен құралдары: Тақырып бойынша жинақ; Мәтіндер талдауы; Түрлі көзқарастағы тапсырмалар құрастыру; Ұжымдық пікірталас; Топпен және жұппен жұмыстардың әртүрі; Дебаттар; Пікірталастар; Оқушылардың жазба жұмыстарын жариялау; СТО-жазба жұмыстары (оқушылардың жазған «Эссе», «5 жолды өлең» жинап отыру. СТО технологиясындағы мұғалім ролі: Оқушыларды анықталған бағытқа бағыттау; Түрлі

пікірлермен бетпе-бет келеді; Өз бетімен дұрыс шешім шығаруға жағдай жасайды; Оқушыларға өзбеттерімен шешім шығаруға мүмкіндік береді; Қалыптасқан танымдық ішкі жағдаяттарды дайындайды; СТО технологиясының негізгі тәсілдері: «Жуан» және «жіңішке» сұрақтар кестесі, Блум сұрақтарының түймедағы, Шығармашылық сұрақтар, Практикалық сұрақтар, Кластерлер, Өтілетін материалдың көру айғақтарын ұйымдастыру формалары, Проблеманы шешу дағдысын дамыту бойынша тәсіл, Пікірталасты жүргізу дағдысын жетілдіру тәсілі және т.б..

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы несімен өзіне баурап алды: кез келген ұстазға сапалы сабақ беруге мүмкіндік береді; оқыту мен ұйымдастырудың тиімді әдістерінің көптігі. Бұл бағдарламада жүзге тарта стратегия бар екені белгілі. Сол әдіс-тәсілдерді жақсылап игеріп, ішінен қажеттілерін таңдау арқылы әр сабақтың мақсат-міндеттерін тиімді де оңтайлы жолмен жүзеге асыруға мүмкіндік мол. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау сабақтарында мына мәселелерге назар аударылады: Сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау.

- Сенімділікке тәрбиелеу үшін баланың жауабын санмен бағаламау.
- Қиялын дамыту үшін «менің ойымша» деген жауапқа дағдыландыру.
- Әр түрлі жауапқа бірдей қарау, жақсысын мадақтап, нашарын сынамау.
- Тіл байлығын дамыту үшін, қалайда жауапты соңына дейін тыңдау.
- Жауап беруге тілек білдірмеген баланы өз еркінсіз, қинап сұрамау.
- Баланың дүниетанымының кеңіп, рухани өсуіне жағдай жасау.
- Жеке тұлға ретінде «мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру.

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасының маңыздылығы - бұл жүйенің бір ерекшелігі, кез келген ақпараттың жан-жақты ой елегінен өткізіп барып қабылданатындығы. Екінші бір ерекшелігі, жеке емес, топтық не ұжымдық талқылаулар түрінде игерілетіні. Бұл бағдарламаның тиімділігі негізгі қағидалары мен мақсат-міндеттері дамыта-тәрбиелей отырып, шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағытталған.

Осы технологиямен жұмыс істеу арқылы мынадай жетістіктерге жеттік: «Сын тұрғысынан ойлау» сабақтарында білім беріп, икем-дағды қалыптастырып қана қоймай, ұжымдық шығармашылық іс-әрекеттер арқылы бала болашағына ықпал етіп, оның өз білімін жетілдіре отырып, өзін-өзі тәрбиелеп дамытуына жағдай жасауға болады екен. Кез келген баланың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, оқытуды жеке тұлғаға бағыттау арқылы кез келген сабақтың дамытушылық және тәрбиелік мүмкіндіктерін тиімді пайдалану осы жүйені қолдану барысында ойдағыдай жүзеге асады. Сабақтың тартымды өтуі, ұтымды тәсілдерді дұрыс қолдана білу бүгінгі мұғалімнен ізденісті талап етеді.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттар ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту мұғалімнің басты міндеті болып тұр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абдиева Ш.Д. Жобалау әдісін қолдану арқылы тіл үйренуге деген белсенділігі мен қызығушылығын арттыру // Қазақ тілі мен әдебиеті. №3, 2010
2. Бабаев С., Қазиева К. Педагогикалық инновациялар мен педагогикалық озат технологиялар — талапшаң мұғалім еншісі 2011 № 4.
3. Ишанғалиева А.М. Құзыреттілік — білім мен мүмкіндіктің бірігуі № 2.
4. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
5. «Қазақ тілі мектепте» журналы №4, 2014 жыл
6. Қисымова Ә.Қ., Увалиева Т.Ж. Оқыту технологиялары. – Алматы. 2007
7. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.
8. Пахомава Н.Ю. Проектное обучение – что это?// Методист. №1, 2004
9. Сатбекова А.А. Қазақ тілін жобалау әдісі арқылы оқыту жүйесінің дидактикалық ұстанымдары // Білім – Образование. №3 (27), 2006, 48-52бб.

ДИАЛОГ НА УРОКЕ – ЭФФЕКТИВНЫЙ СПОСОБ РАЗВИТИЯ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ

Алёшина Ирина Александровна.
учитель начальных классов
гимназии А.М. Горького
г. Костанай

Аннотация

Мақалада сыниойлау дағдыларын дамыту үшін диалогты пайдаланудағы бастауышсынып мұғалімінің тәжірибесі сипатталады.

Мақсаты: сыниойлауды дамытудағы диалогтың рөлін анықтау. «Күрделі ойлауды дамытатын» кейбір әдістерін қолдануды көрсетіңіз, оларарқылы жоғары деңгейлі ойлау дағдылары дамытылады.

Аннотация

В статье описан опыт работы учителя начальных классов по применению диалога для развития навыков критического мышления.

Цель: раскрыть роль диалога в развитии критического мышления. Показать применение некоторых приёмов «Технологии развития критического мышления», посредством которых развиваются навыки мышления высокого порядка.

Abstract

The article describes the experience of the elementary school teacher how to use dialogues to develop young learners' critical thinking.

Goal: to describe the role of the dialogue in developing young learners' critical thinking, to demonstrate some technics of "Critical thinking development technology" using which skills of high order thinking can be developed.

Түйінді сөздер: сыниойлау, диалог, мотивация, практикалық қызмет, зерттеу, түсіну.

6. Тыңдалым материалдары бойынша жауап беру	8.6.Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру

Қойылған мақсаттарға жету үшін қажетті қадамдарды, жұмыс түрлерін ойластыру керек, өйткені қазақ тілінде тілдік орта қалыптаспаған аймақтарда тұратын оқушылармен жұмыс істеуге өте қиын. Әр дағды бойынша бірнеше жұмыс түрлерін сынақтан өткіздік. Нәтижесінде, келесі тапсырмаларды оқушыларға ұсынуға болады:

Болжау.

1. «***» деген мәтін не туралы болуы мүмкін?
2. «***» деген мәтінде қандай сөздер болуы мүмкін?
- 3.«***» деген мәтінде қандай сөз тіркестер болуы мүмкін?
- 4.«***» деген мәтіннің негізгі ойы қандай болуы мүмкін?
- 5.«***» деген мәтінде қай сұраққа жауап болуы мүмкін?

Назарын шоғырландырып тыңдау.

1. Мәтіннің неше бөлімі бар екенін анықтау.
2. Әр бөлім не немесе кім туралы екенін анықтау.
3. Әр бөлімнің тақырыбын анықтау.
4. Әр бөлімнің тірек сөздерін анықтау.
5. Әр бөлімнің қай сұраққа жауап беретінін анықтау.

Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну

Сына жазуы	айтпақ болған ойды бейнелеу
Пиктограмма	б.з.б. 4 – 3-мыңжылдықтарда Алдыңғы Азияда кең тараған көне жазу түрі
Сурет салу	шартты түрде бейнеленген суреттер арқылы ойды, ұғымды білдіретін ертедегі жазу түрі

Негізгі ойды анықтау: _____

Тыңдалым материалдары бойынша жауап беру.

Осыған бірнеше мыңдаған жыл бұрын адамдар бір нәрсені айтқысы келгенде не істеген?

Пиктограммалық жазуы Қазақстанның қай жерлерінде кездеседі?

Сына тәріздес таяқшаларды неге басып таңбалар қалдырған?

Өзін-өзі бағалау, рефлексия ретінде келесі бағалау кестесін толтыру барысында оқушылар өз жетістіктерін, өзінің кемшіліктерін анықтап, әрі қарай не істеу керек, қандай түзету жұмыстарын орындауын жоспарлай алады.

тыңдалым бойынша өзін-өзі

бағалау парағы

Дағды	Талаптар	Жоғары	Орташа	Төмен
1. Болжау	Мәтіннің мазмұны бойынша дайындалған сұрақтардың жауабына болжам жасадым			
2. Назарын шоғырландырып тыңдау	Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіндім, детальді ақпараттарды анықтадым			
3. Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну	Оқу - еңбек тақырыптарына байланысты күрделі сөздер мен тұрақты тіркестердің мағынасын түсіндім			
4. Көркем шығармаларды тыңдау	Орта көлемді прозалық, драмалық және поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдап, тақырыбы мен идеясын талдадым			
5. Негізгі ойды анықтау	Тірек сөздер, автор көзқарасы мен көңіл күйі арқылы негізгі ойды анықтадым			
6. Тыңдалым материалдары бойынша жауап беру	Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап бердім			

Мына кестені бірнеше сабақтан кейін өзгертуге болады:

1. Болжау: 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

2. Назарын шоғырландырып тыңдау: 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

3. Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну: 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

4. Көркем шығармаларды тыңдау: 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

5. Негізгі ойды анықтау: 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

6. Тыңдалым материалдары бойынша жауап беру: 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

«Көркем шығармаларды тыңдау» дағдысына ерекше назар аудару. Әдебиет шығармаларының мәтіндері орыс тілді оқушыларға түсіну бүгінгі таңда өте қиын. Сондықтан Н. Оразахынованың «Сатылай кешенді талдау» технологиясына сүйеніп, келесі кестені толтыруды ұсынуға болады [3]:

Шығарманың	
Атауы	
Авторы	
Жанры	
Тақырыбы	
Идеясы	
оқиғаның басталуы	
оқиғаның шиеленісуі	
оқиғаның шарықтауы	
оқиғаның аяқталуы	

Орыс тілді мектептердегі қазақ тілі қазақ әдебиетімен қоса берілетін болғандықтан, коммуникативтік әрекеттерге талап өзгергендіктен, қалыптасқан әдіс-тәсілдер заманға сай нәтиже бермегендіктен, мұғалімдерді ізденуге мәжбүр етеді. Аздаған тәжірибе алғашқы жемісін бере отырып, болашақта көптеген жұмыс түрлерін ойластыруға жетелейді. Жоғарыда ұсынылған жұмыс түрлері мен бағалау кестелері қатып қалған нәрсе емес, оқушылардың дағдылары дамумен бірге өзгереді және күрделенеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан, http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nanazarbaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-5-kazan

2. «Қазақ тілі мен әдебиеті» бағдарламасы, Білім және ғылым министрі міндетін атқарушысының 2017 жылғы 25 қазандағы №545 бұйрығы

3. Н.А. Оразахынова «Сатылай кешенді талдау технологиясының ғылыми – әдістемелік негіздері». Монография. – Алматы: ТОО Фирма «Дайыр», 2007. – 289 б.

ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНУ

Бадаева Менсулу Сейдағалиевна
Кейкі батыр атындағы
№4 жалпы орта білім беретін мектебі
Арқалық қаласы

Аннотация

Бұл мақалада автор жаңартылған оқу бағдарламасының мазмұндық ерекшеліктеріне тоқталған, қазақ тілін оқытуда жиі қолданылатын жаңа әдіс-тәсілдерді ашып көрсеткен. Сабақтағы тиімділігіне назар аударған. Сабақ мақсатына сәйкес әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдап алу табысты сабақ негізі екендігін, сондықтан қазіргі таңдағы педагогика жаңалықтарын пән ерекшелігіне қарай қолдану керектігін жеткізеді.

Аннотация

В докладе автор останавливается на особенностях обновленного содержания учебной программы, инновационных методах и приемах, используемых на уроках казахского языка.

Автор акцентировать внимание на правильном выборе методов и приемов для достижения целей урока в частности, его эффективности и актуальности в целом.

Abstract

The author focuses on correct choice of the method and techniques for achieving the objectives of the lesson in particular, its effectiveness and relevance in general.

Түйінді сөздер: жаңартылған оқу бағдарламасы, әдістер, тиімділігі, табысты сабақ, педагогикалық ізденіс

Ключевые слова: обновленное содержание учебной программы, приемы, эффективность, успешный урок, педагогический поиск

Keywords: updated curriculum content, tricks, effectiveness, successful lesson, pedagogical search

Оңтайлы білім беру жүйесі - еліміздің және қазақстандық қоғамның тұрақты экономикалық өсімін қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі.

Президент Н.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына жолдауында атап көрсетілгендей, бүгінде әлем Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келеді. Бұл жағдайда білім беру сапасын арттыруға, білім беру жүйесін жаңғыртуға ерекше назар аударылуы қажет.

Жаңа жағдайда білім беру жүйесінен, оның сапалы және өмір бойына үздіксіз болуы талап етіледі. Сондықтан Қазақстанның білім беру жүйесінің алдына оқытудың қазіргі уақыттағы әдістері мен бағдарламаларын меңгеру, оқыту сапасын арттыру, сұранысқа ие білім мен дағдыларды беру, қоғамдық сананы жаңғырту, функционалдық сауаттылықты, үштілділікті, сын тұрғысынан ойлауды және басқаларын дамыту міндеті қойылған. [1, б. 3].

2016 жылдан тәжірибеге енгізілген жаңартылған оқу бағдарламаларының мазмұндық ерекшеліктері пән мазмұнын жобалаудың спиральділік ұстанымы, яғни білім мен біліктерді арттыруда оқу материалын тігінен, сондай-ақ көлденеңінен біртіндеп кеңейту; ойлау дағдыларының деңгейлеріне негізделген Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы; бір білім саласы пәндері арасында, сондай-ақ пәнаралық байланысты жүзеге асыру барысында ортақ тақырыптардың болуы; бөлімдер мен ұсынылған тақырыптар мазмұнының уақыт талабына сай болуы, әлеуметтік дағдылардың қалыптасуына назар аудару болып табылады. [3, б. 9]

Оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз етуде мұғалімдердің қолданатын оқыту тәсілдері маңызды. Мұғалім әртүрлі оқыту тәсілдерін қолдану арқылы оқушы бойындағы өздігінен білім алу, шешім қабылдауға қабілетті, өзгенің іс-әрекетіне талдау жасай алу т.б. қасиеттерін дамытады, тәрбиелейді. Қазақ тілін оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдерге мыналарды жатқызуға болады: әңгіме, диалогтік оқыту, бірлесе оқыту, топтық оқыту (тілдік әдістер); көрсетілім, таныстырылым (көрнекілік әдістері); жаттығулар, тәжірибе жасау, постер, кластер (тәжірибелік әдістер), проблемалық-ізденушілік әдістер; өзіндік жұмыс әдістері; оқу-танымдық әрекетті ынталандыру және уәжді арттыру әдістері; оқу-танымдық әрекеттің тиімділігін бақылау, өзіндік бақылау жасату әдістері, т.б. Оқу бағдарламасын іске асыруда қолданылатын құндылықтарға бағдарланған тәсіл оқушы тұлғасының бойында мақсатты түрде құндылықтар жүйесін (қазақстандық патриотизмді, өз елінің өткен тарихына, ата-бабалардың әдебиеті, мәдениеті мен әдет-ғұрыптарына құрмет көрсету) қалыптастырса, іс-әрекетке бағдарланған тәсіл бұл деректер мен басқа да ресурстарды өз бетінше іздеу, интерпретациялау, талдау, тұжырымдау мен бағалауды көздейді.


Сабақ мақсатына сәйкес әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдап алу – табысты сабақ негізі. Төменде сабақ барысында жиі қолданатын әдіс-тәсілдерге тоқталмақпын. «Сократ


шеңбері» сабақтың кез келген кезеңінде еркін қолданатын тиімді жұмыс түрі болып табылады. Екі шеңбер құраған, ішкі, сыртқы шеңбердегі оқушылар үй тапсырмасын сұрақтар қойып, екінші шеңбер жауап береді, бұл аз уақыт ішінде бір-бірін тындап, бағалай білуге, өзін тексеруге мүмкіндік екені сөзсіз. Немесе бүгінгі сабақтан алған жаңа мағлұматтарды қайта сарапқа салуға ықпал жасайды. «Джигсо-1», «Джигсо-2» мәтін мазмұнын игертуде өте тиімді. Топ мүшелері мәтін абзацтарымен жұмыс жасай отырып, басқа топтардың мәтінді жеткізу ерекшеліктерімен, баяндау әдісімен танысып, сөйлеу тілін, жеткізу жолдарын үйрене алады. Басқа топтарға өз абзацын түсіндіреді. «Бұрыш» әдісі де оқушылардың пікірін жақтап немесе даттап, пікір қорғауларына толық мүмкіндік береді. «Сұхбат» та оқушылардың сабақ үстіндегі іс-әрекетке бағытталған, бірлескен жұмысқа жұмылдырады. «Еркін жазба» уақыт белгілеп, әр оқушыға өз ойын жазбаша жазғызып отыру, түсіндіруге арналған жазба, мәлімдеуге арналған жазба ерекшеліктерін алдын ала игерте отырып, жазылым дағдысын жетілдірудің тиімді жолы екендігін байқауға болады. «Лотерея барабанында» оқушы сөзді суырып алып шығады да, ол туралы не білетінін айтады, әсіресе лексиканы өту барысында, жаңа сөздер мен көнерген сөздерді есте сақтап, мағынасын түсінуіне септігін тигізеді. «Мәтінді өзара редакциялау» - оқушылар үшін тың дүние деуге болады: қошемет сөздер, ұсыныстар, түзету жасау арқылы әр сөзді орынды қолдану, басқа адамның жұмысын жақсартуға көмек көрсетуге, ең маңыздысын ажыратуға, сауаттылығын арттыруға жол ашатын жұмыс түрі. Графикалық организерлер ақпаратты сүзу, ақпаратты ұйымдастырудың (себеп-салдарлық диаграмма, ромбтық жіктелім, сенімділік межелігі) белсенді түрлері, мұндай жұмысты топтарда оқушылар үлкен қызығушылықпен жасайды.

Өзім өткізген «Сәлем беру - салтымыз» сабағындағы жұмыс түрлеріне тоқталсам: Карточкада сөздер беріледі, 3 оқушы шығып, карточкада жазылған суреттерді сыныпқа дене қимылдары арқылы көрсетеді. Оған сөйлеуге болмайды, ал оқушылар жүргізіп тұрған бала көрсеткен суретті табуы керек. Мысалы: тұсау кесу, бесікке салу, ашамайға отырғызу. Әрине, оқушылар тақырып қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері туралы екенін сөзсіз табады. Соның ішінде сәлем беру туралы болмақ екенін нақты атап өтуге болады. Алдын ала топтарға бөлінген оқушыларға бейнежазба ұсынылды. Тыңдалым жүзеге асырылды. Айтылым дағдысы бойынша «БББ» кестесі толтырылды.

Білемін	Білгім келеді	Білдім
Амандасудың түрлері	Басқа ұлт өкілдерінің амандасу салтын...	Амандасу салтын білдім, жас ерекшелігіне байланысты амандасу түрлерін, олардың айырмашылықтарын білдім

Пікірталас әткеншегі немесе «Ішкі және сыртқы шеңбер» әдісі арқылы сұрақтарға жауап алынды: Сәлем беру, сәлем алудың қандай өзгешеліктері бар? Амандасудың тәрбиелік мәні неде? Бұдан соң топтарға тапсырмалар берілді: 1-топқа «Себеп-салдарлық диаграмма» толтыру, 2-топқа «Қалай амандасу керек?» Мәтінді оқып, бір-бірлерімен жылы шырайда амандасу түрлерін қолдану» (қас-қабак, бет-жүз құбылысы, дауыс) Жақсы әсер қалдыратындай рөлдік ойын дайындау, 3-топқа мәтінді [2, б. 309] мұқият оқып, тыныс белгілерін қойып шығу тапсырылды.





1-себеп. Амандасудың әр түрі кімге қатысты екенін айтыңдар, себебін түсіндір

1. Амансың (-сыз) ба? - 5. Есенсің (-сіз) бе? –
2. Сәлеметсің (-сіз) бе? - 6. Мал-жан (-ыңыз) аман ба? –
3. Қайырлы күн (таң, түс, кеш) ! – 7. Денсаулығың (-ыңыз) қалай? –
4. Ассалаумағалейкүм! – 8. Қал қалай? – 9. Сәлем! –

2-себеп. Не себепті жас ерекшелігіне байланысты әр түрлі ишарада амандасады?

1. Иіскеу
2. Маңдайынан сүю
3. Көзінен сүю
4. Арқаға қағу
5. Бас изесу
6. Қол алысу
7. Иіліп сәлем жасау

3-себеп. Кім бірінші сәлем беру керек? Сәлем беру әдептеріне сүйен

1. Аттылы ... (жаяуға)
2. Жүріп келе жатқан ... (отырғанға)
3. Азшылық (көпшілікке)
4. Жасы кішісі ... (жасы үлкенге)
5. Ер адам (әйел адамға)

Түйін немесе нәтижесі:

1. Сәлем –сөздің атасы. Сөз анасы – сәлем.
2. Әдепті елдің баласы алыстан сәлем береді.
3. Сәлем түзелмей, әлем түзелмейді
4. Сәлемдесу адамдардың бір-біріне жылы мейірім, кең пейілділігін, сый-құрметін көрсетеді

Бұл сабақта тапсырмалар жеңілден күрделіге қарай құрылды. Саралап берілетін тапсырма күтілетін нәтиже, қолдау көрсету, бөлінетін уақыт, қолданылатын дереккөздер арқылы жүзеге асырылды. Жұппен, топпен жұмыс тиімді ұйымдастырылды. Тапсырмалар оқушылардың қажеттіліктерін есепке алып сараланды. Саралаудың әр түрлі тәсілдері жоспарланып орындалды.

Сабақтың тиімділігін және табыстылығын қамтамасыз ету – мұғалімнің айтарлықтай күш-жігерін жұмсауын қажет етеді. «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана шәкірт жанына нұр құя алады» деп ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынов айтқандай, жаңаша оқыту – үздіксіз ізденіспен келетіні ақиқат. Дәл бүгінгі таңда жаһандану дәуірінің ұлттық құндылықтарға төндіріп тұрған қаупі үнемі қаперде болуы ескеріліп, бүкіл ұлттық құндылықтардың ұйытқысы қазақ тілін оқытуда басшылыққа алынған тенденциялар, оларды жүзеге асыру жолдары мен тірек қағидалары мыналар:

- 1) қазақ тілін оқытуды мемлекеттің даму стратегиясымен бірлікте қарау;
- 2) тілді оқытуды белгілі бір пәндік дағдыларға емес, білім алушының тұлғалық қабілеттерін дамытуға бағыттау;
- 3) тілдік білім мен біліктерді ХХІ ғасыр адамының бойында сөйлеу және ойлау мәдениетін және адамгершілік мәдениетті қатар дамытуға, қарым-қатынас мәдениетін бейімдеп, күзиреттіліктер қалыптастыруға бұру;
- 4) тілді ұлт болашағының мәдени иммунитетін қалыптастырудың тетігі ретінде оқыту. Тілге деген жауапкершілік пен патриотизмді тәрбиелеуге жаңа прагматикалық көзқарас тұрғысынан келу, тілді оқытудың құндылықтық бағдарын сабақ барысында күшейту.

Жаңа білім мазмұны мұғалімді де, білім алушыны да оқу әрекетіне белсенді қатысуға, өз пікірін айтуға, өзінің сөйлеген сөзіне дәлел келтіруге, кейіпкерлер арқылы өмірлік жағдаяттарды шешу жолдарын ізденуге, ең бастысы жаңаша ойлайтын тұлғаны

қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан қазіргі таңдағы педагогика жаңалықтарын пән ерекшелігіне қарай қолдана отырып, күнделікті сабақты жаңарту – оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. 2018-2019 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы. Әдістемелік хат. Астана: Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018.-370 б
2. Б.Момышұлы «Ұшқан ұя» кітабынан үзінді, 309-бет, Алматы, «Жазушы» баспасы 2001жыл
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. -70 б

ОПЫТ ПРИМЕНЕНИЯ ТЕХНОЛОГИИ ИНДИВИДУАЛИЗАЦИИ И УРОВНЕВОЙ ДИФФЕРЕНЦИАЦИИ В СОВРЕМЕННОМ ОБРАЗОВАНИИ

Байменова Алла Анатольевна,
Рахметова Галина Михайловна
Соловей Татьяна Юрьевна,
учителя начальных классов,
Мичуринская средняя школа,
Костанайский район

Аннотация

Бүгінгі күні мұғалім алдында, бұрын да, қиын міндет тұр – барлығын жақсы үйрету. Сабақта заманауи білім беру технологияларын қолдануда осы проблеманы шешудің бір жолы табылды. Оқытудың дараландыру және деңгейлеп саралау технологиясын қолдану неғұрлым қолайлы болып табылады. Оқытудың деңгейлеп саралаудың басты педагогикалық қондырғысы-оқушылардың оң мотивациясын қалыптастыру.

Аннотация

«В статье авторами рассматривается важность и необходимость применения на уроках современных образовательных технологий, которые в комплексе дают отличный результат, но наиболее приемлемыми, на их взгляд, являются технология индивидуализации и уровневой дифференциации обучения. Главная педагогическая установка уровневой дифференциации обучения – формирование положительной мотивации у школьников.»

Abstract

Today, the teacher faces a difficult task-to teach everyone well. The lesson was discovered one of the ways to solve this problem in the application of modern educational technologies. The most preferable is the use of technology of individualization and level differentiation of training. The main pedagogical installation of level differentiation of training-the formation of positive motivation of students.

Түйінді сөздер: білім беру технологиясы, даралау, деңгейлік саралау

Ключевые слова: образовательная технология, индивидуализация, уровневая дифференциация.

Keywords: educational technologies, individualization, level differentiation

Современная школа динамично меняет свой облик. Это связано, прежде всего, с серьезными переменами в казахстанском образовании. Обновление содержания образования в Республике Казахстан ставит перед собой главную цель: совершенствование педагогического мастерства учителей в контексте обновления образовательной программы и внедрение системы критериального оценивания. Сегодня перед учителем, как никогда ранее, стоит трудная задача – учить хорошо всех. Главная задача современного учителя- создание на уроке атмосферы взаимопонимания,

уважения, успеха, радости общения, ведь на интересном уроке работают все, работает каждый. Все мы знаем, что в каждом классе, особенно в сельской школе, есть дети с высокой обучаемостью, с хорошими способностями и дети, имеющие низкий познавательный уровень и интеллектуальные возможности. Набирая в очередной раз свой первый класс, каждый из нас задумывается: «Как учить детей?» Как адаптировать учебный процесс к познавательным возможностям каждого ученика?

В настоящее время инновационные образовательные технологии помогают педагогу учить по-новому, вместо «обучение на всю жизнь» – «образование через всю жизнь». Это обусловлено тем, что методы обучения и воспитания проверенные веками не позволяют в достаточной степени обеспечить успешную адаптацию выпускников к жизни в современном обществе. Объем научной информации стремительно возрастает, поэтому сколько бы прочны и обширны не были знания ученика, он окажется беспомощным в жизни перед лавиной обрушившихся на него задач и проблем, если не научится учиться, изменять себя. Задача педагогов в ходе применения обновленной программы, научить учащихся активно «добывать» знания, самостоятельно развивать функциональную грамотность, с огромным желанием развивать коммуникативные навыки общения со сверстниками, творчески подходить к решению проблем, привить основные человеческие нормы и морали, сформировать толерантность и уважение к другим культурам и точкам зрения, воспитать ответственного, здорового ребенка.

Исходя из идей обновленной программы, мы поставили для себя главную педагогическую задачу – стать напарником для своих учеников, чтобы направлять их, проживать каждую малейшую ошибку и каждую великую победу в их еще начинающемся жизненном пути. Ведь именно в школе мы закладываем детям определенные знания и жизненные навыки, которые они будут применять всю жизнь.

В современной педагогике много интересных и действительно работающих инновационных технологий, которые в комплексе дают отличный результат. Наиболее приемлемыми, на наш взгляд, являются технология индивидуализации и урвневой дифференциации обучения

Главная педагогическая установка урвневой дифференциации обучения – формирование положительной мотивации у школьников. При урвневой дифференциации перед учащимися, занимающимися в одном классе и по одному учебнику, ставятся разные требования к овладению учебным материалом. При этом определяется опорный уровень подготовки, задаваемый стандартами, и на его основе формируются более высокие уровни овладения материалом. Некоторые думают, что за урвневой дифференциацией стоит разделение на классы по уровням. Это не так, урвневая дифференциация – это технология обучения в одном классе детей разных способностей.

Свои уроки мы строим с учетом индивидуальных возможностей и способностей учащегося, используя трехурвневые задания, в том числе и суммативные работы. У нас появляется возможность дифференцированно помогать слабому ученику, чтобы к концу урока достижения результатов обучающихся соответствовало категориям: «Все смогут...», «Большинство...», «Некоторые...» Для осуществления урвневой дифференциации необходимо выполнение следующих условий:

1. Уровни для усвоения материала должны быть открыты для учеников:

- репродуктивный;
- конструктивный;
- творческий.

2. Уровень обучения должен быть выше уровня требований усвоения материала. Каждый ученик должен иметь возможность пройти через полноценный процесс обучения, в полном объеме услышать теоретический материал со всеми обоснованиями, доказательствами, ознакомиться с образцами решений.

3. Обеспечение последовательности в продвижении ученика по уровням: сначала обеспечить достижение базового уровня, а затем развивать дальше. Не следует предъявлять более высокие требования к тем ученикам, которые не достигли обязательного уровня, но не следует задерживать тех, кто способен на большее.

4. Контроль и оценка знаний, умений и навыков учащихся должна соответствовать уровню обучения.

- контроль должен предусматривать проверку знаний каждым учеником обязательного уровня подготовки.

Организовать уровневый подход в обучении возможно на любом этапе урока. Например, при проверке домашнего задания ученику общего уровня можно предложить решить задание с использованием тех правил, которыми он пользовался при выполнении домашней работы, для более способных – придумать задачу, обратную данной. А с учениками, которые испытывают трудности в изучении материала, повторить все правила и прокомментировать решение домашнего упражнения. Здесь надо ещё учитывать то, что домашнее задание тоже даётся по группам.

Учитель готовит к уроку пакет дидактических материалов в трех вариантах. Первый - самые простые задания. Они включают необходимый для усвоения темы теоретический материал, где нужно полностью восстановить неоконченную запись формул, определения;

Задания второй группы - это теоретические вопросы по теме (но без подсказок!) и аналогичный пример, который ученик должен выполнить сам по образцу; предлагается также простой пример, который нужно решить самостоятельно.

Задания третьей группы включают проверку знаний по теории (возможно, по ранее пройденным темам), более сложный пример или задачу, но с рекомендациями по решению, и задания, для решения которых нужно применить нестандартный подход.

Приведу несколько примеров, как можно дифференцировать то или иное задание. Учитель предлагает детям составить предложение на тему:

- а) одним – дописать предложения;
- б) другим – ответить на вопросы;
- в) третьим – выписать предложения к теме из указанного отрывка.

Работая со словарём, дается задание – выучить словарные слова, опять же учитывая особенности отдельных учащихся и проверяя, предлагаю:

- а) одним – записать слова на определённые темы;
- б) другим – подписать картинки;
- в) третьим – вспомнить и записать изучаемые словарные слова.

На урок познания мира в 1 классе, тема «Правила безопасности в доме» на этапе закрепление пройденного были предложены учащимся дифференциация заданий: 1 задание- Рассмотрите внимательно рисунки, обведи карандашом нарушение правил безопасности, вставь пропущенные слова. Электроприборы нельзя оставлять без... (присмотра) Телефон службы скорой помощи –...(103) . Порядок нужен в доме не только для красоты, но и для ...(безопасности). Если случился пожар, звони ...(101). Не используй нож без взрослого потому, что ты можешь ...(порезаться) Слова для справок: присмотра, 103, безопасности, 101, порезаться. 2 задание – Рассмотрите внимательно рисунки, соотнесите, к какой беде приводят действия и поступки ребят, укажите по какому номеру телефона надо позвонить и службой экстренной помощи. Объясни почему. 3 задание - Составьте советы « Правила безопасного поведения дома». Дескрипторы: 1.Правильно определяет нарушения правил безопасности. 2. Знает номера телефонов экстренной помощи 3.Правильно соотносит действия и поступки, которые приводят к беде 4.Правильно составляет советы « Правила безопасного поведения дома» Урок русского языка во 2 классе, этап повторения пройденного (работа в паре 1 задание-

Спишите слова. Выделите корень и приставку. Пожар, запах, привал, перепляс, навар, подкоп, перезвон, отвар, припёк, закат, прикорм.

Дескрипторы: Правильно выделяет корень и приставку. 2 задание- Спишите текст, вставляя подходящие по смыслу приставки. Выделите приставки. Из-за озера (до, вы) летают орлы. Они (вы, на)деляются грозными силуэтами на фоне (про, за)катного солнца. (По, ис)пуганный их внезапным (за, по)явлением (за, по)мирает весь пернатый мир. Дескрипторы: Правильно вставляет подходящие по смыслу приставки, выделяет приставки. 3 задание- Спишите текст, употребляя нужные приставки. Выделите приставки.

Упражнение из учебника а...уратно (писать). Новую тетра...ь красиво (писать). Из текста внимательно (писать) слова с парной согласной. Плохо выполненное задание обязательно (писать). Дескрипторы: Правильно употребляет нужные приставки, выделяет приставки.

Урок математики 3 класс, этап Актуализация знаний 1 группа: игра « Игра съедобное и несъедобное» (отработка названия компонентов действий). Учитель задает вопросы, если ученик, которому задали вопрос знает ответ на вопрос, то он ловит мяч и отвечает на вопрос. Если же ученик не знает ответа, то он отбивает мяч и заглядывает в дом тетрадь за подсказкой.

Вопросы для игры:

- назовите компоненты действия сложения;
- вычитания;
- умножения;
- деления;
- как найти неизвестное слагаемое;
- уменьшаемое;
- множитель;

- делимое. 2 группа – дети самостоятельно решают задания на карточках по теме «Уравнения». Карточки раздаются четырех видов- одинаковые попарно. Дети решают задания самостоятельно, затем находят свою пару. После того, как образована пара (одинаковые карточки), ответы в карточке проверяются по образцу, и исправляются допущенные ошибки. Работа оценивается.

$$m - 49 = 34 + 7$$

$X : 7 = 18 : 3$ 3 группа- Реши уравнение и узнаешь ответ на вопрос.

Какая страна Африки самая большая?

17- Алжир;

35- Нигерия.

Какой город является столицей Австралии?

6 –Канберра;

36- Сидней.

$$36 - v = 70 - 62$$

$$56 : a = 2 \times 4$$

Очевидно, что от одной группы к последующей трудность выполнения задач повышается. Такая организация обучения и закрепления учебного материала на практике способствует переходу учеников из одной группы в другую. Хочется отметить, что современные образовательные технологии и методы дают учителю огромную возможность в реализации целей и задач урока. Можно использовать одну технологию, но можно и сочетать элементы различных технологий и методов на уроке и урок от этого только выиграет.

Народная мудрость гласит: «Прежде чем достигнуть хороших результатов, надо много, не жалея ни сил, ни времени, учиться своему делу; нельзя ни на минуту терять

интереса к нему, иначе успех будет половинчатым, а то и не будет его совсем». В этом состоит наша работа как педагогов, этому мы должны научить и своих учеников.

Список литературы

1. Селевко Г.К. Энциклопедия образовательных технологий «Просвещение» 2006г
2. Унт Инге. Индивидуализация и дифференциация обучения. — М., 1990.
3. Юнина Е.А. Новые педагогические технологии: учебно-методическое пособие. «ПРИПИТ» 2008
4. Якиманская И.С. Личностно-ориентированное обучение в современной школе «Просвещение» 2003

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

Баймуханова Гулмиран Абилхановна,
казак тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
«Мичурин ОМ» ММ

Аннотация

Өзектілігі. Мақсаты. Жас ұрпақтың жаңаша ойлануына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуында әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселе. Бүгінгі орта білім беру ісіне қойылар талаптар қай кездегіден де күрделі маңызды. Өйткені бізді дамудың жаңа кезеңі күтіп тұр. Сол кезеңге лайық ұлттық санасы жаңғырған жаңа ұрпақ тәрбиелеу міндеті мойынымызда. Барлық кедергілерді жеңу табысқа талпыну өз қолымызда деп білемін. Оқушыны пәнге қызықтырумен қатар, саналы ойлауға тәрбиелейтін, қоғамдық көзқарастарын қалыптастыра алатын, өзіндік пікірі бар, қоғамдағы болып жатқан түрлі қарама-қайшылықтарды түсіне білетін, еркін сөйлеп, өз пікірін ашық айта алатын ойлы ұрпақ тәрбиелеуде сабақтың маңызы зор.

Аннотация

Актуальность. Цель. Для развития нового мышления молодежи, необходимо формировать умное мировоззрение на качественно мировом уровне знаний, приобрести основы знаний, создавать новое содержание образования в системе общего, что является особой проблемой. На сегодняшний день остаются существенными проблемы среднего образования. Поэтому данное образование требует перемен. Основной обязанностью является обновление национального сознания в воспитании нового поколения, преодоление всех препятствий на пути к успеху. На уроках следует пробуждать интерес к предмету, качественное мышление, умеющее формировать общественное мировоззрение, учить понимать различные противоречия, происходящие в обществе, учить свободно рассуждать, уметь открыто высказывать свое мнение, воспитывать думающее поколение.

Abstract

Relevance. Goal. For a new thinking of young people and their building of whole view is the main question in general education of making a new content, which will influence on knowledge of the world quality. Now, the comprehensive education is harder than it was earlier, because we are in the way of developing yet. We should bring up the generation with a new thinking. Our task is to win all interferences, which will be. The importance of the lesson is bring up free generation, who can say their opinion and understand all relation in society is great.

Түйінді сөздер: жаңа ақпараттық дамыған қоғамда оқушыларды белсенді шығармашылық іс-әрекетке дайындау.

Ключевые слова: подготовит учащихся к активной творческой деятельности в новом информационном обществе.

Keywords: Key words: to prepare students to creative activity in the developed society.

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе - білім беру, ғылымды дамыту. Өркениет біткеннің өзегі, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Осы орайда білім ордасы – мектеп, ал мектептің жаны – мұғалімдердің басты міндеті – өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін қастерлей және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін тұлға тәрбиелеу. Мұғалімдердің алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі – оқытудың әдіс – тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және заманауи педагогикалық технологияны меңгеру. Осыған орай, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басым міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсетілген. Жаңа педагогикалық технология – мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс – әрекеттер жиынтығы. Заманауи технологияларда басты міндет – оқушының оқу – танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толықтай жету. Оқыту үрдісін жандандыру оқушылардың оқу материалының теориялық мазмұнын игеру жөніндегі еңбекті тиімді ұйымдастыру және олардың тәжірибелік іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Оқу үрдісінің тиімділігі мен сапасы мұғалімнің әдістемелік дайындығы және сабақ жүргізу тәсілдері мен әдістеріне, жаңа педагогикалық технологиялық технологияларды игерулеріне тікелей байланысты болады. Заманауи технологиялардың басты міндеті – оқушының оқу – танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толықтай жету болып табылса, педагогикалық технология кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып есептеледі. Оқытудың жаңа технологияларын меңгеру мұғалімнен орасан зор іскерлік пен шығармашылыққа негізделген ізденістерді қажет етеді. Осындай мақсат көздеген жүйелі ізденістер мұғалімнің жаңа технологияны меңгеріп, инновациялық жетілуіне әкеледі. Заманауи педагогикалық технологиямен жұмыс істеу үшін төмендегідей алғышарттар керек: оқу үрдісін интенсификациялауды жаппай қолға алу, оқушылардың сабақтастығын болдырмау шараларын кешенді түрде қарастыру, оның ғылыми – әдістемелік, оқыту – әдістемелік, ұйымдастырушылық себептеріне үнемі талдау жасап, назарда ұстау, жаңа буын оқулықтарының мазмұнын зерттеп білу, пәндік білім стандартымен жете танысу, білімді деңгейлеп беру технологиясын игеру арқылы оқушыларға білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде игертуге қол жеткізу, оқу үрдісін ізгілендіру мен демократияландыруды үнемі басшылыққа алу. Заманауи технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары:

- Балаға ізгілік тұрғысынан қарау;
- Оқыту мен тәрбиенің бірлігі-Баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;
- Баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту-Баланың танымдық және шығармашылық икемділігін дамыту;
- Әр оқушыны оның қабілеті мен мүмкіндігіне орай оқыту;
- Барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу;
- Оқу үрдісін оқушының сезінуі.

Заманауи педагогикалық технологияны меңгеру барысында оқыту міндеттері жаңаша сипат алады. Олар: педагогикалық қызметтің өзекті мәселелерін білу, оқу бағдарламасының түрлендірілген нұсқауларын қарастыру, оқу модулін құрастыру, оқу жобаларының мазмұнын анықтау, әр оқушыға арналған тапсырмалар құрастыру, оқушылардың жаңа материалдарды меңгеруі бойынша деңгейленген жаттығулар жүйесін жасау, оқу әрекетінің бағалау көрсеткіштерін анықтау. Педагогикалық технологияны игеруге қойылатын жаңа міндеттерді меңгеру оқытудың ең жоғары нәтижесіне жетуге мүмкіндік беретін оқу – тәрбие үрдісін ұтымды әрі үйлесімді жобалап, ұйымдастырып басқаруды жүзеге асыруға тікелей байланысты. Заманауи технология үрдістерінің талабы – оқушыларға білім беруде белгіленген мақсатқа жету,

оқушылардың іс – әрекеті арқылы ойлау дағдыларын, оқу – танымдық іс – әрекетін белсендіре отырып, сабақтағы үш біріккен мақсатты жүзеге асыруға қол жеткізу. Белгілі бір дәрежеде оқу – танымдық іс – әрекетті белсендірудің қажеттігі туындайды. Мұнда оқыту үрдісіндегі әдістемелік жүйенің өзара байланысы негізінде оқу – танымдық іс – әрекет міндеттерін жүзеге асырылуын талап етіледі. Қазіргі кезеңгі қоғам талабына сай оқытуда заманауи технологияны пайдалана отырып, оқушылардың оқу – танымдық іс – әрекетін белсендірудің шығармашыл әлеуетін көтерудің маңызы зор. Жаңа педагогикалық технология арқылы оқыту барысында оқушыларды тұлға ретінде қалыптастыруға бірден – бір әсер етеді. Мұғалім мен оқушылар бірлесіп оқи отырып, субъект – субъект ретінде болады. Мұғалімнің рөлі көбінесе оқу үрдісін ұйымдастырушы топ басшысы, оқушылардың ынта – ықыласын белсенді етуші қалпында көрінеді. Жаңа технология оқушылардың өз өмір тәжірибесіне, біліміне сүйенулеріне негізделген. Сондықтан олар ынтымақтастық педагогикасының жүзеге асуына, бірлесіп «әрекет етуге», сабақта жайлы да жағымды психологиялық жағдай орнауына мүмкіндік жасайды. Оқыту нәтижесі оқушылардың бір – бірімен байланыс бірлігінен көрініп, оқушылар оқу нәтижесінде бір – бірінің жауаптылығын сезінеді. Заманауи технология қолдануда практикалық тұрғыда зерттеуші қажет ететін дидактика міндеттерінің бірінен саналады. Жаңа технологияны пайдалану мұғалім мен оқушының қарым – қатынас жағдайын аса шеберлік, білімділік, демократиялық бағытта уақыт талабына сай таңдауды қалайды. Педагогикалық үрдісте жаңа технологияны енгізіп, пайдалану мұғалімдерді шеберлік жағынан шыңдайды. Еліміз егемендік алып, қоғамдық өмірдің барлық саласында, соның ішінде, білім беруде жүріп жатқан демократияландыру мен ізгілендіру, осы кезге дейінгі дағдарыстан шығаратын қуатты талпыныстарға жол ашты. Қазіргі кезде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алады. Осыған орай, қазіргі мектептерде оқу – тәрбие үрдісіне енгізген жаңа педагогикалық технологиялар оқушыларды тиімді білім алу жолдарымен және тұлғаның жеке қалыптасуындағы іс – әрекеттеріне кең түрде қолданылуда.

Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалімнің белсенділігі, шығармашылық ізденісі, алдындағы шәкірттің білімін бағалауы, оқу барысында шешуші роль атқарады. Бүгінгі білім беру технологиясында кеңінен қолданылып жүрген В. Зенковтың «Дамыта оқыту», Ж. Караевтың «Деңгейлеп оқыту», сыни тұрғысынан ойлау. Н. Оразақинованың «Сатылай кешенді ойлау», М. Жанпейісованың «Интерактивтік-модульдік оқыту» технологияларын біздің мектеп мұғалімдері өз сабақтарында кеңінен қолданып келеді. Орыс ғалымы Л. В. Зенков «Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану – білім сапасын арттырудың бірден-бір жолы» деп атап көрсеткен. Күн сайынғы, тіпті сағат сайын артып, өзгеріп отырған әлемдік ақпаратқа ілесу, ондағы жаңашыл әдіс-тәсілдерді меңгеріп пайдалана білу бүгінгі күннің мұғалімінен үлкен ізденісті, зор талапты, өз білімін жетілдіріп арттыруды қажет етіп отыр. Мектептердің оқу үрдісіне жаңа технологияны енгізу арқылы оқу сапасы жақсарып, дамыта оқыту жүзеге асырылып, сабақ қарқыны жеделдетіліп, жеке тұлғамен жұмыс істей отырып, саралап, даралап оқытуға мүмкіндік туады. Жаңа технология оқушының өзіндік жұмыс атқаруына және ең бастысы – оқушының білім жетістіктерін жақсартуға ықпал етеді. Жаңа технологиялардың өріс алуына орай оқыту үрдісінде «Интерактивті әдістер», «интерактивті оқыту» терминдерімен жиі кездесеміз. Интерактивті әдістер-оқушылардың өзара әрекет етуіне жағдай жасайтын әдістер, ол интерактивті оқытуды өзара әрекеттесуге негізделіп құрылған оқыту деп түсінсе де болады. Интерактивті оқыту әдістері оқушылардың өз өмір тәжірибесіне, біліміне сүйенулеріне негізделген. Қазір біз электронды оқулықтармен жұмыс істейміз. Бұл сондай жауапты да қызығлықты сабақтар. Оқушыларды қызықтырып, баурап әкетеді. Электронды оқулықтармен жұмыс оқудың сапасын көтереді. Оқушыларға ұнайды, қызығып орындайды. Бұл

технологияның ерекшелігі-терең білім алу арқылы баланың дамуын қолдау болып табылады. Мектепте бірқатар инновациялық технологияларды оның ішінде әсіресе «ақпараттық коммуникативті» технологияны пайдалану арқылы біздің мектеп оқушыларының білім сапасын көтеруде біршама жетістіктерге жететінімізге сенеміз. Сабақта жаңа технологияларды тиімді пайдалану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады, шығармашылық қабілетін дамытады, қоршаған ортаны танымдық зерттеу барысында дидактикалық мақсаттар іс жүзінде асырылады. Сабақтың тиімділігін оқушылардың танымдық қызуғушылығын арттыру үшін тақырып материалдарын оқып үйренуде, олардың әртүрлі ізденушілік бағыттағы тапсырмаларды орындауларынан байқауға болады. Оқытудың осындай жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалануда мұғалімде, оқушыда табысқа жетіп, білімін шыңдай түседі. Жас ұрпақтың жаңаша ойлануына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуында әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселе. Бүгінгі орта білім беру ісіне қойылар талаптар қай кездегіден де күрделі маңызды. Өйткені бізді дамудың жаңа кезеңі күтіп тұр. Сол кезеңге лайық ұлттық санасы жаңғырған жаңа ұрпақ тәрбиелеу міндеті мойнымызда. Барлық кедергілерді жеңу табысқа талпыну өз қолымызда деп білемін. «Оқусыз – білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» деген халық даналығы ешқашан мәнін жоғалтпайды. Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңында»: «Білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» – деп көрсетілген. Бұл міндеттерді жүзеге асыру барысында білім ордаларында жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың негізгі мақсатын айқындап алуда, яғни «берілген үлгі бойынша өнім алу», оқытудың тиімділігін, сапасын көтеру. Оқыту технологиясы білім берудің тиімді жолдарын зерттейтін ғылым ретінде оқыту үрдісінде қолданылатын тәсілдер, принциптер мен айқындаушы жүйе, нақты оқыту процесі ретінде сипатталады. Жаңа ақпараттық технологиямен орындалатын қызмет өзінің кез келген нақты формасында тиімдірек орындалады, адам өркениетті бола бастайды. Білім беру жүйесінің барлық саласында жаңа технологияны жоспарлы түрде енгізіп, жүйелік интегралды өткізу немесе қамтамасыз ету қажеттілігі туындап отыр. Қазіргі замандағы технология әрбір тұлғаның білім алу үдерісінде шығармашылық қабілетін дамытуға айқын мүмкіндіктер береді. Дәл осы жаңа технология мен әрбір тұлғаның өзіндік білім алу траекториясын таңдауына жол беретін анық білім беру жүйесін құруды, оқу бағдарламаларының бағдарламалануы және өзгермелі бейімделінуі есебінен оқу үдерісінің біртұтастығын сақтай отырып оны дараландыруға мүмкіндік беретін компьютердің маңызды дидактикалық қасиеті негізінде тұлғаның оқу үдерісінде танымдық қызметін тиімді ұйымдастыру арқылы жаңа білім алу технологиясын түбегейлі өзгертуді тығыз байланыстырады. Білім беруді ақпараттандырудың негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында біртұтас білімдік ақпараттық ортаны құру болып табылады. Әлемдік өркениетке қадам басқан Қазақстанның қоғамдық-саяси, экономикалық, мәдени дамудағы жаңа бастамалар мен түбегейлі өзгерістер білім беру жүйесіне өз әсерін тигізіп, білім деңгейін, оқыту әдіснамасын жетілдіруде тың ізденістер жасауға мүмкіншілік туғызып отырғандықтан алдыма мынадай мақсаттар қойдым. – жаңа технологияны қолдану арқылы білімнің сапасын көтеру; – жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды енгізу арқылы білім беру мазмұнын жаңарту; – жаңа технологияны қолдану саласы бойынша оқушылардың мамандыққа баулу механизмін құру; – біздің еліміздегі жинақталған ақпараттық ресурстарға жедел ену; – мультимедиялық электрондық оқулықтарды пайдалану. – отандық білім беру жүйелерін біртұтас әлемдік ақпараттық білімдік кеңістікке ену арқылы сабақтастыру және т.б. Қазір «Ғасырдың мектебі мен мұғалімі қандай болу керек?» деген негізгі сұраққа жауап ізделуде. Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші,

тәжірибелік қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген іскер мұғалім қажет екендігі аз айтылып жүрген жоқ. Қазір заман да, қоғам да өзгерген. Бүгінгі балалардың мақсаттары да, құндылықтары да, идеялары да бұрынғыдан мүлде басқаша. Өйткені олар – өзінің болашағына тиімділік тұрғысынан қарайтын, іскерлікке бейім, жоғары талап қоя білетін адамдар. Оқытудың тиімділігі оқытудың жеке тұлғалық стиліне, яғни, оқушыға оқу материалын тиімді сипаттайтындай қабылдау механизміне тәуелді болады. Осыған байланысты оқу іс-әрекетін тиімді қамтамасыз ету бәрінен бұрын оқушылардың өзіндік іс-әрекетін, оқытушының әрбір оқушымен жеке тұлғалық оқу іс-әрекетін сүйемелдеуді және жобалар мен оқу жұмыстарын оқытушылармен бірге ұйымдастыруды жобалайды.

Соңғы кезеңде қазіргі заманғы педагогикалық ғылым мен практика түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соның ішінде оқыту үрдісі ақпараттық – коммуникациялық жағдайларда жаңа көрініс алу жолында басқаша жаңалаған жолмен ХХІ ғасыр талаптарына сай білгір, уақытты үнемдей алатын тұлғаны қалыптастыруға бағытталады. Қазіргі оқыту үрдісіне жаңа педагогикалық технологиялар кеңінен енуде. Оқушыны пәнге қызықтырумен қатар, саналы ойлауға тәрбиелейтін, қоғамдық көзқарастарын қалыптастыра алатын, өзіндік пікірі бар, қоғамдағы болып жатқан түрлі қарама-қайшылықтарды түсіне білетін, еркін сөйлеп, өз пікірін ашық айта алатын ойлы ұрпақ тәрбиелеуде сабақтың маңызы зор. Сол сабақ атты театрдағы басты кейіпкеріміз – оқушы болса, онда барлығымыздың бағытымыз бір, бағдарымыз байсалды болмақ. Әр мұғалім оқушыға көпқырлы сабақ беретін болған соң, қазіргі жаһандану саясатына сәйкес жаңа технологияны өз ыңғайына, пәніне лайықтап пайдалануы тиіс. Мұғалім шеберлігі – ізденіс нәтижесі. Сондықтан, орыстың ұлы педагог-ғалымы К.Д.Ушинскийдің “Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады” – деген. Бұл “Ұстаз” атты ұлы сүрлеуге соқпағын салып жол тартқан көкірегі ояу, көзі ашық әрбір адамға берілген елеулі ескерту. Сабақты тартымды өткізіп, оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін әр сабағымызды түрлендіріп отыру шарт. Ол үшін тек бір технологиямен шектеліп қалмай, әртүрлі технологияның элементтерін пайдалану қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» Жолдау. - Астана. Ақорда. 2015.
2. Тұрғынбаева Б.А.. Дамыта оқыту технологиялары. - Алматы, 2000. 83-84 б.
3. Құдайбергенова К.С. Инновациялық тәжірибе орталығы – педагогикалық технология көзі. - Алматы, 2001, 75 б.
4. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде - Алматы, 2006, 4-5 бет.

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Байшугулова Бакытгуль Кадырмендиновна
Аубакирова Куляш Елеусизовна
Жумагулова Толганай Сериковна
Ш.Уәлиханов атындағы №1
орта мектебінің мұғалімдері
Арқалық қаласы

Аннотация

Технология дидактиканың табиғилық, түсініктілік, ғылымилық, жүйелілік, бірізділік, көрнекілік, саналылық пен белсенділік, жас ерекшеліктерін есепке алу, теорияның практикамен байланысы.

Аннотация

Технология дидактики природная, понятная, научность, системность, последовательность, наглядность, сознательность и активность, учет возрастных особенностей, связь теории с практикой.

Abstract

Technology didactics of natural, clear, scientific, systematic and consistency, clarity, consciousness and activity, age-appropriate, linking theory with practice

Түінді сөздер: *Технология, инновация, жаңашылдық, іскерліктер.*

Ключевые слова: *Технология, инновация, новизна, навыками.*

Keywords: *Technology, innovation, novelty, skills.*

Қазақстан мектебінің алдына қойып отырған мақсаты — инновациялық оқыту технологиясы арқылы оқу мен тәрбие жұмысын дамыту, еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бағытында оқушыларға жүйелі, нақты білім беру.

Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды, іскерлікке қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке — ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам қарқынмен өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер — бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан сол деңгейде болады.

Сондықтан ұстазға жүктелетін міндеттер ауыр» деген болатын. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық — психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде.

Бұл заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқытудың озық технологиялары мен инновациялық әдістерді сабақ үрдісінде тиімді пайдалана алатын білігі мен білімі жоғары ұлағатты ұстаз болу керек деген сөз.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында: «Жоғарғы білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандар даярлаудың сапасын арттыру, қарқынды ғылыми-зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту,... білім беру мен ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады». — деп атап көрсетілген.

Сондықтан қазіргі кезеңде оқытудың инновациялық технологияларын мектеп практикасына белсенді түрде ендіру — қоғам талабы.

Қазіргі инновациялық технологиялар педагогика ғылымы мен практикасының жетістіктерін, дәстүрлі тәжірибедегі құнды дүниені, әлеуметтік прогрестің жетістіктерін, қоғамдағы гуманизация мен демократия жемісін жинақтаушы қызметін атқарады.

Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігі білім беру жүйесін, білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды, іскерлікке қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам қарқынмен өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады.

XXI ғасырда әлемдегі қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарламалар, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті.

Дүние жүзіндегі инновациялық процестердің барлығы кез - келген мемлекеттің экономикалық дамуының жоғары деңгейін қамтамасыз етумен бірге, ғылыми-техникалық ілгерілуін де едәуір жылдамдатады. Өйткені, мемлекет дамуының негізі болып табылатын инновациялық саясат кез - келген бәсекеге қабілетті мемлекеттегі

ғылым дамуының бағытын анықтайды. Сондықтан да ғылыми - техникалық процесс бүкіл әлемде «инновациялық процесс» - ұғымымен тығыз байланыста болуды талап етеді. Инновациялық процесс жаңа бір өнімнің алынуын білдіреді де, ол идеяның пайда болуынан бастап, оның коммерциялық тұрғыда жүзеге асырылуына дейінгі ұзақ жолды қамти отырып, әр түрлі қарым - қатынастар (өндіру, алмасу, тұтыну) кешенін өз қарамағына алады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті - оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» - деп атап көрсеткендей, қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі- оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны меңгеру [1,5].

станицах учебника. Возможность увидеть своими глазами памятники и символы эпохи оставляет более глубокий след, позволяет взглянуть на родной город с другой, непривычной стороны.

Интересно отметить, что благодаря таким проектам как «Духовные святыни Казахстана» и упомянутая выше «Сакральная география Казахстана», реализуемые в рамках программной статьи Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», учителю становится гораздо проще выделить объекты для посещения в родном крае. Под «сакральными объектами» понимаются особо почитаемые памятники природного ландшафта и культурного наследия, светской и культовой архитектуры, мавзолеев, а также места, связанные с историческими и политическими событиями, сыгравшими роль в становлении народа Казахстана. В список сакральных мест республиканского значения в Костанайской области вошли 10 объектов: мавзолеев Кейки батыра и Торгайские геоглифы в Амангельдинском районе, памятник на захоронении Амангельды Иманова, мавзолеев Ибрая Алтынсарина в Костанайском районе, мавзолеев М. Дулатова в Жангельдинском районе, мавзолеев Абдигалпа хана, археологический памятник «Казахстанский Аркаим» – Аркаим 2» в Денисовском районе, мавзолеев Барака бытыра в Сарыкольском районе, мавзолеев Жауке батыра.[2]

В случае, когда рамки урока и расписания не позволяют посетить большой ряд объектов, можно применить альтернативный подход к ознакомлению учащихся с сакральными объектами региона. Например, ученикам может быть предложено ознакомиться с одним из выделенных объектов и подготовить о нем презентацию для своих одноклассников. Такой формат был опробован в этом году с учениками старших классов – результатом стало их общее ознакомление со значимыми историческими объектами области, а также более глубокое изучение того из них, который вызвал особый интерес. При защите презентаций, важно поддержать свободную дискуссию – часто ученикам интересно поделиться опытом и впечатлениями, если кто-то из них посещал обсуждаемые объекты заранее. Кроме того, в зависимости от уровня креативности класса, возможны более свободные инструкции по подготовке презентации. Так, одна из групп в моем классе подготовила карту сакральной географии Костанайской области вместо общего описания объекта. Такой проект придал уроку более завершенную форму, визуализируя и объединяя все обсуждаемое географически. Важно отметить, что такой проект подготовить оказалось довольно трудно – ученики столкнулись с недостатком публично доступной информации. Эта проблема, однако, представляется мне временной – масштабная работа, проводимая по изучению сакральных объектов области, должна вскоре привести к доступности необходимой информации школьникам.

Описанные выше формы уроков развивают в учениках понимание прошлого родного края. Однако работа по развитию патриотизма должна заключаться и в развитии чувства принадлежности к настоящему Республики. Интересным опытом в этом направлении стало участие старшеклассников в обсуждении и голосовании в рамках проекта «100 новых лиц Казахстана», задача которого - найти и показать подлинные истории людей, достигнувших успеха благодаря упорному труду, знаниям и таланту. Этот проект вызвал у ребят особый интерес, так как истории успеха современников кажутся гораздо ближе, чем исторические примеры. Показательно было и то, что при голосовании ученики часто склонялись в пользу своих земляков костанайцев.

В заключение хотелось бы сказать, что духовное обновление общества, о котором говорится в статье «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», невозможно без понимания особенностей прошлого и настоящего своего государства. Уроки истории играют важнейшую роль в формировании патриотического сознания школьников, поэтому невероятно важно придать им более личностный и интерактивный характер.

Патриотическое воспитание начинается с ценности познания истории своей малой Родины, Отечества, культуры и традиций народа. Любовь к родному языку, знание истории своей родины – одни из главных компонентов воспитания чувства патриотизма и духовности.

Список литературы

1. Н.А. Назарбаев. "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания" <http://www.akorda>.
2. <http://kagro.kz/stati/vypuski-gazety/41-405> (дата обращения: 21.01.2019)

ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА «БИОАҚПАРАТ ЖӘНЕ СИНЕРГЕТИКА» ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІ

Бейсенова Сандугаш Аяпбергенқызы,
Тарих пәні мұғалімі, директордың
әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары
С.Мәуленов атындағы гимназия
Қостанай қ.

Аннотация

Қоғамдағы өзгерістерге байланысты бүгінгі білім беру жүйесінде оқытудың жаңа әдістеріне көшу қажеттілігі туып отырғаны белгілі. Осыны ескеріп, алдыма қойған мақсатым: жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, оқушыларға сапалы да терең білім бері, олардың ойлауы мен есте сақтау қабілеттерін жетілдіре отырып, еркін сөйлеу дәрежесіне жеткізу.

Яғни қазіргі ұстаз оқытушы ғана емес, жасампаз зерттеуші, ізденімпаз үйлестіруші, рухани демеуші, шығармашылық бағыттаушы болуы тиіс. Биоинформатика және синергетика технологиясы білім сапасы мен қазіргі заман талабына сай субъект қалыптастыру арасындағы қайшылықты жоюды ұсынады.

Зерттеудің мақсаты – тарих сабағында есте сақтау қабілеттері мен өзін – өзі дамыта білу қабілеттерін дамыта отырып, сапа көрсеткіші арқылы бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Аннотация

В связи с изменениями в обществе, необходимо перейти к новым методам обучения в современной системе образования. Исходя из этого, моя цель состоит в том, чтобы достичь уровня свободы слова, улучшая способность учеников получать качественное и глубокое образование, развивать свое мышление и память, используя новейшие технологии.

То есть современный учитель должен быть не только учителем, но и креативным исследователем, исследователем, координатором, духовным спонсором, креативным гидом. Технология биоинформатики и синергетики рекомендует устранить противоречие между качеством образования и формированием современного предмета.

Целью исследования является повышение конкурентоспособности через качественные показатели, развитие навыков саморазвития и памяти процессе обучения истории.

Abstract

In connection with changes in society, it is necessary to switch to new teaching methods in the modern education system. Based on this, my goal is to achieve a level of freedom of speech, improving the ability of students to receive high-quality and deep education, to develop their thinking and memory, using the latest technology.

That is, a modern teacher should be not only a teacher, but also a creative researcher, researcher, coordinator, spiritual sponsor, creative guide. The technology of bioinformatics and synergetics recommends eliminating the contradiction between the quality of education and the formation of a modern subject.

The aim of the study is to increase competitiveness through quality indicators, the development of skills for self-development in the memory of history.

Түйінді сөздер: тарих, биоинформатика, синергетика, білім жүйесі ұстаз, оқушы технология, карта, дәстүр, қазіргі заман, субъект.

Ключевые слова: история, биоинформатика, синергетика, учитель системы образования, студенческие технологии, карта, традиция, современность, предмет.

Key words: history, bioinformatics, synergetics, teacher of the education system, student technologies, map, tradition, modernity, subject.

Жаңа инновациялық технологияның бірі ретінде **Ф. Я. Вассерманның** «Биоақпарат және синергетика» технологиясы 1999-2000 оқу жылынан бастап сабақтарды Қазақстанда бірнеше мектеп осы технология бойынша өткізіп келеді. **Биоақпарат дегеніміз-** биологиялық кеңістіктегі бірнеше ақпараттың алмасу заңдары мен принциптері.

Синергетика дегеніміз- күрделі (бір қалыпты емес) жүйелердің өзін-өзі басқаруы.

Бүгінгі таңда білім беру саласында әртүрлі сипаттағы және бағыттағы инновациялар енгізілуде. Азды-көпті мемлекеттік жүргізіліп, мазмұнға, ұйымдастыруға оқыту әдістері мен технологияларына жаңалықтар кіруде. Білім беру саласына енген жаңалықтарға мына өзгерістерді жатқызамыз:

- оқу тәрбие мекемелерінің жаңашыл басқарылуы;
- білімнің қоғамдағы орны және сол жүйені қаржыландыру деңгейін арттыру;

Білім сапасын арттырудың бір жолы ол жаңа инновациялық технологияларды енгізу.

Осы технологиямен өткізілген сабақты дәстүрлі сабақпен салыстыратын болсақ:

«БЖС» технологиясымен	Дәстүрлі сабақ
Даму Оқу Тәрбиелеу	Бір жақты
Өлшемдер болады	Өлшемдер нақты болмайды
Сабақтың әр бөлімінің сапасын анықтауға болады	Әр сабақ бөлімінің сапасы анықталмайды

Жалпы тарих сабағын ұйымдастыру барысында бұл технологияны қолданудағы басты артықшылық, уақытты тиімді әрі ұтымды пайдалана отырып, мәліметтерді оқушыларға толық жеткізу және олардың есте сақтау мүмкіндіктерін арттыру.

Бұл технологияны өз сабақтарымда және жұмыс жүйеме енгізбес бұрын, жоба жетекшісі профессор Вассерман Ф.Я. ұйымдастыруымен өткен 2018 жылдың 15 сәуіріндегі арнайы курстан өткеннен кейін, 3 жылдық мерзімде жұмыс жасауға құқық беретін сертификатқа ие болдым. Содан бастап осы салада өз зерттеу жұмыстарымды жүргізе отырып, жұмыс жүйемді осы бағытқа бағыттадым. Қазіргі таңда, БЖС технологиясының қыр сырларына зерттеулер жасап, гуманитарлық пәндерде қолдануға ыңғайлы бөлімдерін алып, сіздерге ұсынып отырмын.

Қандай да бір сабақ әрқашанда сергіту сәттерінен бастау алары баршамызға белгілі. Сол себептіде мен Осы процесстерді жалпы өзім, мына төмендегідей сергіту сәттерінен бастаймын.

Сергітулер түрлері:

Жылдамдық – Бұл сергіту барлығы 9 жылдамдықтан тұрады. Мұғалім кез-келген 100-ге дейінгі санды айтады, мысалы 16, балалар хормен 17 деп жауап беру керек. Егер бүкіл сынып бірдей айтса онда екінші жылдамдыққа көшуге болады.

Талаптар: балалар жауабы өте тез және бірдей болуы керек. Балалардың үш рет қателесуі немесе бірдей жауап бермеуі, осы сыныптың жылдамдығын қайта анықтауына себеп болады.

Тақ немесе жұп сандармен өткізуге болады. Мысалы: 2,4,6,8,. . т. б. немесе керісінше 98,96,94,. . т. б.

Күрделендіру: Жылдамдық сергітуде операциялық символдарды тез ауыстырып өткізуге болады, плюс және минус. Мысалы: 1-жылдамдық мұғалім 12+ дейді, жауап 13, немесе 17- дейді, жауап 16.

Сергітулер үнемі ауыстырылып тұрғаны жөн. Ондай болмаған жағдайда сергітулер қызығушылықты немесе мәселенің мәнін жоғалтуы мүмкін. Сергіту уақыты- 5минут.

Есте сақтау- жылдамдық параметрі 9-жылдамдық. Көлемі-7. Мысалы: мұғалім 7 дейді, оқушылар хормен 7 дейді.

Күрделендіру: мысалы: мұғалім 1268 дейді, оқушылар хормен 1269 дейді.

Есте сақтаудың көріністі дамуы. Қолдануы: тақтаға 7-14-21 тірек сөздер жазылады. Тақтадағы тірек сөздердің 3-4 өшіреміз. Оқушылар жетпей тұрған сөзді есіне түсіріп орнына қояды. Жаттауға 30 секунд уақыт беріледі.

Арнайы психологиялық сергітулер.

1. Босаңсыту сергітулері:

А) сол қолмен жазу, синхронды жазу(екі қолмен), сандар, әріптер, геометриялық фигуралар.

Б) дауыссыз дыбыстарды әндетіп айту,хормен жақсы әндетіп айту деңгейіне дейін.

2. Ауыстырғыш сергітулер.

А) өткен сабақтан алған әсер сақталып, зейіні төмендеген жағдайда көңілді өтіп жатқан сабаққа бұру үшін.

Б) еңбек, дене шынықтыру сабақтарынан кейінгі сабақтарға зейінін аудару үшін.

Қолдану тәртібі:

А) көзді жауып қойып өткізеді. Керемет адамдардың өмірі туралы тарихтар, аңыздар, мифтер айтылады. Балалар тақырыпты көз алдына келтіріп, сабаққа деген қызығушылығын сезінеді.

Б) вирусқа қарсы- алгоритмикалық түрде жазбаша тапсырмалар беріледі. Мысалы: 100-ге дейінгі жұп сандарды жазу. Мұғалім тапсырманы орындауда кедергілер жасайды. Осы кедергілерге қарамастан тапсырмаларды дұрыс орындаған балаларды мұғалім марапаттайды.

3. Ұйымдастыру сергітулері.

Ережелерді,түсінікті, терминді хормен айту. Дұрыс амалдарды ұжым болып айту. Қиын сөздерді, сөз тіркестерін ұжым болып айту.

4. Құрылымды сергітулер.

Осы жоғарыда келтірілген сергіту топтамалары, алдағы жоспарланған сабақтың ұйымдасқан түрде өтуіне тікелей байланысты. Себебі басқа технологияларға қарағанда, БжС саласында сергіту сәтінің алатын орны ерекше. Ол жұмыс жүйесінің басты тірегі әрі қозғағышы болып есептелінеді.

Технология – бұл қажетті сапаны қаматамасыз ететін, іс-әрекет бұйрығы мен жоспарын орындайтын технологиялық регламентпен шектелген, іс-шаралар мен үрдістен тұратын жүйе. Бұл стандарттың философиясы, барлық оқушылар оқу үрдісінде сапаны жетілдіруге қатысатын сапа саясатына сай стандартты анықтайды. Осыған орай технологиялық карта бойынша жұмыс жасау барысында оқушыларды мұғаліммен бірге жалпы мақсатқа, нәтижеге жетуге жетелейтіндей баулуды қажет етеді. Карта бойынша жұмыс жасау ережесімен оқушыларды таныстыруды, және де пәнді меңгеруде сабақ барысында олардың ойларын дамытуға мақсатталғаны жайында хабардар етуді қажет етеді.

Сапалы технологиялық нәтиже алу үшін, сабақтың әр кезеңі мен бүкіл сабақ барысы өлшенеді. Бұл үшін сабақтың технологиялық кезеңі бойынша негізгі 5 көрсеткіші жасалған, ол мұғалім тарапынан ООМ арқылы қойылатын алу және қосу белгілерімен көрінетін белгілер.

1. Өткен тақырып бойынша қарама-қарсы сұрақ қою.
2. Тірек сөздерді есте сақтау бойынша жадысына. Бақылау – (оқушылардың бір-бірін өздері тексеруі).
3. Сөздік қоры бойынша сөз саны үшін.
4. Қарама-қарсы сұрақтар үшін.
5. Сыни көзқараспен сұрақ қойғаны үшін.

Осы жоғарыда аталған нәтижеге бағытталған технологияларға кеңінен тоқталатын болсақ:

Мәтінмен жұмыс жасау

Оқушылар берілген мәтінмен тірек сөздерді тауып, тақырыптағы сөздің мәнін ашады. Сондай-ақ, мұғалім қарама-қарсы және сын тұрғысынан сұрақ қою барысында баланың көңілін әрбір ұсақ бөлшекке назар аударылатыны жайында ескертіп, балалар, мәтінге аса назар аударып оқулары қажеттілігі жөнінде мұғалім тарапынан нұсқаулық алады. Картаның негізгі мақсатын есте сақтау қажет, ол: оперативті ойлау қабілетін дамыта отырып, оқу материалын сапалы меңгеру және берілген тақырып бойынша сыныптың барлық күш-жігерін ақпаратты өңдеуге біріктіру.

Қарама-қарсы сұрақ қою

Жұмыс соңында мұғалім мәтіндегі тірек сөздермен жұмыстың нәтижесі бойынша бүкіл сыныптан сұра-жауап алады. Сонымен қатар, мұғалім оқушылардың тақырыптағы әрбір ұсақ бөлшектерін, ең негізгілерді баса нақты табу біліктілігін дұрыс жолға қою мақсатында тақырып бойынша сұрақтар қояды. Мұғалім осы аталған карта бойынша оқыту сапасының ең негізгі ұстанымдарын дұрыс қолданғаны жөн: - сандық құрылуы - сыныппен жұмыс жасауда анықталған ақпарат көлемін нақтылы өңдеу білігі. – сапа құрылуы – сол және басқа да тақырып негізінде жатқан нақты ақпараттар көлемін сыныппен біргелесе отырып жұмыс жасау білігі. – оқытудағы синергизм – сынып оқуға ену барысында және білімді алу нәтижесінде ақпараттарды өңдейтін жүйе – үрдіскер, бірыңғай ағза болып құрылады. Бұл оқу кеңістігінде тұрақты сапаны алу үшін, оқу аймағы қорын тиімді, әсерлі бөлшектеп пайдалануға мүмкіндік береді. Ескерту. Оқушыларды мынадай тұрғыда белсендіру қажет: ұсынылып отырған білімнің барлығын бірден бір оқушының меңгеруі мүмкін емес, бірақ жалпы сынып болып біріккен жағдайда берілген жүктемені әрбірі теңдей етіп бөліп алу барысында білімнің үлкен көлемін меңгеруге және денсаулық пен танымдық қуанышын сақтау мүмкіндік туады.

Сын тұрғысынан сұрақ қою

Мұғалім оқушыларға әдейі дұрыс емес сұрақтар қояды. Мәтінде көрсетілген сол тақырыптардың барлық мәліметтері тексеріледі. Сын тұрғысынан сұрақ қою кезеңі диагностикалық болып табылады, те осы кезеңде ғана мәтінмен жұмыс сапасын анықтауға болады. Осы кезеңдегі режимде балалардың мәтінмен мұқият және терең жұмыс жасауға мүмкіндік беріп, қажетті түйсіну деңгейінің мүмкіндігі туады. Сын тұрғысынан сұрақ қою сабақты бекіту фазасы болып табылады. осы кезең оқушының ойлау қабілетін тиімді қалыптастырады, мектепте және мектептен тыс күйзеліс жағдайларын қалыпқа келтіретін бейімдеу факторы болып табылады.

Өз тәжірибемде, тарих сабағында жие қолданылатын және өзінің оң нәтижесін беріп жүрген технология түрі «БАЗ» және «Әмбебеп» картасы деп аталады. Соған толық тоқталып өтейін.

«БАЗ» КАРТАСЫ «БЕЛГІЛІ», «АРНАЙЫ», «ЖАҢА»

Мақсаты: оқылатын тақырыптың оқыту сапасының нормативті көрсеткішше жету. Кірісте ақпаратты реттеу білігін қалыптастыру. Ақпараттық құзыреттілігін дамыту. Оқушылар үшін - индукция және дедукция, зейін, қабылдау, жадыны жаттықтыру және толығымен ойлау түрлерін түйінді қалыптастыру. Дұрыс жазу шапшаңдығы мен техникасын дамыту. Міндеті: Карта регламентін орындау. ұяшықтарды дұрыс толтыра отырып, кілтті сөздер арқылы ақпараттың белгілі көлемін арттыру. Жоспарланған

нәтиде: Алға қойылған мақсатқа жету. Оқу үрдісіне деген жоғарғы мотивация. Кестені толтыру әдістемесі: кесте үш бағанды бөлікке бөлінеді: белгілі, арнайы, жаңа.

1. Әр баған лекциялық материалдың берілген шегіне байланысты толтырылады. Арнайы мағынасына қарай, белгілі пәннің тілін көрсететін арнайы - сөздер бөлек жазылып көрсетіледі. Мысалы, тарих: эпохалар, күндер, сандар, тарихи тұлғалар, тарихи терминдер. «Белгілі» бағанына оқушыға таныс тірек сөздер жазылады, ал «Жаңа» бағанына – белгісіз. Оқушыларға конспектілеу рұхсат етілмейді. Кестенің үш бағанын толтыру, мұғалімнің сабаққа дейін әр бағанға жеке таңдалып нақтыланған түсінікке негізделінген болуы тиіс. «Белгілі, арнайы, жаңа» кестесі

Әмбебап картасы

Жұмыс ережесі. Карта бойынша мақсат: Оқытылып жатқан тақырып бойынша оқытудың сапалы көрсеткіш нормативіне жету. Мұғалімнің пәндік және педагогикалық құзыреттілігін, оның шығармашыл потенциалын арттыру. Технологиялық карталау формасының көп түрлілігін дамыту. Оқушылардың оқуға деген ынталарын арттыру. Міндеті: қолданыста бар карталар негізінде сабақ құрылымын құрастыру. Күтілетін нәтиже: сабақтың мақсатын орындау.

Әмбебап картасы мұғалімнің өз бетінше сабақты құрастыруы үшін негізделген. Сабаққа сай келетін, осыға дейінгі үйренген кез-келген технологиялық карталардың элементін таңдап алуына мұғалімнің құқығы бар. Картада «БЖС» технологиясы бойынша анағұрлым кең шығармашыл түрде сабақ өткізуге мүмкіндік беретін элементтердің барлығы да картада жинақталып, қамтылған. Негізгі шарт – технологиялық кезеңдердің дұрыс жүзеге асу ережесін сақтау және 4 базалық бағалау критерийлерінің негізінде сынып жұмысын ООМ бойынша жұмыс жасау мониторингісі:

1. Тірек сөздерді есте сақтау бойынша жады үшін.
2. СҚ сөздер саны үшін.
3. Қарама-қарсы сұрақ үшін.
4. Сын тұрғысынан сұрақ қою үшін (оның ішінде бір-бірін тестілеу де жатады).

Аталған технологиялық карталарды сабақтың типтеріне қарай қалай таңдауға болады?

Биоинформатика және синергетика технологиясымен танысып, саралай келе төмендегідей артықшылықтарды бөліп алуға болады:

- нақты нәтижеге, сапа көрсеткішіне бағытталуы;
- оқыту формасының белсенділігі;
- жекелей, даралап оқытуды қамтамасыз етеді;
- деңгейлеп оқытуды жүзеге асырады;
- түзету, коррекция және рефлексия жұмыстарын сабақтың әрбір кезеңінде іске асыруға болады;
- зерттеу- ізденушілік дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Ағымдағы тексеру жұмыстары тек бақылау ғана емес диагностикалық сипатта да қызмет атқарады. Оның мақсаты- түзету жұмыстарының қажеттілік деңгейін анықтау.

Оқушылардың біріккен жұмыстарын топта, шағын топтарда ұйымдастыру олардың бойында субъектіліктің алғы шарты болатын төмендегідей дағдыларды қалыптастыруға бағытталған:

- жаңа материалды өз беттерінше игеру;
- шығармашылық тұрғыда ойлау, талдау, қорытынды жасау;
- -өз ойларын басқа оқушыларға толықтай жеткізу;
- мәселе қою;
- ұйымдастыру, басқару іскерлігін жүзеге асыру;
- өзін- өзі тексеру, бағалау.

Сол арқылы оқушыларда пәннің мазмұнын білумен қатар белсенділік, жауапкершілік, бастамашылдық сияқты құнды тұлғалық қасиеттер қалыптасады, яғни субъект ретінде дамиды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ерментаева А. Р. Субъектілікті дамыту тренингі. С.Аманжоловатындағы ШҚМУ баспасы. 2007–12 б.
3. Управление качеством обучения в общеобразовательных школах на основе ИКТ Методическое пособие для учителя. Алматы, 2008
4. Жексенбаева Ү.Б.. Балалардың дарындылығын диагностикалау. Әдістемелік құрал. 196.
5. Өзін-өзі тану. Студент дәптері. Алматы, 2007- 171 б.
6. Жеткіншектер мен жасөспірімдердің қарым қатынасын анықтауға арналған психологиялық әдістемелер жинағы. Өскемен, 2005 – 9 б.

ТАРИХ САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Бекентаев Сунгат Жумабекович,
Кейкі батыр атындағы
№4 жалпы орта мектебінің
тарих пәнінің мұғалімі,
Арқалық қаласы

Аннотация

Заманауи технологиялар мен жаңартылған мазмұнды білім беру бағдарламасы арқылы оқушыларды бәсекеге қабілетті болашақта отыз елдің қатарына енетіндей білімді тұлға ретінде тәрбиелеу.

Аннотация

Воспитание учащихся как образованной личности, способной войти в тридцатку конкурентоспособных стран в будущем через современные технологии и обновленное содержание образовательной программы.

Abstract

Education of students as an educated person, able to enter the thirty competitive countries in the future through modern technology and updated content of the educational program.

Түйінді сөздер: технология, білім, бағдарлама, оқушылар, бәсеке, тұлға, сабақ, топтық жұмыс, бағалу, жеті модуль, қағанат, сын тұрғысынан ойлау, түрік, интерактивті тақта, стратегия, сергіту сәті, қағанат, «ұшатын сұрақ», «ыстық орындық», кері байланыс, тайпалар, рөлдік ойын, бейнеролик, галлерия, смайлик, бағалау, «екі жұлдыз, бір тілек», постер, жұптық жұмыс, мәтін, пікір, әдіс, тәсілдер, халық, мемлекет, миға шабуыл, диалог, интернет, қазақ хандығы, дәуір, күтілетін нәтиже, презентация, миға шабуыл.

Ключевые слова: технология, образование, программа, учащиеся, конкуренция, личность, урок, групповая работа, оценка, семь модулей, кағанат, критическое мышление, турецкий, интерактивная доска, стратегия, физкультура, кағанат, «летающий вопрос», «горячий стул», обратная связь, племена, ролевая игра, видеоролик, галлерия, смайлик, оценка, «две звезды, одно желание», постер, парная работа, текст, мнение, метод, приемы, народ, государство, мозговая атака, диалог, интернет, Казахское ханство, эпоха, ожидаемый результат, презентация, мозговой штурм.

Keywords: technology, education, program, students, competition, personality, lesson, group work, assessment, seven modules, kaganate, critical thinking, turkish, interactive whiteboard, strategy, physical education, "flying question", "hot chair", feedback, tribes, role-playing, video, gallery, smiley, evaluation, "two stars, one wish", poster, pair work, text, opinion, method, techniques, people, state, brainstorming, dialogue, internet, Kazakh khanate, epoch, expected result, presentation, brainstorming

Жаңа технологияларды күнделікті сабақ үстінде пайдалану үшін, әр бір мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтың мақсат- мүдесіне байланысты, өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алады.

Жаңа әдістерді жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалау ерекше орын алады

[1, б. 51].Қазақстан тарихынан 6 сыныпқа өткізген сабағым «Батыс Түрік қағанаты» тақырыбында болды. Сабақтарда сын тұрғысынан ойлауды қолдану оқушылардың ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамытады. Сын тұрғысынан ойлауға мындай үлестірмелі сұрақтар бере отырып, оқушыларды өздерінің идеяларын болжаумен талдауға үйреттім. Яғни осы сұрақтары бойынша бір-бірімен пікір алмасып, ақылдасуға баулыдым. Ұйымдастыру кезеңінде сабақтың тақырыбын ашу үшін мен «Түрік» деген сөзді бір оқушының арқасына тағып, басқа оқушылар сол оқушыға сұрақ қою арқылы сөзді табуы керек. Сөзді тауып болған соң сол сабақтың тақырыбын жаңағы оқушы балаларға жариялады. Мұндағы мақсат оқушы балалардың қойған сұрағына сыни түрде ойланып барып жауап қайтарады. Осы технология арқылы оқушы өз ойларын постер қорғау кезінде, жұптық жұмыстар жеткізе білді.Өзімнің сабақтарымда барлық кезеңдерде, сын тұрғыдан ойлау модулінің мынадай миға шабуыл, жеке жұмыс әдіс-тәсілдерін және оқушының білімін арттыруға арналған қызықты мынадай «Бұл кім?» стратегиясын пайдаланып отырдым. Бұл ойын арқылы оқушылардың сабаққа деген ынтасы артты, және олардың сын тұрғысынан ойлау қабілеттері мен сөйлеу қабілеттері пайда болды. Бұл оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын тудырады. Өйткені бұл стратегияда кез келген тақырыпқа байланысты тарихи тұлғалардың суреттері беріледі интерактивті тақта бойынша, сол суреттің кім екенін, табу және оған толық түсініктеме беріп кету [4, б. 112].

Осы старетегия арқылы оқушылардың сөз қоры мен ынтасы артады. Содан соң мәтінмен жұмыс істеу үшін «кубизм» стратегиясын пайдаландым және оның қырларында берілген мәтін жан жақты ұғыну үшін әр топқа әр түрлі тапсырмалар бердім. Баяндаңыз яғни, мәтіннің мазмұнын айту, құрастырыңыз мәтін бойынша сұрақтар құрастырады. Сабақты қорытуда «білдім,білемін, білгім келеді» балалар бұл кестені толтырғанда тақырып бойынша білетін нәрселерінің көп екенін, сабақты меңгерудің көптеген жолдары бар екенін, болашақта түркі тектес халықтардың қай мемлекеттерде орналасқанын білгілері келетінін жазды. Осыдан мен оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары мен ынтасының артқанын байқадым. Балалардың сұрақтарына келесі сабақта ғаламторға шығу арқылы жауап тауып, мәліметтер беруге тырыстым. Мұндағы мақсатым оқушылар интернет желісін еркін пайдаланып тақырыпқа байланысты қосымша мәліметтер алу үшін, және олардың сабаққа деген ынтасын арттыру болды. Оқушылардың сабаққа деген ынтасы арта бастағаны мені қатты қуантты. Өйткені барлығы да сұрақтарға жауап беріп тапсырмаларды жылдам орындап құлшыныстары артты. Мысалы оларға көп ұнағаны топпен жұмыс кезінде постер жасау, интернет желісі арқылы қолдарындағы смарт телефондарын пайдалану пайдалану болды. Келесі үшінші сабағым «Түргеш қағанаты» тақырыбында болды. Сабақтың мақсаты:Түргеш қағанатының құрылымы мен алып жатқан аумағы жайында ұғынулары қажет. Жоспарланған сабағымның алғашқы кезеңін психологиялық дайындықтан бастау үшін сергіту сәтін өткіздім. Осы сергіту сәтінен кейін оқушыларды «жаз», «қыс», «күз» мезгілдерінің сөздері арқылы үш топқа бөлдім. Топқа бөлініп болғаннан кейін үй тапсырмасына шолу жасау үшін «Ұшақ» стратегиясын пайдаландым. Мұндағы мақсатым, оқушылардың өткен сабақты қаншалықты меңгергенін анықтау болды. Нәтижесінде ыстық орындыққа шыққан оқушылар топ бойынша қойған сұрақтарға толығымен жауап берді. «Ұшақ» стратегиясының оқушыларға пайдасы үйге берілген тақырыпты пысықтап, есте сақтау үшін тиімді болды. Келесі жаңа сабағымның тақырыбын ашу үшін оқушыларымның оқуға деген қызығушылығын арттыру және таным әрекеттеріне көмектесу мақсатында «Қазақ елі» атты бейнероликті көрсеттім. Бұл бейнероликте Сақ дәуірінен басталып, Қазақ хандығының қалай құрылғандығы жөнінде толығымен баяндалады. Мен осының ішінен қысқаша ғана Түргеш қағанатынан үзіндісін көрсеттім. Міне осы бейнеролик бойынша оқушылар сабақтың тақырыбын аша білді. Мен оларға осы тақырып бойынша үш топқа «Түргеш қағанатының пайда болуы» I

топқа, «Түргеш қағанатының сыртқы және ішкі саясаттары» II топқа, «Түргеш қағанатының әлсіреу себептері» III топқа бөліп жеке тапсырма ретінде бөліп бердім. Осы тақырыптар бойынша I топ постер арқылы, II топ презентация түрінде және III топ рөлдік ойын бойынша қорғап шықты. Нәтижесінде мен мен оқушылардың сабақты қаншалықты меңгергенін байқадым. Оның ішінде рөлдік ойын кезінде III топ өз образдарын жақсы көрсете білді. Оларға таң қалғаным, оқушылар кәсіби әртістерден кем болмай шығып, өз қабілеттерін таныта білді. Осы үш топтың жұмысын топтық бағалау арқылы бағаладым. Бұл бағалау жүйесі оларға қатты ұнады. Сабақты қортындылау кезінде кері байланыс ретінде «ұшақ» әдісін пайдаландым. Оқушылар өзі істеген ұшақтарға сабақ бойынша сұрақтар жазып бір-біріне ұшырды. Мысалы мынадай; Түргеш қағанатының негізін қалаған кім?, Түргеш қағанатының қағаны Сұлу қаған неліктен «Сүзеген» қаған аталды? деген сұрақтар болды. Үйге тапсырма ретінде осы тақырып бойынша интернет желісінен мәліметтер жинап келуді бердім. Сабақтың соңында әр топтан бір оқушы шығып өз пікірлерін айтты. Олардың сабаққа деген пікірлерін тыңдаған кезде, өте риза болдым. Олардың пікірінше тарих сабағы өте қызықты болғаны және түрлі әдіс-тәсілдер арқылы өткені қатты ұнағаны, осылай өте берсе екен деп өз пікірлерін айтып шықты.

Сабақ соңында тілек ағашына өз тілектері жазылған стикерлерін жапсырды.

Қазіргі жаңартылған мазмұнды сабақ беру үдерісінде пайдаланған жаңа инновациялық технологияларды пайдалануының дәлелі ретінде төмендегі сабақ жоспарын ұсынамын.

Сабақтың тақырыбы: Сақтар туралы мәлімет

Мақсаты: Сақтарды ержүрек халық ретінде сипаттай отырып, оқушылардың көпшілігін отаншылдыққа, ерлікке, батырлыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Оқушылар картамен жұмыс жүргізуде тайпалардың орналасу аймақтарын анықтай білді.

Бейнеролик арқылы оқушылар бір-біріне сұрақ қоя білді

Оқушыларды рухани құндылықтарды бойына сіңіруге, өз тарихымыздың арғы ата-бабаларымыздың ер жүрек сақтардан бастау алатынын білуге дағдыландыру.

5 «Г» сыныбында 23 оқушы бар. Оқушылар сабаққа толық қатысты.

Оқушылар пән бойынша білім, білік дағдылары оқу стандартына сәйкес.

Белгіленген тақырып күнтізбелік жоспарға сәйкес өткізілді. Сабақ жаңа тақырыптық жоспарға сай құрылды.

Сабақ жаңа тақырыптық жоспарға сай құрылды. Сабаққа қажетті ресурстар, әдіс-тәсілдер, бағалау критерийі таңдалынып алынды. География пәнімен пәнаралық байланыс болды.

Сабақ сыныпта оқушылардыңынтымақтастық атмосферасын орнатудан басталды. Жаңа тақырыпты ашу мақсатында интербелсенді тақтадан сақтар туралы бейнеролик көрсетілді. **Б.Ой шақыру стратегиясы:** Сақ тайпалары туралы бейнематериалдан үзінді көрсетіледі. Бехистун жазбаларынан үзінді.

«Co-operative listening» әдісі

Оқушылар «Бехистун жазбаларынан үзінді» бейнебаянды қарайды, бірінші оқушы кілт сөздерін жазады, екінші оқушы тыңдайды. Мұғалім бейнебаянды ортасында тоқтатады, оқушылар рөлдерімен ауысады: екінші оқушы кілт сөздерін жазады, бірінші-тыңдайды. Видео аяқталған соң бір-біріне сұрақ қояды, кілт сөздерін қолданып бейнебаянды сипаттайды.

Тыңдалым, жазылым дағдыларын дамыту.

Оқушылар осы бейнеролик арқылы жаңа тақырыпты ашу арқылы үш топ осы сабақ бойынша «Галлерия» әдісімен үш түрлі тақырып алып, постер қорғады. Оқушылар топ бойынша берген тапсырмаларды толық өз деңгейінде орындады. Сабақты бекіту кезінде «Пенальти» әдісін қолдандым. Бұл әдістің ережесі үш топтан екі баладан шығып, екі

командаға бөлініп, допты тебу арқылы қарама-қарсы командаға сұрақ қояды. Сұраққа жауап бере алмаса гол боп есептелінеді. Бағалау барысында оқушыларды смайликтер арқылы бағаладым. Жалпы қортындылайтын болсам, оқушылар өз белсенділіктерін көрсете білді. Сабағым өз мақсатына жетті.

Өзіме түйгенім, бағдарламаның жеті модульді сабақтарды түрлендіре қолдансам, тарих пәнінен дарынды, болашақ олимпиада қатысушылары, ғылыми жоба жұмыстарымен айналысатын оқушыларым да көбейер деген сенімдемін. Қорыта келгенде айтарым, қашықтықтан оқыту кезеңіндегі мектептегі тәжірибе менің өз еңбек тәжірибеме көптеген өзгерістерді әкелді. Сабақтарымның жүйелі түрде құрылғаны оқушыларымның тақырыпты еркін меңгеруіне, өз беттерімен жұмыс жасауына жағдай туғызды. Сабақта топпен талқылап, пікір алмасатын, ізденіс жұмыстарына жетелейтін тапсырмалар беруді бала ұғымына сай таңдап, жүйелеу басты мақсатыма айналды. Ең маңыздысы- өзімнің және оқушыларымның бойында сенімділік қасиеті қалыптаса бастады. Мен оқушыларымның өз бетімен жұмыс жасауға мүмкіндік беріп, олардың орындап шығатынына сенім арта бастадым. Сабақ барысында тек қана бағыт беріп, жетелеп отырдым.

Келешекте осы бағдарлама бойынша модульдерді өз тәжірибемде пайдаланып, зерттеулерімді жалғастыра отырып мындай сөзбен қортындылағым келеді:

XX ғасырдың ірі өкілі, белгілі ағартушы Жүсіпбек Аймауытов ұстаз қызметін былай сипаттайды: «Балаларға білім берумен, тәрбиелеумен мұғалімнің қызметі тәмам болмайды. Ол балаларды тәрбиелеуге, үгітеуге міндетті, басқаша айтқанда, мұғалім қарапайым қызметкер емес, ол шәкірттерінің алдағы өмірін өз басынан кешірген тәжірибесіне таянып оларға келешекте өмірден аяғын шалыс басып, соққы жеп өкінбеске күні бұрын сақтандыратын қорғаушысы, қамқоршысы ». Ұлы Абайдың да «ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға » деген нақыл сөзі педагогикалық ғылымдық тандаған адамның өз мамандығынан шаршамайтынын, қайта керсінше баланың нәр алатынын айтады. Ұстаздың бүгін қиын еңбекпен оқытқан шәкірті ертең егеменді елінің үлкен бір азаматы болғанда біз мұны ұстаз бен мемлекеттің, ата-ана мен қоғамның ортақ жемісі деп айтамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбдәкімов А. Қазақстан тарихы. Астана, 2015.
2. «QAZAQ BILIMI» //Республикалық педагогикалық журналы. №5. 2008.
3. «Қазақстан ұстазы» әдістемелік журналы. Астана 2017.
4. Учительская плюс. Қостанай, №8. 2017.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА «САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ» ЖӘНЕ ЭВРИСТИКАЛЫҚ ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Бекмұхамбетова Сәуле Қойшығұлқызы,
«И. Ф. Павлов атындағы ауылдың орта мектебі» ММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Аннотация

Өзектілігі. Мақсаты. Бұл мақалада «Сатылай кешенді талдау» және эвристикалық жобалау технологияларын қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында қолданылуы қарастырылған. Сабақ барысында осы аталған технологияларынан фрагменттердің енгізілуі көрсетілген. Барлық тапсырмалар оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жасалған. Аталған технологиялар сабақты тартымды, нәтижелі өткізуге ықпал етеді, ал оқушылардың білім алу үрдісі өңімді әрі қызықты болады.

Аннотация

Актуальность. Цель. В данной статье рассмотрены применение на уроках казахского языка и литературы «ТКПО» и эвристические технологии обучения. Приведены фрагменты использования технологий на уроках. Все задания составлены согласно возрастным особенностям учащихся. Применение перечисленных технологий помогает сделать урок эффективным, результативным, а процесс получения знаний учащихся – интересным и продуктивным.

Abstract

Relevance.Goal. This article discusses «the use of the technology of comprepensue step-by-step intruction» in the lessons of the kazak language and literature – a model of conclutions and heuristic tehnologies of learning fragments of the use of tehnologies in the lessons are given. All tasks (assigments) are made according to the charasteristics of students. Touse of these tehnologies helps to make the lesson effective and productive, and the process of obtaining students knowledge is interesning and productive.

Түйінді сөздер: сатылай кешенді талдау технологиясы, модель, тұжырымдар
Ключевые слова: технология комплексного поэтапного обучения, модель, выводы
Keywords: the tehnology of comprepensue step-by-step intruction, model, conclusions

Қоғамның дамуы ғылым саласы мен оқу жүйесіне әсерін тигізіп отыратыны белгілі. Білім беру жолында өмірде болып жатқан өзгерістер мен оқыту үлгісінің жаңа тиімді әдістерін пайдалану жолға қойылып отыр. Мұндай тиімді оқыту әдісі – оқушының қажетті материалды жеке-жеке салаларға жіктемей, тұтас игеріп, толық қабылдауына мүмкіндік жасайды. Оқу жүйесіне тиімді технологияның енуі – бүгінгі күннің басты талаптарының бірі. [1: 3]

Білім беру ісін реформалаудағы стратегиялық міндеттердің бірі – шығармашылық тұрғыдан бәсекелестікке сай, үш тілді (қазақ, орыс, ағылшын) жетік меңгерген, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны оқытып-тәрбиелеу. Оқу жүйесіне тиімді технологияның енуі – бүгінгі күннің талабы. Осындай тиімді технологияның бірі –

Н. А. Оразахынованың «Сатылай кешенді талдау» технологиясы. [3:3]

Тілді тереңдетіп оқытудың бір жолы – сатылай кешенді талдай оқыту.

Сатылай кешенді талдау қазақ тілінің барлық салаларын (фонетика, лексика, морфология, сөзжасам, синтаксис) жүйелі әрі сапалы меңгерумен қатар басқа пәндермен тығыз байланысты оқытуды көздейді. Талдаудың бұл түрі өткен, қазіргі және кейінгі материалды өзара бірлікте игеруге мүмкіндік береді. [6:3]

Бұл технологияны қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында қолданамын. Іс жүзінде осы технологияны қолданамын және оның нәтижесі жақсы. Оқушы білімдерін толықтыруға тиімді. ОЖСБ-ға дайындық ретінде консультацияларда қолдануға болады.

Мысалы: «Сатылай кешенді талдау» технологиясын 9 сыныпта қаза тілі сабағында қолданылудың фрагменті

Жұмақтың деген сөзге «СКТТ» («Сатылай кешенді талдау» технологиясы) бойынша морфологиялық талдау жаса.

1. Бұл сөз айтылу, жасалу, жазылу жолдарына қарай – жуан буынды сөз. Себебі сөздің құрамындағы дауысты дыбыстар жуан дауыстылар.

2. Бұл сөз *жұ-мақ-тың* болып үш буынға бөлінеді. Себебі сөздің құрамында үш дауысты дыбыс бар. *Жұ* буыны ашық буын. Себебі буын дауыссыз дыбыстан басталып, дауысты дыбысқа аяқталып тұр. *Мақ-тың* буындары бітеу буындар. Себебі буындар дауыссыз дыбыстан басталып, дауыссыз дыбыстарға аяқталып тұр.

3. Бұл сөз

жұ болып екі жағдайда тасымалданады. Себебі сөз үш буыннан тұр немесе *мақ* сөз буын жігіне сәйкес тасымалданған. *тың*

4. Қазақ тілінде сөз екпінінің орны біршама тұрақты. Сөзге қосымша жалғанған сайын екпін сөздің соңғы буынына қарай ығысып отырады. Сондықтан бұл сөзде екпін *тың* буынындағы *ы* дауысты дыбысына түсіп тұр.

5. Сөзде түбір мен қосымшаның арасында буын үндестігі бар. Себебі түбірдің соңғы буыны *мақ* жуан болғандықтан оған жалғанатын қосымшаның да (*-тың*) жуан нұсқасы келіп тұр. Сондықтан біз оның жіңішке (*-тің*) нұсқасын алмаймыз.

6. Сөзде дыбыс үндестігі, түбір мен қосымшаның арасында ілгерінді ықпал бар. Себебі түбірдің соңғы дыбысы *қ* қатаң болғандықтан өзіне жалғанатын қосымшаның алғашқы дыбысын *т* қатаңнан басталуын талап етіп тұр. Сондықтан біз оның ұяңнан басталатын (*-дың*) нұсқасын алмаймыз.

Міне осындай талдау арқылы оқушылардың білімдері әрі тексеріледі әрі сөйлеу тілі дамытылады. Және де ережені жай айтпай, дәлелдерін келтіріп, себептерін түсіндіріп отырады. Бұл тексеруді жаңартылған білім мазмұнына сай «**Автор орындығы**», «**Ыстық орындық**», «**Сұрақтар жаңбыры**» әдіс-тәсілдері арқылы да тексеруге болады. Мысалы: Бірінші әдісінде оқушының өзі жазған талдауын оқытқанда отырғызып оқытуға болады, себебі бұл оның авторлық жазған талдауы. Екінші әдісін де оқушы орындыққа отырады, сол талдау бойынша басқа оқушылар оған сұрақтар қояды да, тез, жылдам жауап беруі керек, себебі орындық ыстық. Үшінші әдісі бойынша оқушылар топтарға өз еркімен, қалауымен бөлінеді. Әр топ параққа сұрақтар жазып, бір-біріне лақтырады. Алған сұрақтарына жауап жазып, кері лақтырады. Жауап жазылған парақты қағып алған ойыншы, сол жауаптан сұрақ тудырып, ары қарай лақтырады. Ойын осылай жалғасады.

Рухани байлық ең алдымен әр халықтың ұлттық әдет-салты, әдебиет, мәдениеті, өнері, шыққан түп тамырында жататыны белгілі. Сол ұлттық байлықты бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі, білім берудегі озық ұстанымдарымен байланыстыра отырып, әр баланың қабілеті, талантын ашу, өзіне-өзінің сенімін нығайтып, өзіне-өзінің жол ашуына түрткі жасау – міне, бүгінгі білім беру, тәрбие ісінің басты міндеті. Қазақ әдебиеті сабағын қазіргі талап бойынша оқыту алдында кезек күттірмейтін өзекжарды мәселелер аз емес. Соның бірі - инновациялық технологиядан іздену. Технология оқытудың, білім берудің, жеке тұлғаны жан-жақты дамытудың жаңа ізденістерін, нәтижелі ізденістерін талап етеді. Технологияның басты белгілері болып табылатын іс-әрекеттер:

- Баланың білім алу, даму, т.б. іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу;
- Басшылық ету, білімді өз белсенділіктерімен алуларына түрткі жасау;
- Оқушылардың дербес ізденісі, жаңа білімді өз белсенділіктерімен алу іс-әрекеттерін ұйымдастыру.
- Алдын-ала тапсырмалар беру. Мақсат: баланың өз бетімен өзіндік, яғни оқушы деңгейіндегі білімін қолдану, анализ, синтез, баға деңгейіне дейін жетелеу іс-әрекеттерін ұйымдастыру. Мақсат ұсыну. Оқушыларға өз мақсатын қойғызу.
- Мақсатқа жету үшін көмек-бағдар, бағыт ұсыну. Эвристикалық жобалау технологиясына жүгіну.

Төменде эвристикалық жобалау технологиясын басшылыққа алған, тәжірибелі педагогтар (Қ.Бітібаева) әдістемесінен алынған ақын-жазушылардың шығармашылығын оқытудың модельдерін ұсынамын.

Мысалы: 10 сынытың қазақ әдебиеті сабағында Жамбыл Жабаев өмірі мен шығармашылығын меңгерту барысындамынадай модельді қолданамын.

Модельдің тиімділігі ақын-жазушылар туралы берілетін көлемдік түсініктерді, ұғымдарды тұжырымды түрде, көрнекті түрде ғана жып-жинақы етіп бере білуінде. Әдебиет- сөз сабағы, көбінде сөздік әдістер арқылы білім берілетін пән. Ал айтылатын сөздің бәрі есте қала ма, жоқ па, ол әрине, ерекше зерттеуді керек ететін мәселе. Ал бұл

модель мұғалімнің оқытуда конструкциялық жобалау технологиясына арқа сүйейтінін көрсетеді. Өйткені, оның өнімді нәтиже берері сөзсіз.

Модель әр оқушының алдында жатады. Ол ақын-жазушылардың шығармашылығынан білім алудың бағдаршамындай оқушылар оған қарап, әр түрлі іздену, зерттеу жұмыстарын орындайды. Модель әрі тірек карточкасы, әрі көрнекілік, әрі көмек-нұсқау рөлін де атқарады. Модель оқушы іс-әрекетін белгілі бір мақсатқа жетелейді, бағыттайды, тәртіпке салады. Оқулық, ғылыми еңбектермен жұмыс істеуге баулиды. Өз беттерімен модель жасауға ықпал етеді. Ең бастысы, терең, тиянақты білім алуға (өз беттерімен) өнімді, нәтижелі көмек көрсетеді. Сызба-модель мұғалім жұмысын да жеңілдетеді. Оның әр тармағы бойынша жеке жұмыстар, топтық жұмыстар, жұптық жұмыстар беріп, оқушының білім деңгейін шығармашылық деңгейге алып келуге, түсініктен анализ, синтез бағаға дейін көтеруге болады.

Мұғалім басқа тапсырмалар орындатпай-ақ, сызбадағы берілген тұжырымдарға тапсырма берсе де жеткілікті. Модель бойынша жұмыс дұрыс ұйымдастырылса, онда ақын-жазушылардың шығармашылығы туралы терең де толық білім қамтамасыз етіледі деп болжауға болады.

Ең алдымен, оқушыларға модельді, оның құрылысын түсіндірген жөн. Олар модельде қанша тірек-сызбалар бар, бағытын беретін қаншама нүктелер бар, соны анықтап, әрқайсысының мағынасын, оларда жатқан ойды анықтаулары керек.

Мұғалім әр тірек-сызба бойынша проблемалық тапсырма беріп, жетекші консультант тағайындайды. Ол балаларды өздерінің тілектері, қалаулары бойынша бөліп алып, іздену, зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Соңынан консультанттың көмегімен мұғалім білім тексеру мақсатында экспресс-анализ жүргізеді, бағыт, бағдар, нақты мақсаттар белгілейді. Әр сызба-тіректі бір-бірімен ой, мағына жағынан байланысын оқушылардың өздеріне іздету оларды мақсатты іс-әрекетке жетектейді.

«Бейімбет Майлин» шығармашылығы бойынша мынадай оқыту модельді ұсынып, оқушылар оны постерге жазып толтырады. Немесе толтырып болғаннан кейін, тексеру мақсатында ойын арқылы өткіземіз. **«Дұрыс – дұрыс емес» ойыны.** Ойынға қатысушыларды екі топқа бөледі. Оларды бір-біріне қарама-қарсы отырғызған дұрыс. Ортаға бос екі орындық қояды. Бір орындық «дұрыс» дегенді білдірсе, екінші орындық «дұрыс емес» дегенді білдіреді. Мұғалім немесе бір оқушы дәптерде әлде сол постерде жазылғанды оқиды: « Бейімбет Майлиннің шын аты – Бимағамбет». Бұл тұжырымды дұрыс деп санаса, олар тез барып «дұрыс» орындығына отыруы тиіс. «Дұрыс емес» деп санаса, соған сәйкес белгіленген орындыққа отырады. Қайсысы бірінші барып отырса және жауапты дұрыс тапса, сол жеңімпаз болады.

Технология бойынша тағы бір тапсырма: модель ұсынылады, оны оқушылар сабақтың бір бөлігінде меңгереді де, тексеру мақсатында **«Өзіңді тексеріңіз» әдісін** қолданамыз. Бұл мәлімет **ШЫНДЫҚ** па немесе **ЖАЛҒАН** ба? Мысалдар айтылады, оқушылар ол келтірілген мысалдар модельде бар, жоғын анықтайды.

Сонымен, осы аталған технологиялардың тиімділігі – көзбен көріп, құлақпен естіп, есте сақтай отырып, оқушыны ізденіске, іскерлік пен танымдық ынтаға, шығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы түрлі мәселелерді шеше білуге, тапқырлыққа, жаңа ғылыми ізденіске жетелеуде. [5.]

Бұдан шығатын қорытынды: «Сатылай кешенді талдау» және эвристикалық жобалау технологиялары оқушыларға белгілі бір пән бойынша терең де сапалы білім алуға кепіл бола алады. Бұған өз тәжірибем мен ізденістерім арқылы анық көзім жетті.

Келешекте өз тәжірибемде:

1. Оқушылармен үнемі тепе-теңдікті ұстауды, еркіндік беруді.
2. Оқытуды сапалы ету үшін жаңа тәсілдерді қолдана отырып, сабақтарымды түрлендіруді.

3. Өріптестерімді қызықтырып, бірлесе жұмыс жасау бағыттағы жұмысты дамытамын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбдрейімова К. Ә., Сәкенова Р. Б., Оспанов А. А., Ниязқұлова Ж. Ө. Қазақ әдебиеті (Н. А. Оразақынованың «Сатылай кешенді талдау» технологиясы бойынша жалпы білім беретін мектептердің таңдау курсына арналған) оқу құралы. – А: 2012.-153 с.
2. Оразақынова Н. А. «Практикалық қазақ тілі» (оқу құралы). – А: 2009.-160 с.

ИНФОРМАТИКА МЕН МАТЕМАТИКА АРАСЫНДАҒЫ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ

Беркімбаев Райхан Әміртайқызы,
старший преподаватель КГПУ,
г. Костанай

Аннотация

Информатика және математика арасындағы пәнаралық байланыстар арқылы оқу процесін жетілдіру жолдары қарастырылады.

Аннотация

Рассматривается совершенствование процесса обучения с применением межпредметных связей между математикой и информатикой.

Abstract

Considered the improvement of the learning process with the use of interdisciplinary connections between mathematics and computer science.

Түйінді сөздер: информатика, пәнаралық байланыстар, компьютер, программа

Ключевые слова: информатика, межпредметные связи, компьютер, программа

Keywords: task, geometry, symmetry, Olympic Games

Математика және информатика арасындағы пәнаралық байланыстар екі жақты сипатты болады: математиканы оқу информатиканы оқытуға дайындық болуы керек; (бұған логикалық және алгоритмдік дайындық, жуықтап есептеулер жатады); сонымен қатар информатика курстары математиканы қолданады. В.Г. Болтянский математика курсына информатикадан білімдерін қолдану мүмкіндіктерін мына сұрақтармен атап көрсетті:

- математика курстарының қандай тақырыптары информатика курсымен тығыз байланыста болуы керек;
- информатика курсымен байланыстырғанда бұл тақырыптардың мазмұны мен оны оқыту әдістемесі қандай өзгерістерге ұшырайды;
- қандай есептердің шешімін программа құру арқылы компьютер көмегімен табу керек;
- математиканы оқуға бөлінген сағаттардың қанша бөлігі оқу жылында компьютер сыныбында өткізілуі мүмкін?
- математика курсының есептерін компьютер арқылы шешудің әдістемесі қандай болуы мүмкін?

Осы сұрақтарды шешу жоғары оқу орнында информатика мен математика арасындағы екі жақты байланыстарды құрудың негізі болып табылуы мүмкін. Сонымен қатар мына сұрақтарды қарастыру ұсынылады:

- студентті кәсіби бағытта оқыту үшін математика курсына математикалық есептерді шешуді жүзеге асыру құралы ретінде қандай программалық өнімді таңдау қажет?

- қолданбалы есептерді компьютерде шешу бойынша студенттердің аудиториялық және өзіндік жұмыстарының қатынасын анықтау қажет.

Сонғы жылдары қоғамдық санада компьютеризациялау туралы түбегейлі өзгерістер болғанын ескерген жөн. Егер 90-шы жылдары біздің елімізде жалпы компьютерлік сауаттылық мәселесі шешілсе, қазіргі уақытта компьютерлік білім қажеттігін барлығы мойындайды. Қандай да бір пәнді оқу барысында компьютерді қолдану, бір жағынан, оған деген қызығушылықты арттырады. Екінші жағынан, компьютер соншама үйреншікті болып кеткені сондай оның жаңашылдық элементі жоғалады.

Бағдарламалық өнім ретінде Excel кестелік процессорын қолдану ұсынылады. Кестелік процессорлар экономикалық есептеулерде кеңінен қолданылады, Excel-дың интеллектуалдық потенциалы дамыған интерфейсмен қосылып оны кең тараған экономикалық бағдарламалардың стандарты етті. Ол бухгалтерлік есептеуді автоматтандыру құралдарына қосымша ретінде, жоспарлау қызметтерінің жұмысында және т.б. қолданылады. Сондықтан студентті оқытуда математикалық есептеулерді жүзеге асырудың негізі ретінде программаны таңдау оқытудың кәсіби бағыттау принципіне сай келеді.

Excel процессорын қолдану басқа математикалық пәндерді оқудан тәуелсіз, пәнаралық біліктілік қалыптастыру арқылы математиканы оқытуды тәжірибе қызметімен тікелей байланыстыруға мүмкіндік береді. Информатика курсымен «Математика» курсының мына тақырыптары тығыз байланысты бола алады:

- матрицаға қолданылатын амалдар: қосу, матрицаны санға көбейту, матрицаларды көбейту, транспонирлеу, анықтауыштарды және кері матрицаларды есептеу;

- векторлық алгебра есептері: векторлардың скаляр және аралас көбейтінділерін, векторлық көбейтіндінің координаталарын, векторлардың ұзындығын есептеу;

- сызықты теңдеулер жүйелерін Крамер әдісімен, кері матрица әдісімен, Гаусс әдісімен шешу;

- сан тізбегі және шек ұғымдарын иллюстрациялау;

- функцияларды (көбінесе 1 айнымалы) кестелеу және олардың графиктерін сызу;

- функцияларды интерполяциялау;

- анықталған интегралдарды жуықтап есептеу;

- теңдеулерді жуықтап есептеу тәсілдерімен танысу (мысалы, жартылай бөлу әдісі).

«Информатика» және «Математика» пәндерінің мазмұндарын келістіргенде математикалық білімдерді оқытуда алдын алу принципі қолданылды (1-кесте):

- «Математикалық логика және жиындар теориясы элементтері» тарауында логикалық амалдарды оқу EXCEL процессорында тілін логикалық функциялар және қатынас амалдарының және VBA тілін оқу алдында өтеді.

- «EXCEL –де абсолютті және салыстырмалы адресация, формулаларды көшірмелеу» тақырыбын оқу мұның алдында математика курсына өтілген матрицаларға қолданылатын амалдар мысалы негізінде өтіледі, ал ол матрицалармен жұмыс дағдысын бекітуге әсер етеді.;

- EXCEL –дің стандартты функцияларын оқытқанда аналитикалық геометрия есептері мысал ретінде қолданылады (векторлардың скаляр көбейтіндісі; векторлық көбейтіндінің координаталары және векторлардың аралас көбейтіндісі; вектордың ұзындығы, векторлар арасындағы бұрыш), сызықтық теңдеулер жүйесін шешу (Крамер ережесі және кері матрица әдісімен) және т.б..

- EXCEL –де диаграммамен жұмыс істей білу математикалық функциялардың графигін сала білуді қажет етеді, онда мектеп математикасы бойынша білімдері жеткілікті;

(EXCEL –де график нүктелер бойынша салынады, яғни қандай да бір кесіндідегі функция мәндерінің кестесі негізінде).

1–кестеде «Математика» және «Информатика» бағдарламаларын келістіру келтірілген.

(1–кесте)

Математика	Информатика		
